





**ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫ**

*Бұл еңбегімді қазақтың маңдайына  
біткен бақ жұлдыздарының бірі академик  
Жасан Зекейұлының 50 жасқа толуы  
құрметіне арнаймын!*

# ТАУ ТҰЛҒА

I- КІТАП

Семей- 2017

ББК \ ҚАЗ5\  
К17

**А.Ырысбекұлы**

**Тау Тұлға:** Мақалалар. 1-кітап – Семей, «Интеллект». 2017. – 207 бет.

ISBN 978-601-7577-26-1

Бұл жинақ медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик Жасан Зекейұлының елу жасқа толуына орай шығарылып отыр.

Аталмыш еңбекке қазақ зиялылары арасында кең танымал ұлтжанды азаматтың болмыс- бітімі, қабілет- қарымы, білім- білігі, кісілік келбеті жөнінде ой өрбітіп, сыр шертетін эссе жанрындағы ғылыми-публицистикалық мақалалар топтастырылды. Олар қазақ, орыс және латын қарпімен жазылды.

Кітап ғылыми ортаның өкілдері мен ұлт руханияты жанашырларына, сондай-ақ Жасан Зекейұлының өмірінен ғибрат алғысы келетін ықыласты оқырманға арналған.

ББК 63.3 Қаз 5  
Қ 05030209-05

ISBN 978-601-7577-26-1

© А.Ырысбекұлы, 2017  
«Интеллект» баспасы, 2017

## ӘР МАҚАЛАСЫ БІР КІТАП

*(Алғы сөз орнына)*

*Ақылмен ойлап білген сөз  
Бойыңа жұқпас, сырғанар.  
Ынталы жүрек сезген сөз  
Бар тамырды қуалар.  
Хакім Абай*

Кісілік, Тектілік, Азаматтық. Міне, осы үш қасиет алтынға да айырбасталып алынбайды. Бұл тек атаның қанымен, ананың сүтімен ғана беріледі. Егер сол үшеуі бір адамның бойында тоғысса ше, онда ол адамды елдің бағына туды деп байлам жасай беріңіз?!

Өздеріңізге ұсынылып отырған бұл кітаптың кейіпкері-медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик Жасан Зекейұлының бойынан жоғарыда айтылған осы үш қасиетті де көре аласыз.

Жасан Зекейұлы- тағдырлы талант иесі. Ол жас күнінен бастап, елдік мақсат пен ұлттық мүдде ұғымдарын санасына мықтап сіңіріп өскен азамат. Бұл ініміз жоғары оқу орынын қытайда бітіріп, үлкен өмір жолына да сол жақта қадам басты. Алайда, «таудан аққан тас бұлақ құймай қоймас теңізге» дегендей, Жасан атамекені Қазақстанға оралды. Және құр қол емес. Ол Аспанасты Елінің 5 мың жыл тірнектеп жүріп жинаған «Шығыс медицинасы» деп аталатын емшілік ғылымын Ұлы Далаға әкелді. Мұны біздер, қазақ руханиятына Жасанның қосқан зор үлесі мен үлкен олжасы деп білеміз. Ол бүгінгі таңда бұл саланың мәртебелі мектебін де қалыптастырып, «Шығыс медицинасы» деген ұғымды Қазақстанда түпкілікті орнықтырды. Содан бері оның өмірі ұлтының жансаулығы мен денсаулығына тікелей байланысты болып келеді.

Жасанның осы еңбегіне Еуропа ғылыми қауымдастығы Сократ орденін берсе, өз Отаны «ҚР Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік наградасымен марапаттады.

Кітап авторы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі сараптамалық кеңесінің геральдист-сарапшысы, белгілі Алаштанушы Айдын Ырысбекұлы. Ол академик жайлы жазған мақалаларын жинап, жүйелеп, оны кітап етіп, қазіргі күні ел игілігіне ұсынып отыр. Өз кейіпкерімен күнделікті өмірде де етене араласып жүрген

## ТАУ ТҰЛҒА

---

автор: «Жасан Зекейұлы - менің пайымдауымда, ең алдымен ХХІ ғасырдағы көрнекті қазақ зиялыларының бірі деп айтуға толық лайық тұлға!» дейді. Бұл әрине, жай сөз, жадағай түйін емес, бұл сөз-жазуы мен білімін қабыстыра білген әрі өз кейіпкері жайында кең толғап, терең зерттеген ғалымның сөзі.

Автор жазып отырған тақырыбынан ауытқып, ауа жайылмай, сол төңіректе еркін көсіледі және кейіпкерінің сан түрлі қырларын қыруар дерекпен, мол мәліметпен дәйектеп, ұқтырып отырып түсіндіреді. Бұл сөздің сырын ұғатын, қаламның қадірін білетін адамның шеберлігі.

Кітап авторы біраздан бері бойына сіңіріп жүрген ойларын жүрек сүзгісінен өткізіп, өзінің аға-досы Жасан Зекейұлының бірегей бітімі мен азаматтық тұлғасын таразылайтын қызғылықты да қыруар көзқарастар қорыта алған. Сондықтан да автордың ой-тұжырымдары көркем кестеленіп, шынайылықпен өрілген. Кітаптың тілі шұрайлы, мазмұны мәнді және тарихи құндылығы да жоғары. Автор кейіпкерінің тұлғалық бейнесін ашып, оның елдік, мемлекетшіл биік санасы жайын ортаға салады. Бұл - жанашыр жанның ойындағысын тағылымды етіп айта біліп, тартымды етіп жаза білген жан тебіренісі мен толғаныстары жайлы эсселері.

Аталмыш кітап, жұртшылыққа игілікті істерімен үлгі болып келе жатқан Жасан Зекейұлының елу жылдық мерейтойына тұспа-тұс жарық көріп отыр. Айдын ініміз бұл еңбегіне «Тау тұлға» деп айдарлы ат қойып, оны Жасан ағасының елу жылдығына байғазы ретінде жолдапты.

Расында да, Жасан Зекейұлы «30-да орда бұзып, 40-да қамал алып» дегендей, осы екі кезеңді жасын да өте ұтымды пайдаланып, соның арқасында міне, ердің жасы- 50-ге де абыроймен, еңбекпен жетті. Енді оның халыққа беретіні тіптен молая түсетіні анық.

Сонымен, әр мақаласы бір кітапқа татитын авторымыз өз таным-түсінігі арқылы ағасына деген көшелі інілік ілтипатын білдіріп, Жасан Зекейұлындай көпке танымал тұлғаның адами келбеті мен саяси портретін жасауға талпыныс жасады.

Енді мұны, академиктің ғұмыр тіршілігінің бәрін қамтып түгендейтін монографиялық зерттеудің басы деп ұғыңыз.

Әрине, бұған баға беру - сіздің еншіңізде, қадірлі оқырман!

**Жандарбек Мәлібеков**  
**Қазақстан Республикасының**  
**Мемлекеттік Елтаңбасының авторы**

**АЛТЫН ИНЕ ҰСТАҒАН АЛТЫН ЖІГІТ**  
(Шинагер Жасан Зекейұлы жайлы мөлтек сыр)

*Ешбір табиғи байлықтарсыз да,  
мемлекетті қуатты етуге болады.  
Елдің басты байлығы - адам. Мемлекет тек  
сол адамдардың талантын ашудың негізін жасау керек.  
Маргарет Тэтчер*

XX ғасыр – қазақ халқының отарлық зардабын ең көп тартқан қасіретті ғасыры. Сол бір зобалаң шақта (1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1921-22-31-33 жылдардағы ашаршылық, 1937-38 жылдардағы репрессия) тағдыры аса зауалды болған қазақ ұлты бүгінде азаттыққа әупірімдеп қол жеткізді. Зарзаманның соңынан өртеңге өскен көк шөптей бақзаман келді. Санамыздағы мұздақтар еріп, жүрегіміздегі тоңдар жібіп, көңіліміздегі шерлер тарқады. Көлге аққуымыз қонып, шөлге дуадағымыз оралды. Түтініміз түзу ұшып, еліміз еңсесін көтерді. Тәубә!

Алайда, сонау бір жылдары қызыл отаршылдардың қысымына шыдамай, көрші елдерге ауып кеткен қазақтың саны 5 000 000 -нан асатыны, шекара сыртында қалған сол қандастарымыз - жалпы ұлтымыздың 3\1 екені бәрімізге де белгілі.

1991 жылы азаттыққа қол жеткізген Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев дүниежүзіне тарыдай шашырап кеткен сол бауырларымызды Көк Тудың астына жинап, басын біріктіре бастады. Содан кейін-ақ, жан-жақтан андыздаған қазақ көшінің айпарасы асып-тасыды. Ең алдымен, өздерінің тарихи Отаны - Қазақ мемлекетін ғасырлар бойы армандаған ұлттық рухтағы зиялы қазақтар келді, әрине. Міне, сол алғашқы топтың, тағдыр тезінен жентектеліп өткен алмастай жарқыраған ерекше топтың ішінде кімдер жоқ дейсіз? «Өзегінді үзе сүй өз еліңді» - деген зор мақтанышпен қазақ руханиятына үлкен олжа болып қосылған шоқтығы биік сол азаматтардың әрқайысысы бүгінде әр салада үздік шығып жүр. Олардың «елім» деп соққан жүрегі мен тілегі, еңбекқорлығы мен іскерлігі, әділдік пен ақиқат үшін батылдық танытатын қайсарлығы кеңес өкіметінен құқайды әбден көрген біздерге үлгі-өнеге бола бастады.

Солардың бірі және бірегейі - медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик Жасан Зекейұлы. Қазақта жасы үлкенді атын тура атамай, жылы лебізбен пәленшеке, түгеншеке дейтін бір жақсы әдет бар ғой. Мен де осы үрдіспен Жасан ағаны «Жәке» - деп атағанды жөн санадым.

Өзінің жансебіл ізденісінің, айрықша қабілетінің арқасында ел-жұртының қошеметі мен ілтипатына бөленіп келе жатқан «Жасан» атты кішіпейіл де мейірбан жан туралы бұрындары сыртынан талай естісем де, ол кісіні алғаш рет 2015 жылдың 5 желтоқсаны күні көрдім. Мені белгілі жазушы әрі аудармашы Дәурен Ғалымжанұлы деген бауырым Алатаудың етегінде орын тепкен «Жас-Ай» медициналық орталығының бас ғимаратына ертіп апарып, Жәкемен арнайы кездестірді. Бұл бір сәті түскен күн болды. Ол кісі өте таза пейілмен қарсы алып, лайықты құрмет пен жоғары адамгершілік көрсетті. Ағамыз кісімен пікірлесе білетін, адамды өзіне ұйытып, елітіп, жүрегіне жақын тарта сөйлесетін иман жүзді жан екен, бірден ескі таныстай қауыша амандасып, әңгімелесіп кеттік. Жәкеңнің сөйлеу мәнері, өзін-өзі ұстауы, тіпті, отырған орнының да өзі көрер көзге оқшауланып тұрды.

Кейіннен, бұл кісі туралы ойтолғаққа берілгенде, осы бір абзал азамат есімінің астарында қаншама тарих пен сыр тұнып, қаншама естен кетпес естелік жатқанын сезіне бастадым.

Иә, Жәкеңнің үлкен жүрегі, өмірді терең білетіндігі, айтқан сөзі мен ісінің қабысатындығы, не нәрсеге де әділ баға бере алатындығы мені өзіне тәнті етті. Сондықтан болар, мен ол кісіге жақындай түстім. Сөз арасында: «Айдын, қаласаң мен сені қызметке алайын!»,- деп бір ойдың шетін шығара нықтап қойды. Сол кездесуден соң Жәкеңмен «тонның ішкі бауындай» көңіліміз жарасып, біріміз ақылшы аға, біріміз қолтықтан сүйер іні болып кеткендейміз, әрі қарай бүгінгі күндерге дейін жолдастығымыз жарасып жүре берді.

Мен біраз жылдар әкімдікте, саяси партияда жауапты қызметтер атқарып, аздаған тәжірибе жинаған едім. Талай басшымен де істес болдым. Сонда байқағаным: солардың көпшілігіне жұмыстары ұнамай ма немене, әйтеуір, басың қайсы десең, аяғын көрсетіп, мәңгіріп жүретін?! Ал, алды-артын болжап, бастаған ісінің бас-аяғын қымтап жүретін басшылар менің өмір жолымда тым сирек ұшырасты: біріншісі - 2004-2012 жылдары Семей қалалық мәдениет басқармасының бастығы болған Құсмілия Нұрқасым да, екіншісі - Жасан Зекейұлы дер едім.



Жалпы «Жас-Ай» медициналық орталығы» Алматы қаласындағы көрнекті де іргелі ұжым болып саналады. Жәкең сол ұжымдағы біраз халықты да басқарып отыр. Бүгінде, халық басқаруды халықтың төбесінен жүру деп қарайтын басшылар аз дейсің бе? Ал, Жәкең керісінше, халықты өзінің төбесінен жүргізеді. Яғни, қол астындағылардың мұқтажына мұқият үңіліп, оны шешу, адам басына түскен тауқыметке түсіністікпен егіле қарау және соны жеңілдетуге зәредей болса да ықпал ету - бұл нағыз азамат басшыға ғана тән қасиет! Өйтпесе, Жәкеңнің басында бір адамға жетерлік мәнсап та, байлық та, атақ та жетерлік. Бірақ қашан көрсен де, ол кісі бір қалпынан аспайды, асқақтамайды, мақтан қумайды, басқаға қиянат жасамайды, барша жақсылықты бойына қанағат тұтып жүре береді екен. Сол үшін де халық оны жақсы көреді!

Ұлтымыздың ұлы ақылгөйі Шаһкәрімнің өзіне ұстаз болған немістің кеменгері Шопенгауэр: «Ни слава, ни богатства, ни служебное положение не приносит счастье. Настоящее счастье – это любовь народа!» - деп айтқаны бекер емес қой.

Біздер көп жағдайда: «Пешенеге жазылған тағдыр немесе құдайдың бұйрығы осы» деп бәтуә айтып жатамыз ғой. Бірақ, құдайдың сол бұйрығының артында пенденің әрекеті тұратынын есте есімізге де алмаймыз. Ал, көне қытай мақалында: «Адамдар тағдыр солай шығар!» - деп, өзін-өзі жұбатып жатады. Ал, шын мәнінде тағдыр деген- адамдардың өмірде өздері жіберіп алған қателіктерінің жиынтығы» - дейді. Ендеше, тағдыр солай деп шарасыздық танытудың түкке де қажеті жоқ. Тіпті, жатқан тастың да астына қозғамасаң су кірмейтіндігі сияқты, дәл қазір аңқасы кепкен Алаш баласына жаңбырдай жаңашылдық керек, әрекет керек. Өйтпесе, арыс-арамзалардың тым көбейіп кеткенінен, өтіріктерге белшесінен батқан қазақ қоғамының күллі құрылымы борсып барады. Әлемді нәрлі ойымен сусындатқан Шығыс халықтарының ұлы шайыры Сағди: «Бадахшамның лағыл тасын сындыру оңай. Ал, сындырып алған екенсің, оны қайта біріктіріп көрші, біріктіре алмайсың!» деп, адамның арын лағыл тасқа теңеген. Сондықтан «жаным-арымның садағасы» -деп, туған халқының алдындағы перзенттік борышын адал орындап жүрген Жәкеңдей адамды нағыз адам деп атауға әбден болады деп ойлаймын.

Бұл ағамыздың ұлт қызметіндегі және ғалым ретіндегі ерен еңбектерінің өзі толық зерттеуді қажет етеді. Өйткені жұртшылық онымен әлі етене таныса қойған жоқ. Олай деуімнің сыры: мен өзім

де Алаш идеясына белгілі бір деңгейде көңіл бөліп және оны зерттеумен 21 жылдай айналысып келе жатқан жанмын. Сондықтан да, зерттеуші-ғалым адамдардың жұмыстарынан біршама хабарым бар. Мысалы, бал арасы бал жинау үшін, шамамен 80-дей гүлге қонады екен. Ғалымдар да дәл сол бал арасы тәрізді, бір ғылыми мақала жазу үшін бірнеше кітап оқиды. Содан үйрену арқылы білімге қол жеткізеді, халыққа қажетті туындыны дүниеге әкеледі. Бидайдың сабағы не үшін төмен салбырап тұратынын білесіз бе? Себебі, оның басында піскен дән бар. Адамдар да солай, білімі артқан сайын, кеуде кермейтін кішіпейіл болады.

Ал енді, Жәкеңнің негізгі саласы – «Шипагерлік» іліміне қарай ойысайын.

Шипагерлік - «қозы бұты, қой саны» дейтіндей кәсіп қана емес, ол адам бойындағы рухты күшейтудің және күш-қуатты ағзаға қайта оралтудың үлкен мектебі де. Бұл мектептің өз алдына бір төбе кемел медициналық ғылыми жүйесі мен ғылыми атауы да (*терминологиясы*) бар.

Егер де, тарихқа зер сала қарасак, X-XV ғ.ғ. Орталық Азияда өте жоғары деңгейде дамыған медициналық білім орталықтары көп болған көрінеді.

Мәселен, Ұлы Әмір Темірдің (1333-1405 ж.ж.) өзі жазған өмірбаянында 1354 жылы қатты сырқаттанып қалғаны, оны Самарқанның шипагері анардың шырынымен емдей алмай, Түркістанның шипагері қан алып, айықтырып жазғаны туралы дерек келтірген. Бұл адамның дәл сол тұстағы ең атақты шипагер Өтейбойдақ болуы да ғажап емес. Өйткені оның есімі сол тұстағы қытай, ресей ғұламалары мен патшаларына да белгілі болған.

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы – XIV-XV-ғ.ғ. өмір сүрген, 5000-ға жуық кеселді қандай шөппен қалай емдеуге болатыны жөнінде үш жарылғы, жеті кітаптан тұратын тұңғыш «Шипагерлік баян» атты жойқын қолжазбаның туындыгері (*авторы*).

Осы «тұңғыш» деген атам қазақтың сөзінде ғажап салмақ бар да, ал оның салмағында өлшем жоқ екен. Бұдан табаны күректей бес ғасыр бұрын жазылған осы қолжазбаның 707 бетінде: «Шешек ел басына торғай қаққан тарыдай қырғын салған бір жылы» ел қамы үшін, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылған шипагер жар құлағы жастыққа тимей, тәжірибеден тәжірибе жасап жүріп, ақыры шешек суын табады. Табу жолы да аса қарапайым: «Баланың шешек іріңін алып, тананың шап терісін тіліп, қан шыққан соң жағады. Ол жер бір

жұмадан кейін, жұдырықтай болып томпады. Томпақты жарып, камсек қурай қуысымен бүйрек қабына құйып, оны күн тимейтін салқын орынға қояды да, ағашты қаламдай үшкірлеп, шешек баланың білегіне жағып, жаққан жерді инемен сызып қойса болғаны» - дейді. (Б.Нұржекеұлы, «Жүз тұңғыш», 1-ші кітап, 177-195 б.б)

Яғни, 1796 жылы шешекке қарсы вакцина егіп, оның бір шыққан адамға енді қайтып шықпайтынын дәлелдеген және қазіргі медицинада «бұл ғылымның атасы» деп жүрген ағылшын шипагері Эдуард Женнерден 350 жыл бұрын бұл тәсілді қолданған Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы деуге толық негіз бар.

1981 жылы Москвада шыққан үлкен медициналық энциклопедияда (17-том, 464-бет) шешекке қарсы егу Шығыс мемлекеттерінде көне заманнан болғаны туралы да айтылады.

(Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының басына қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданындағы Шалкөде жайлауының төріндегі Айқайтастың бөктеріне құлыптас қойылған).

Жалпы шипагерлік және Өтейбойдақ атамыз туралы аз-кем айтып кеткеніміздің де өзіндік себептері бар.

Жәкең 2004 жылдан бастап, Қазақстан халық емшілері Қауымдастығының «Құрметті мүшесі», «Өтейбойдақ», «Гиппократ» медальдарының иегері. 2009 жылы Тараз қаласында өткен қазақтың ғалым-емшісі «Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы атындағы VI Халықаралық Конгресте «үздік зерттеуші-ғалым, емші» деген наградмен марапатталды. Яғни, бұл ғұлама ғалыммен арада 30 ата аралап кетсе де, ХХІ ғасырға аяқ басқан ұрпақ үшін, кешегі Өтекеңнің бүгінгі заңды ізбасарларының бірі - Жәкең деп айтуға болатын шығар. Ол атамыз қара үзген шипагер адамнан шығатын тердің өзін: «Тер қасқаңғы, тер жастанғы, тер астарлы, тер жасқарлы, тер бастаңғы, тер саспалы, тер қашпалы, тер тастаңғы, тер майланғы» деп тоғыз түрге бөледі екен. (қолжазба, 3559 – бет)

Міне, сондықтан да, «бірінші байлық - денсаулық» - деп, адам баласының жаны мен тәнінің жарасын емдеп, жазу үшін, тер төгіп жүрген шипагерлерімізді көздің қарашығындай сақтайық, өйткені олардың амандығы деген - Сіз бен біздің кепілдігіміз емес пе?!

Иә, ағайын! Көкірегі ояу, шалымды ғалым Жәкең, өзінен басқа да шипагер-әріптестерін: «Мейлі мен, мейлі сен, мейлі ол болайық, ұлт денсаулығы жолында бір із, бір тілектеміз!» - деген қағиданы аманаттай ұстануға шақырады!

*«Жас- Ай» журналы №6 (40) 2016 ж.*

**ALTIN İNE USTAĞAN ALTIN JİĞİT**  
(Şipager Jasan Zekey`ulı jay`lı möltek sır)

*Eşbir tabiği bay`lıqtarsız da,  
memleketti qwatti etwge boladı.  
Eldiñ bastı bay`lğı -adam. Memleket tek  
sol adamdardıñ talantın aşwdıñ negizın jasaw kerek.  
Margaret Tétçer*

XX ғasıр – qazaq xalqınıñ otarlıq zardabın eñ köp tartqan qasiretti ғasıрı. Sol bir zobalañ şaqta (1916 jılğı ult-azattıq köterilis, 1921-22-31-33 jıldardağı aşarşılıq, 1937-38 jıldardağı repressiya) tağdırı asa zawaldı bolğan qazaq ultı büginde azattıqqa äwpirimdep qol jetkizdi. «Zarzamannıñ» soñınan örteñge ösken kök şöptey` «baqzaman» keldi. Sanamızdağı muzdaqtar erip, jüregimizdegi toñdar jibip, köñilimizdegi şerler tarqadı. Kölge Aqqwımız qonıp, şölge dwadağımız oraldı. Tütinimiz tüzw uşıp, elimiz eñsesin köterdi». Täwbä!

Alay`da, sonaw jıldarı qızıl otarşıldardıñ qısına şıdamay`, körşi elderge awıp ketken qazaqtıñ sanı 5000 000 -nan asatını, şekara sırtında qalğan sol qandastarımız - jalpı ultımızdıñ 3/1 ekeni bärimizge de belgili. 1991 jılı azattıqqa qol jetkizgen Täwelsiz Qazaqstan memleketi dññejüzinde tarıday` şaşırıp jürgen sol bawrlarımızdı Kök Twdıñ astına jınap, basın biriktire bastadı. Sodan key`in-aq, jan-jaqtan andızdağan qazaq köşiniñ ay`parası asıp-tasıdı. Eñ aldımın, özderiniñ tarixi Otanın, Qazaq memleketin ғasıрlar boy`ı armandağan patriottıq rwxtağı ziyalı qazaqtar keldi, ärine. Sol alğaşqı toptıñ, tağdır tezinen jentektelip ötkin, almastay` jarqırağan erekşe toptıñ işinde kimder joq dey`siz? «Özeğiñdi üze süy` öz eliñdi» - dep kelip, qazaq rxwaniyatına ülken olja bolıp qosılğan şoqtığı biik osı azamattardıñ ärqay`ısuı büginde, är salada üzdik şıǵıp jür. Olardıñ «ELİM» degen jürekjardı süy`ispensiligi, eñbekqorlıǵı men bilimdiligi, iskerlik, uy`ımdastırw qabileti, ädildik pen aqıqat uşın batıldıq körsetetin qay`sarlıǵı Keñes ökimetinen quqay`dı äbden körgeñ bizderge ülgı-önege bola bastadı. Solardıñ biri jäne biregey`i - medicına ǵılımdarınıñ doktorı, professor, akademik Jasan Zekey`ulı. Qazaqta jası ülkendi atın twra atamay`, jılı lebizben pälenşeke, tügenşeke dey`tin bir jaqsı ädet bar ǵoy`. Men de osı ürdispen Jasan aǵanı «Jäke» -dep ataǵandı jön sanadım.

Öziniñ jansebil izdenisiniñ, ay`rıqşa qabileтиниñ arqasında el-jurtınıñ qoşemeti men iltipatına bölünip kele jatqan «Jasan» attı kışipey`il de mey`irban jan twralı burındarı sırtınan talay` estisem de, ol kisini alğaş ret 2015 jıldıñ 5 jeltoqsanı küni kördim. Meni belgili jazwşı äri awdarmaşı Däwren Ğalımjanulı degen bawırım Alatawdıñ eteginde orın tepken «Jas-Ay`» Şıǵıs medıcinalıq ortalıǵınıñ bas ğımaratına ertip aparıp, Jäkeñmen arnay`ı kezdestirdi. Bul bir säti tüsken kün boldı. Ol kisi öte taza pey`ilmen qarşı alıp, qurmet, joǵarı adamgerşilik körsetti. Aǵamız kisimen pikirlese biletin, adamdı özine uy`ıtıp, elitip, jüregine jaqın tarta söy`lesetin iman jüzdi jan eken, birden eski tanıstay` qawışa amandasıp, äñgimesip kettik. Birden bay`qağanım: söy`lew mäneri, özin ustawı, kigen küimi, jürgen jürisi, tipti, otrǵan ornınıñ da özi körgen közge oqşawlanıp turadı. Eñ bastısı- altın ine ustaǵan altın qoldı şıpager jäne birk parasat iesi bolwımen qatar, ultına qaltqısız qızmet etip kele jatqan qoǵam qay`ratkeri, bilgir başı da. Bul kisi twralı oy`tolǵaqqı berilgende, osı bir abzal azamat esiminiñ arǵı astarında qańşama tarıx, qańşama sır tunıp, qańşama esten ketpes estelik jatqanın birden sezine bastay`dı ekensin.

İä, Jäkeñniñ ülken jüregi, ömirde tereñ biletindigi, ay`tqan sözinde turatındıǵı, är waqıtta bolǵan şarwaǵa ädil baǵa bere alatındıǵı meni özine tänti etti. Sondıqtan da men ol kisige jaqınday` tüstim. Söz arasında: «Ay`dın, qalasañ men seni qızmetke alay`ın!», - dep bir oy`dıñ şetin şıǵara nıqtap qoy`dı. Sol kezdeswden key`in «tonniñ işki bawınday`» köñilimiz jarasıp, birimiz aqılşı aǵa, birimiz qoltıqtan süy`er ini bolıp ketkendey`miz, äri qaray` bügingi künderge dey`in joldastıǵımız jarasıp jüre berdi.

Men biraz jıldar äkimdikte, sayası partıyada jawaptı qızmetter atqarıp, azdaǵan täjiribe jınaǵan edim. Talay` başsimen istes te boldım. Solardıñ köpşiligi jumıstarı unamay` ma, nemene, äy`tewir basıñ qay`sı deseñ, ayaǵın körsetip, mäñgirip jüretin. Al, aldı-artın boljap, bastaǵan isiniñ bas-ayaǵın qımtap jüretin başsılar meniñ ömir jolımda tım serek uşırastı: birinşisi – 2004-2012 jıldarı Semey` qalalıq mädeniät basqarmasınıñ bastıǵı bolǵan Qusmilıya Nurqasım da, ekinşisi-Jasan Zekey`ulı der edim.

Jalpı «Jas-Ay`» Şıǵıs-Tıbet medıcinalıq ortalıǵı» Almatı qalasındaǵı körnekti de irgeli ujım bolıp sanaladı. Jäkeñ sol ujımdaǵı biraz xalıqtı da basqarıp otır. Büginde, xalıq basqarwdı xalıqtıñ töbesinen jürw dep qaray`tın başsılar az dey`siñ be? Al, Jäkeñ kerisinşe, xalıqtı öziniñ töbesinen jürgizedi. Naqtıraq ay`tqanda, qol astındaǵılardıñ muqtajına muqıyat üñilip, onı şeşw, adam basına tüsken tawqımetke tüsinistikpen

egile qaraw jāne sonı jeñildetwge zāredey` bolsa da ıqpal etw bul nağız azamat bassıǵa ğana tān qasiet şıǵar. Äy`tpese, Jākeñniñ basında bir adamǵa jeterlik mānsap ta, bay`lıq ta, ataq ta jeterlik. Biraq, qaşan körseñ de, ol kisi bir qalpınan aspay`dı, asqaqtamay`dı, maqtan qwmay`dı, basqaǵa qıyanat jasamay`dı, barşa jaqsılıqtı boy`ına qanaǵat tutıp jüre beredi eken. Sol üşin de xalıq onı jaqsı köredi. Ultımızdıñ ulı aqılǵöy`i Şahkärimniñ özine ustaz bolǵan nemistiñ kemeñgeri Şopengawér: «Nı slava, nı bogatstva, nı slwjebnoe polojenıe ne prınosıt şçast'e. Nastoyaşsee şçast'e – éto lyubov' naroda!» -dep ay`tqanı beker emes qoy`.

Bizder köp jaǵday`da: «Peşenege jazılǵan taǵdır nemese quday`dıñ buy`rıǵı osı» dep bätwä ay`tıp jatamız ğoy`. Biraq, quday`dıñ sol buy`rıǵınıñ artında pendeniñ äreketi turatınmın äste esimizge de almay`mız. Al, köne qıtay` maqalında: «Adamdar taǵdır solay` şıǵar!»-dep, özin-özi jubatıp jatadı. Al, şın mäninde taǵdır degen- adamdardıñ ömirde özderi jiberip alǵan qatelikteriniñ jüntıǵı» -dey`di. Endeşe, «taǵdır solay`» dep şarasızdıq tanıtwdıñ tükke de qajeti joq. Tipti, jatqan tastıñ da astına qozǵamasañ sw kirmey`tindigi sıyaqtı, däl qazır añqası kepken Alaş balasına jañbırday` jañaşıldıq kerek, äreket kerek. Äy`tpese, arsız-aramzalardıñ tım köbey`ip ketkeninen, ötirikterge belşesinen batqan qazaq qoǵamınıñ külli qurılımı borsıp baradı. Älemdi nārli oy`ımen swsındatqan Şıǵıs xalıqtarınıñ ulı şay`ırı Saǵdı: «Badaxşamniñ laǵıl tasın sındırw oñay`. Al, sındırıp alǵan ekensiñ, onı qay`ta biriktirip körşi, biriktire almay`sıñ!» dep, adamniñ arın laǵıl tasqa teñegen. Adam öziniñ az ömirinde arǵa daq tūsirmey` ötkizwi abzal. Yaǵnı, ar jolınan awıtqımay`, ardı kirşiksiz taza ustaǵan adamdı - «nağız adam» degendi meñzey`di. Sondıqtan, «janım-arımniñ sadaǵası» -dep, twǵan xalqınıñ aldındaǵı perzenttik borışın adal orındap jürgen Jākeñdey` adamdı nağız adam dep atawǵa äbden boladı dep oy`lay`mın. Bul aǵamızıñ ult qızmetindegi jāne ğalım retindegi eren eñbekteriniñ özi tolıq zerttedi qajet etedi, öy`tkeni, jurtsılıq onimen äli etene tanısa qoy`ǵan joq. Olay` dewimniñ sıruı, men özim de Alaş ideyasına belgili bir deñgey`de köñil bölip jāne onı zerttewmen 21 jılday` ay`nalisıp kele jatqan janmın. Sondaqtan da, zerttewşi-ǵalım adamdardıñ jumıstarınan birşama xabarım bar. Mısalı, bal arası bal jınaw üşin, şamamen 80-dey` gülge qonadı eken. Ğalımdar da däl sol bal arası tärizdi, bir ğılımı maqala jazw üşin birşama kitaptar oqıdı. Üy`renw arqılı bilimge qol jetkizedi. Bıday`dıñ sabaǵı ne üşin tömen salbırıp turatınmın bilesiz be? Sebebi, onıñ basında dān bar! Adamdar da bilimi artqan say`ın, kewde kermey`tin kişipey`il boladı.

Endi, Jäkeñniñ negizgi salasına qaray` oy`issam ba, dey`min!/? Şipagerlik - «qozı butı, qoy` sanı» dey`tindey` käsip qana emes. Şipagerlik - adam boy`ındağı rwxtı küşey`twdiñ jäne küş-qwattı aǵzaǵa qay`ta oraltwdiñ ülken mektebi de. Ol mekteptiñ öz aldına bir töbe kemel medicınalıq ǵılımi júy`esi men ǵılımi atawı da (*terminologiyası*) bar.

Tarıxqa zer sala qarasaq, X-XV ǵ.ǵ. Ortalıq Aziyada öte joǵarı deñgey`de damıǵan medicınalıq bilim ortalıqtarı köp bolǵan eken. Ulı Āmir Temirdiñ (*1333-1405 j.j.*) özi jazǵan ömirbayanında 1354 jılı qattı sıraqattanıp qalǵanı, onı Samarqanıñ şipageri anardıñ şırımimen emdey` almay`, Türkistanniñ şipageri qan alıp, ay`ıqtırıp jazǵanı twralı derek keltirgen. Bul adamniñ däl sol tustaǵı eñ ataqtı şipager Ötey`boy`daq bolwı da ǵajap emes. Öy`tkeni, onıñ esimi Qıtay`, Resey` ǵulamaları men patşalarına da belgili bolǵan. **Ötey`boy`daq Tilewqabilulı** – XIV-XV-ǵ.ǵ. ömir sürgen, 5000-ǵa jwıq keseldi qanday` şöppen qalay` emdewge bolatını jöninde üş jarılǵı, jeti kitaptan turatın **tuñǵış «Şipagerlik bayan»** attı joy`qın qoljazbanıñ twındıǵeri (*avtorı*).

«Tuñǵış» degen atam qazaqtıñ osı bir sözinde ǵajap salmaq bar da, onıñ salmaǵında ölsem joq» desek te, budan tabanı kürektey` bes ǵasır burın jazılǵan osı qoljazbanıñ 707 betinde: «Şeşek el basına torǵay` qaqqan tarıday` qırǵın salǵan bir jılı» el qamı üşin, kündiz külki, tünde uy`qıdan ay`ırılǵan şipager jar qulaǵı jastıqqa tımey`, täjiri`beden täjiri`be jasap jürip, aqırı şeşek swın tabadı. Tabw jolı da asa qarapay`ım: «Balanıñ şeşek iriñin alıp, tananıñ şap terisin tilip, qan sıqqan soñ jaǵadı. Ol jer bir jumadan key`in, judırıqtay` bolıp tompıadı. Tompaqtı jarıp, qamsek qwray` qwısımen büy`rek qabına quy`ıp, onı kün tımey`tin salqın orıńǵa qoyadı da, aǵaştı qalamday` üşkirlep, şeşek balanıñ bilegine jaǵıp, jaqqan jerdı inemen sızıp qoy`sa bolǵan» -dey`di. (*B.Nurjekeuli, «Jüz tuñǵış», 1-şi kitap, 177-195 b.b*) Yaǵni, 1796 jılı şeşekke qarsı vakkına egip, onıñ bir sıqqan adamǵa endi qay`tıp sıqpay`tının дәleldegen jäne qazirgi medicınada «bul ǵılımnıñ atası» dep jürgen aǵılşın şipageri Édward Jennerden 350 jil burın bul täsildi qoldanǵan Ötey`boy`daq Tilewqabilulı dewge tolıq negiz bar.

1981 jılı Moskvada sıqqan ülken medicınalıq énciklopediyada (*17-tom, 464-bet*) şeşekke qarsı egw Şıǵıs memleketterinde köne zamannan bolǵanı twralı da ay`tıladı.

(*Ötey`boy`daq Tilewqabilulınıñ basına qazirgi Almatı oblısı, Ray`imbek awdanındaǵı Şalköde jay`lawınıñ törindegi Ay`qay`tastıñ bökterine qulıptas qoy`ılǵan*).



Jalpı ŧipagerlik jäne Ötey`boy`daq atamız twralı az-kem ay`tıp ketkenimizdiñ de özindik sebepteri bolıp tur. Jäkeñ 2004 jıldan bastap, Qazaqstan xalıq emşileri Qawımdastıǵınıñ «Qurmetti müşesi», «Ötey`boy`daq», «Gippokrat» medal`darınıñ iegeri. 2009 jılı Taraz qalasında ötken qazaqtıñ ğalım-emşisi «Ötey`boy`daq Tilewqabilulı atındaǵı VI Xalıqaralıq Kongreste «Üzdik zerttewşi-ğalım, emşi» degen nagradamen marapattaldı. Yaǵnı, bul ğulama ğalımnen arada 30 ata aralap ketse de, XXI ğasırǵa ayaq basqan urpaq üşin, keşegi Ötekeñniñ bügingi zañdı izbasarlarınıñ biri- Jäkeñ dep ay`twǵa bolatın şıǵar. Ol atamız qara üzgen ŧipager adamnan şıǵatın terdiñ özin: «ter qasqañǵı, ter jastañǵı, ter astarlı, ter jasqarlı, ter bastañǵı, ter saspalı, ter qaşpalı, ter tastañǵı, ter may`lanǵı» dep toǵız türge böledi eken. (*qoljazba, 3559 – bet*)

İä, «deni sawdıñ- janı saw, birinşi bay`lıq-densawlıq»-dep, nawqas adamdardı emdep-sawıqtırw üşin ter tögip jürgen ŧipagerlerimizdi közdiñ qaraşıǵınday` saqtay`ıq. Olardıñ amandıǵı-Siz ben bizdiñ kepildigimiz emes pe?

Kökiregi oyaw, şalımdı ğalım Jäkeñ, özinen basqa da ŧipager-äriptesterin: «mey`li men, mey`li sen, mey`li ol bolay`ıq, ult densawlıǵı jolında bir iz, bir tilektemiz!» -degen qaǵıdanı amanattay` ustanwǵa şaqıradı!



## ЗОЛОТОЙ ДЖИГИТ ЗОЛОТОЙ ИГЛОЙ

*(Слово о целителе Жасане Зекейұлы)*

XX век – это век, лёгший тяжелым бременем колониального гнёта на плечи казахского народа. Вот на это время пришлось национально – освободительное восстание, голодомор 1921-22, - 31-33 годов, репрессии 1931-1933 г.г. Сегодня казахская нация со сложившейся трагически судьбой с великим трудом добилась свободы. После тяжелых времён с неисчислимыми страданиями наступила для нас эпоха роскошной свободы и счастья, словно тебе густо поросшая трава на палу, выжженной земле. Ледяные крупы в сознании растаяли, мерзлый слой в сердце стал как-то размякать, печалью охваченная душа оттаяла. Вернулись лебеди на озёра, воротились дрофы в пустыни. Дым от труб взвился в небо, страна воспряла духом. Слава тебе, Господи!

Однако, не желая выносить давление красных колонистов более 5 000 000 казахов, подалось в зарубежье, оставив родные пределы, в общем, всем известно, что 6/1 часть нации находится за бугром. В 1991 году Казахстан по обретению Независимости стал собирать соотечественников, рассыпавшихся просом по белу свету, под знаменем цвета синего неба.

Со всех сторон света белого нескончаемой вереницей шёл караван соплеменников на историческую Родину. В первую очередь на Родину возвращались образованные казахи, движимые чувством патриота. Среди них были те, кто прошёл достойно тернистые вёрсты судьбы, кто любил истово своё Отечество, кто в созвездии вошли в мир казахской духовности. И ныне они трудятся самозабвенно в разных отраслях производства и науки на благо Отечества. Их обострённое чувство Родины, трудолюбие, образованность, деловитость, отвага в борьбе за торжество правды для нас являются примером, достойным для подражания. Одним из них является Жасан Зекейұлы, доктор медицинских наук, профессор, академик. У казахов есть обычай обращаться к старшим по возрасту не напрямую по имени, а как-то по-родственному тепло, как Саке, Баке, Таке. И я посчитал, что надо будет и мне обращаться в ключе такого обычая к нему, к Жасану Зекейұлы как к Жэке. Встретился с ним 05 декабря

2015 г. впервые в жизни, хотя и раньше знал в основном понаслышке просто как о человеке, заслужившем доверие и уважение людей за его неустанные поиски и особое трудолюбие, скромность и доброту. Меня повёл к нему известный писатель и переводчик Дәурен Ғалымжанұлы в центр Восточной медицины «Жас-Ай», расположенный у предгорья Алатау. Эта встреча оказалась весьма приятной, удачной. Он встретил нас с особым радушием, продемонстрировал высокую культуру, человечность, общаясь с человеком, умеет располагать к себе, в диалоге донельзя сердечный, постепенно разговорились душевно, как старые знакомые. Для себя обнаружил, что стиль речи, манера держаться, ладно скроенный костюм, безупречная стрелка брюк, стать с подчёркнутым достоинством, даже кресло, на котором сидит, выгодно выделяет его от других. А главное – это целитель, золотые руки с золотой иглой да конкурентоспособный специалист высокой пробы, бескорыстно служащий интересам нации, общественный деятель и толковый руководитель. Предаваясь про себя размышлениям о нём, исподволь начинаешь чувствовать, сколько таится глубинной истории в одном его имени, сколько дорогих его сердцу воспоминаний.

Меня он привлекал магией сердца (*тут нет никакой мистики*), знанием жизни, умением держать слово, обострённым чувством справедливости. Душой, но не заметно для него, потянулся к нему. А между тем, как бы между прочим, он сказал: - Айдын, я бы мог принять тебя на работу. После той встречи мы породнились: он стал для меня старшим братом, а я младшим, готовым поддержать его всегда. Вот по сегодняшней день мы дружим.

Я порядком поработал в акимате, ответственным партийным работником, и приобрёл кое-какой опыт. Приходилось иметь дело с руководителями разного ранга и уровня. Многие из них, то ли работа им не по нраву, то ли что-то иное не по вкусу, находились в издерганном состоянии, подойди к одному из них, справишься у них по работе, получишь ответ, шокирующий тебя алогизмом. Редко когда приходилось встречаться с руководителем, знающим толк в своём деле, прозорливым, способным доводить начатое дело до логически оправданного завершения: один из них в 2004 – 2012 годы Күсмiлия Нұрқасым, работавший начальником городского управления культуры в Семей, второй же – это Жасан Зекейұлы.

В целом, коллектив центра Восточной Медицины «Жас – Ай» среди медицинских учреждений в г.Алматы считается наиболее дружным, сплочённым. Жэке руководит этим известным учреждением. Думаете ли вы, что сегодня перевелись начальники, понимающие по - своему, что руководить сегодня – это рукой водить и ходить по головам людей. А у Жэке всё – наоборот: позволяет людям ходить по его голове. Если быть ещё поточнее, он очень отзывчив на нужды подчинённых сотрудников, решает проблемы в их интересах, готов облегчить участь каждого из них, если что-то из ряда вон выходящее его постигло – это уж, согласитесь, очевидно, черта, присущая настоящему руководителю. По большому счёту, у Жэке есть всё: положение, состояние и добрая слава. И тем не менее он не заносится, не забывается, не причиняет никому никакого вреда. Доволен тем, что сегодня у него есть. Поэтому он пользуется любовью народа. Немецкий философ Шопенгауэр, которого мудрый Шакарим чтит как своего учителя, не зря говорил: *«Ни слава, ни богатство, ни служебное положение не приносит счастье. Настоящее счастье – это любовь народа».*

Во многих случаях, утешая сами себя, глаголем: «Что на роду написано, того не избежать». Однако не держим в памяти то, что за божественным тем предназначением стоит проступок конкретного человека. Тут впору вспомнить известную китайскую пословицу «Видно у него судьба такая», которой, успокаивают люди друг друга. А по правде судьба – это совокупность ошибок, допущенных людьми в жизни. В таком случае нечего пенять на судьбу, расписываясь в собственном бессилии. Общеизвестно, что под лежащий камень вода не течёт. А коли так, то поколению Алаша, испытывающему неутолимую жажду, нужно действовать, делать открытия, предлагать инновации. Иначе вследствие того, что неудержимо стали умножаться лукавые, нечестивые, общество может погрузиться в пучину коррупции. Великий поэт Востока Сағди, питающий столетиями мир нектаром мудрости, говорил: «Не стоит труда разбить сапфир Бадахшама. А если разбил на куски, то попробуй его собрать, склеить». Так он честь человека уподобляет драгоценному камню. Человек в своей краткой, быстротечной жизни должен не запятнать свою честь. Называют настоящим человеком того, кто дорожил честью пуще жизни. Мне-то думается, что Жэке можно по праву назвать настоящим человеком, ибо он по чести выполняет свой

сыновний долг перед народом. Его научные труды ждут своих исследователей, служение народу достойно внимательного изучения, поскольку общественность ещё с ним хорошо не ознакомлена. Всё дело в том, что я и сам на известном уровне работаю над идеей Алаш, вот уже как двадцать один год исследую эту проблему. Поэтому имею представление о работе учёных-исследователей. Кстати, пчела собирая мёд, подлетает примерно к 80 цветам. И учёные, как эта пчела, чтобы написать одну научную статью, перебирают груды литературы. Так добывается знание. Знаете ли, почему колосок верхом клонится к земле. Потому как в нем имеется зерно. Словом, чем человек образованнее, тем он становится скромнее.

Теперь надо бы держать крен на основную сферу деятельности Жасана Зекейұлы. Целительство – это тебе не поле проскакать на белом коне. Целительство – это большая школа, стимулирующая дух и интенсифицирующая энергию организма. У этой школы есть своя научная система и терминология.

Если проследить за историей средней Азии X-XV в. в., то можно без труда обнаружить, что там работало много медицинских центров на достаточно высоком уровне. Имеются сведения, подтвержденные документами, о том, что по биографии великого Тамерлана (1333-1405г.г.), записанной им самим, в 1354 году он тяжело заболел и целитель из Самарканда не смог вылечить его гранатовым соком, его поставил на ноги лекарь из Туркестана кровопусканием. Этим лекарем мог бы быть Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, живший в XIV-XV в.в., потому что его имя было известно всем царям и знаменитым учёным-энциклопедистам Китая и России. Автор фундаментального труда «Шипагерлік баян» («*Записки целителя*»). Труд состоит из 3-х частей, в которых дано около 5 000 рекомендаций по исцелению от разных болезней и употреблению лекарственных травами. Этот научный труд составлен из 7 книг.

У слова «первенец» во мнении казахов есть свой удельный вес, однако нет у его веса своей меры. На 707 странице этой рукописи пять веков тому назад было записано: «За один год оспа косила людей безжалостно. В целях оздоровления больных целитель, работая, не жалел себя ни днём, ни ночью. Одни опыты последовали за другими, и, наконец, поиски увенчались успехом. Находка по структуре своей была скромной: «У оспы ребёнка брали гной, сделали надрез на пахе тёлки, проступает тут кровь, на рану его

содержимое намазывают. Через неделю эта рана набухает. Вздутие распаривают, потом по полости курая содержимое льют в мешочек почки, ставят его на место, защищенное от солнца, затем один конец колышка делают острым, потом им мажут предплечье мальчика, зараженного оспой, теперь достаточно провести иглой линию по намазанному месту». (Б. Нұржекулы «Жүз тұңғыш» 1 книга, стр. 177-195)

Теперь есть достаточно полное основание считать, что не Эдуард Женнер изобрёл вакцину против оспы, а Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, предложивший миру свою вакцину на 350 лет пораньше, чем Эдуард Женнер. В Большой медицинской энциклопедии, изданной в Москве, в 1981 году пишется, что противооспенная прививка проводилась ещё в древности в странах Востока (17 том, 464 стр.).

Установлена надгробная плита на могиле Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, находящейся на джайляу Шалкөде на территории Райымбекского района Алматинской области.

Тут надо признаться, что есть своя причина тому, что повели разговор об Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы. Жәке с 2004 года является Почётным членом Ассоциации народных целителей Казахстана. Награждён медалями «Өтейбойдақ», «Гиппократ». В 2009 году на VI Международном Конгрессе, посвящённом памяти Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, учёный- целитель, был удостоен звания «Лучший учёный – исследователь».

Хотя и прошло по времени 30 поколений Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы для поколения целителей XXI века можно с уверенностью сказать, что был примером, достойным для подражания. Сегодняшним преемником своего знаменитого предшественника является по праву Жасан Зекейұлы.

Подводя некоторые итоги своим раздумьям, хочется сказать: Надо беречь как зеницу око наших целителей, пекущихся о нашем с Вами здоровье и днём, и ночью. Их физическое благополучие – разве не гарантия нашему с вами здоровью.

Всех своих коллег по цеху целителей учёный Жасан Зекейұлы призывает: «То ли я, то ли ты, то ли он, все идём по стезе с одним большим желанием служить верой и правдой благородному делу сохранения и укрепления здоровья нации».

## ҚОР БОЛМАЙДЫ ЖАҚСЫЛАРМЕН ЖАНАСҚАН

*(Елордамызда «Жас-ай» медицина орталығының  
филиалы ашылды)*

*Үйіңді қонақ келетіндей,  
жүрегіңді өлім келетіндей таза ұста.  
халық даналығы*

**...Сары Арқаға сары ала күз енді келіп жетсе де, қара суықтың ызғары сезіледі. Өз уақытынан сәл ертерек түсіп, әр жерден бір көрініп жатқан алақанат қар сілемдері де алдағы болатын қатал қыстың хабаршысындай менмұндалайды.**

**Сонда да бүгінгі күннің жылылық тартар лебі көңілдерді көтергісі келетіндей ерекше бір әсерге бөлеп тұр...**

Иә, табиғаттың ауа райы тәрізді өмір дегеннің де шуағы мен дауылы, қайғысы мен сауығы, жеңілі мен ауыры қатар алмасып жатады. Оның осы бір ауыспалы сәтіндегі мінездерімен күресіп жеңе білгендер де, жеңіліп, жетегінде кеткендер де баршылық. Ал, Жасан ағамыз болса, солардың алғашқысына қосылады.

Ағымдағы жылдың 26 қазаны күні түскі сағат 12.00-де «Жас-Ай» медицина орталығының Астана қаласындағы филиалының ресми ашылу салтанаты басталды. «Кілең жылмиған жүйрік, тайпалған жорға» дегендей, Астананың орталық көшелерінің бірі саналатын Күйші Дина көшесіндегі 37/1 үйде орын тепкен ғимаратта республика облыстарынан, алыс-жақын шетелдерден келген қонақтар, жергілікті зиялы қауым өкілдері бір-бірімен иін тіресе амандасып, бір-біріне құтты болсын айтып жатты. Осылайша абыр-сабырмен арқа-жарқа болып жатқан жұрттың үстіне «Жас-Айдың энұраны» орындалып, жиналғандар ән әуенін бір кісідей құмыға тыңдады. Сәлден соң ғимараттың қас бетіндегі кіреберісті қаумалаған жұрттың алдына «Хабар» телеарнасының жүргізушісі Нұрсұлтан бауырымыз шығып, бүгінгі ашылу салтанатының межелі уақыты таянғанын қуана жеткізді: *«Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Мен әлемнің әр қиырындағы қазақ жастарын атамекенде оқуға әрі қазақ елінде қызмет етуге шақырамын. Қазір жаңа дәуірге қадам басқан Қазақстанға Отаншыл, білімді жас*

мамандар аса қажет» деген болатын. «Отан үшін жұмыс істеу – парыз» екенін түсінген азаматтар Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап, ата-баба жеріне оралып, ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосып келе жатыр. Солардың бірі де бірегейі, «елім» деп елге келіп, алтын ине ұстаған алтын қолды шипагер атанған, бүгінгі «Жас-Ай» медицина орталығының негізін қалаған, медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Халықаралық «Сократ» атындағы Орденнің иегері Жасан Зекейұлын шақырамын!» – деп, сөзін тәмамдағаннан кейін, көпшіліктің қошеметімен ортаға Жасан ағамыз шығып: «Керегесін кемеңгерлер кеңіткен Ел Ордамыз – Астана төрінде бүгінгі «Жас-Ай» орталығының ашылу салтанатына жиналған құрметті қауым, ағаларым, інілерім, әріптестерім, туыскандарым, қош келдіңіздер! Бұл орталығымыз – Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына деген біздің тартуымыз болып табылады. Бұл орталықтың ұлт денсаулығын жақсартуға үлес қосу мақсатында ашылуы да ұжымыммен менің ғана емес, сондай-ақ Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған бүкіл Қазақ Елінің бізге деген сенімі мен қолдауының арқасы дер едім.

Қадірменді ағайын! Бүгінгі игі шараға қатысып отырған халық қалаулылары мен қоғам қайраткерлерінің арасынан «лента қию» рәсімін атқаруға Астана қалалық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ерік Байжүнісовті, Халықаралық Түркі Академиясының профессоры Әділ Ахметовті, қоғам қайраткері, академик Ғарифолла Есімді, ҚР Парламент Сенатының депутаты, Комитет төрағасы Серік Ақылбайды, Ұлттық Холдингке қарасты Кардиология орталығының директоры Серік Ақшолоқовты, Парламенттің III-ші шақырылымының депутаты Бексұлтан Тұтқышевты және Астанадағы Сәкен Сейфуллин музейінің директоры, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Несіпбек Айтұлын құрметпен ортаға шақыруға рұқсат етіңіздер!» деді.

Ғимараттың алдына керілген лента қиылысымен, қонақтар сөз алды.

**Әділ АХМЕТОВ, филология ғылымдарының докторы, Халықаралық Түркі академиясының профессоры, көрнекті қоғам қайраткері:**

– Еліміз алғаш егемендік алған кезде, бөркін аспанға атып, алғаш келгендердің қатарында осы Жасан Зекейұлы да болды. Мен ол



кезде Алматыдағы Әлем тілдері университетінің ректоры едім. Жасанмен сол кезде таныстым. Ол сол кезден бастап, Отанына үлкен қызмет жасаумен келеді. Қазірге дейінгі көптеген құрметті атақтарды да өз еңбегімен алды. Қажырлығының арқасында алғашқы орталықты Алматыдан бастап ашты. Сөйтіп біртіндеп іргесін кеңейтті, Қазақстан халқына танымал болды, әлемге танылды. Енді Елордасы – Астанадан «Жас-Айдың» жаңа филиалын ашты.

Біз мұндай азаматқа не деуіміз керек? Жасан деген атыңның өзі жасай бер деген мағына береді. Жасай бер, жалықпа! Орталығың қашан да халыққа қызмет көрсететін орталық болсын.

**Ғарифолла ЕСІМ, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор:**

– Құрметті қауым, ең бірінші қымбат уақыттарыңызды қиып, бауырымыз Жасан Зекейұлының жаңа ғимаратының ашылу салтанатына қатысып отырған қадамдарыңызға нұр бітсін!

Жаратушымыз бізді жаратып, жер бетіне жібергенде біздің мойнымызда көп міндеттер болды. Яғни, дініміздің талабы бойынша салиқалы өмір сүруге тырысу, жерге қожа болу міндеттелді. Сөйтіп ондағы жаратылыстарды көру арқылы жаратушының құдіретін мойындап, адал құл болып ғұмыр кешу керек-ті. Адам Ата мен Хауа Ана жерге пенде болып түскен күннен бері, жұмыр жер бетінде пендешілік өмір сүре бастады. Сол пендешілік қазіргі күнде шектен тыс күшейіп кетті. Абылды Қабыл өлтірді, жер бетінде біртіндеп қасірет, қайғы пайда болды. Соңы алапат соғыстарға ұласты.

Қазіргі күнде қарулы соғыстан гөрі адамдардың жандүниесімен, рухымен соғыс ең күрделі кезеңге шығып тұр. Өз-өзін басқара білмеу, өзін жете тани алмау дейтін қасірет пайда болды.

Қожа Ахмет Яссауи: «Адамға өзі берген еркі – дұшпан» деп айтады. Біздің алдымыздан қашанда екі жол шығып тұрады. Бірі – шайтани жол, енді бірі – хақ дініміздің нұсқауымен адал ғұмыр кешу. Өкінішке орай, шайтани жол қызыл-жасыл, әдемі пендешілігіңді оятып, өзіне тартып кете береді. Сөйтіп адам өзінің бұрынғы мақсатынан айырылады. Рухани сырқатқа ұшырайды, дерті аскынып, тәнін жаулайды. Осы кезде адамға емші керек. Рухына емші керек.

Міне сондай емшілердің бірі – Жасан. Алла Тағала жер бетіне бәрін жіберген. Ізгілікті де, түрлі дерт-дербезді де, мейірімді де. Абай: «Ауруды берген Құдай, ауыртқан Құдай емес» дейді. Дәрігер



болғасын, түрлі дерттерді адам денесінен аластайтының үшін, сен – таза жолдасың, дұрыс бағыттасың.

Жасан, сен елге керексің, қазақ ұлтының біртуар ұлысың, сол үшін мына халық саған келіп отыр. Мына орталық ғимараты дертіне араша, жанына шипа іздеп келгендерге қажет, киелі ордаға айналсын.

Біз иманымызды ешқашан кірлетпейік. Емделген кісі де, емдеуші де иманды болса, ауруға шипа қонады деп ойлаймын.

**Уәлихан ҚАЛИЖАН, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, профессор:**

– Ардақты ағайын, қадірлі бауырлар. Жасан Зекейұлының «миллиард қытайды емдегенше, бір қазақты емдейін» деген сөзін баршаңыз жақсы білесіздер. Сол биік мақсатының арқасында мінеки, Астанамызда да өзінің емдеу орталығын ашып отыр. Құтты болсын!

Менің білуімше, халықтың алқауына бөленіп, сол жолда қызмет етіп жүрген адамдардың дұшпандары да мол болатын сияқты. Олар қашанда көлеңке сияқты соңыңнан қалмақ емес. Солар саған ешқашан жете алмасын деп тілеймін.

Біз қазір ауырмайтын жол іздеп жүрген ұлтпыз. Көп дерттерді бойымызға жұқтырып, рухымызды лайлап келдік. Ұлттық мешеулікке бардық. Енді алдымызға үлкен мақсат қойып, Мәңгілік ел боламыз деп жатқанымызда халқымызға сау денелі ұрпақ өсіру, ұлт саулығын нығайту шебінде сен жүрсің. Осы жолда аман бол!

Дені сау ұрпақ – қазақты көгертеді. Сен осы мақсатта жүрсің. Бұл саланы көп адамдар бизнес деп айтып жүр. Бірақ оның ар жағында адамның жаны, рухы жатыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Рухы мықты ел ғана мықты мемлекет құра алады» дейді. Яғни сен мықты мемлекет құруға үлкен үлес қосып жүрсің. Жолың бола берсін, қасыңнан қолдаушыларың кетпесін, отбасың аман болсын.

**Серік АҚЫЛБАЙ, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, республикалық ақпараттық топ мүшесі:**

– Құрметті халайық, бүгін біз қазақ елінің керемет бір оқиғасына куә болып отырмыз. Себебі, сонау Қытайдан өзінің Отанын аңсап келіп, елімізге үлкен жақсылықтар әкеліп, үмітін үзіп, жағдайы қиын халге жеткен сан мыңдаған адамдарға көмек қолын созған, ажалына арашашы болған, үлкен ғұлама, Тибет емінің білгірі, алтын ине салудың шебері, хирург, жалғыз сөмкесімен келіп, еліміздегі ең үлкен екі шаһардан ойып тұрып орын алып, медициналық мекеме салған Жасан бауырымыздың үлкен тойы бүгін. Осы тұрған депутаттық

Жасан Зекейұлы вкратце свои мысли, связанные с проблемами здоровья людей, формулирует так: «- В понятие Восточная медицина входит и народная казахская медицина. По большому счёту казахская медицина и медицина всех восточных народов вместе представляют собой сокровищницу Восточной медицины. Её отличительная особенность заключается в том, что посредством точек на внешней стороне организма, обходясь без оперативного вмешательства, дается приказ внутренним органам по исцелению от беспокоящих болезней и что в организме человека обнаруживаются новые источники энергии, которые способствуют оздоровлению человека, не нанося ему никакого вреда».

В целом, когда речь заходит о Казахской и Восточной медицине, то приходит на память путеводитель национальной медицины «Шипагерлік Баян» (*«Слово целителя»*). Он дорог всем и каждому. До того люди лечились лекарственными травами, экскрементами различных зверей, руководствуясь наставлениями из сборников «Казахское целительство», «Народное целительство». К общему удовольствию, труд «Шипагерлік Баян» (*«Слово целителя»*) Өтейбойдака Тілеуқабылұлы нашёлся и был издан в соответствующей редакции. В нём довольно подробно интерпретируются методика лечения, методы диагностики и способы



приготовления лекарств от трав, обладающих целебными свойствами, и из экскрементов зверей. Нам же остаётся наследие нашего предка. Өтейбойдака, доставшееся нам, передать как бесценный дар национальной медицине, стимулируя им поступательное её развитие в дальнейшем. И в этих целях перед нами стоит задача открыть специализированный колледж, основать институт, а при них создать научно-исследовательские лаборатории, которые будут заняты подготовкой, выпуском новой генерации кадров. Такая работа уже проводится. Если быть конкретным, то Центр Восточной медицины «Жас – Ай» занимается не только лечением больных, но и научными исследованиями, готовит новое поколение кадров, востребованных временем. Общеизвестно, что постоянный поиск, неустанное изучение передового опыта, внимательное слежение за развитием современной науки одновременно работа над новыми проектами, инновации определяют решительным образом победную поступь цивилизации.

Центр Восточной медицины «Жас – Ай» ставит целью согласно плану Нации «100 шагов» обеспечить работой сотрудников и горячо поддерживает идею «ЭКСПО-2017», демонстрирующую достижения нашей страны перед всем миром. В этом плане цель «Жас-Ай» конкретна, установки неизменны, душа её чиста - беззаветное служение народу.

Центр вот уже как 8 лет на свои средства издаёт медицинско - информационный журнал «Жас – Ай».

В своей сфере непревзойденный доктор, облечённый доверием народа, ставший главным героем настоящей статьи, известный специалист Жасан Зекейұлы вот уже 12 лет работает безупречно в системе здравоохранения. Всё это воспринимается как первая победа, добытая им. Работа в начале своей деятельности на родине предков, потом она станет ступенью последующих успехов в настоящее время, затем – и залогом достижений в будущем. Пожалуй, и поэтому открывается филиал Центра Восточной медицины «Жас – Ай» в Астане. Вот в эти годы Центр, находящийся в Алматы, вылечил более чем 70 000 больных. 10 000 из них прошло курс лечения бесплатно. 3500 семьям было подарено счастье иметь детей. Те, кому был вынесен вердикт - неизлечим (*после инсульта*), были поставлены на ноги. Здесь тысяча детей, страдавшие ДЦП (*детский*



*церебральный паралич*), обрели ни с чем не сравнимую радость быть самостоятельными.

Центр ежегодно оказывает материальную помощь Дому престарелых. И поэтому Организация ветеранов РК в мае текущего года приняла Жасана Зекейұлы восьмьдесят первым членом Совета. «Жас – Ай» уделяет особое внимание делу сохранения и укрепления здоровья наших дорогих стариков. А его забота о больных детях и матерях – это уж тема отдельная для другой статьи.

Как бы то ни было – мне представляется - говорить, писать о человеке сердечно подарившем тысячам уникальную возможность быть здоровым после перенесенных неисчислимых страданий. Мы в долгу перед матерями за то, что пришли в этот мир, а перед врачами – за своё физическое благополучие.

Не исчерпать купель благодарности людей, не передать словами сердечную приязнь пациентов такому врачу от Бога, дорогому другу Жасану Зекейұлы, успешно справляясь со своими функциональными обязанностями, создавшему крупные лечебно-оздоровительные центры в Алматы и Астане.

Мне-то думается, что этой одной статьёй невозможно достаточно полно описать чисто человеческие и профессиональные достоинства Жасана Зекейұлы. Каждый, кто поговорит с ним просто душа в душу, почувствует от его бархатного баритона духовную близость брата к брату и заботу родного для Вас человека. Меня он по сей день удивляет: его уникальный дар радовать каждого, кого видит, с кем сталкивает жизнь. На редкость общительный. Надо говорить, писать о Жасане Зекейұлы, пропагандировать его идеи по сохранению и укреплению здоровья родного народа. Необходимо и очень, чтобы все знали, как он умеет творить добро людям.

## МЕН КӨРГЕН ЖӘКЕҢ...

*Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол!  
Абай Құнанбайұлы*

**Жер мен аспанның тұтасқан тұсын- көкжиек десек, сол көкжиектің иесі де, киесі де- қыран деседі. Иә «рух көктен, дене жерден» деп Абай атамыз айтқандай, бұл екі қанатты, бір құйрықты көк тағысының тегін де, қадірін де қазақтай білетін кім бар екен, сірә?**

Қыран қияда ғана қалықтап, құзға ғана ұя салатын өте кірпияз құс. Бірақ, оның ілетіні төменде. Ол шамамен 3000 метрдей биіктіктен төмендегі бір емес, ондаған қасқырды, жүзден аса тұлкіні, мыңдай қоянды көрсе де-оның біреуін ғана алады екен. Саналы адамның биіктігі де солай, ондаған, жүздеген, мыңдаған мамандықты көріп тұрса да, дәл қазір қайсысын таңдау керек екенін біледі. Соны таңдайды. Яғни, сенің де қыран сияқты өз әлеміңнен биікте тұруың керек. Мен көрген Жәкең сондай жан: өмірге қажетті көп мамандықтың ішінен өз мамандығын дәл тапқан. Сондықтан да болар, ол кісі еңбегіне де бағытына да адал.

Кеше, - 13-шіақпанда Семейден Астанаға жету маған оңайға соқпады. Мына орыстарда «13» деген бәлендей оңған сан емес деп жатады ғой, әйткенмен, біз қазақпыз ғой деп жолға шығып кеткен едім. Боран. Жол жабық. Жолаушылардың көпшілігі алған билеттерін қайта өткізіп, әбігерге түсіп-ақ жатыр. Содан не болса да «нар тәуекел» деп поезбенжиырма сағат жүріпөтырып, Ел Ордаға әуірімдеп зорға жеттім-ау, әйтеуір. Келсем, Астананың ауа-райы да долы қатынның мінезіндей аумалы-төкпелі болып тұр екен. Одан қонақ үйге келгенше сағат түнгі бірден асып кетіпті. Жәкеңмен кездесудің бүгін сәті түспеді...

Жәкең, ол- Жасан Зекейұлы «Жас-Ай» медициналық орталығының Бас директоры, «Жас-Ай» медициналық-ақпараттық журналының Бас редакторы, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Вена халықаралық университетінің «Құрметті профессоры», халықаралық «Сократ» атындағы орденнің, БҰҰ-ның «Құрмет белгісі» орденінің және ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, медицина

ғылымдарының докторы, профессор, академик, алтын ине ұстаған алтын жігіт!

Дүниедегі ең қымбат құндылық- адам және оның өмірі десек, дәрігер-осы екеуінің қорғаушысы. Былай қарасаң, адамды құтқару оңай сияқты. Бірақ жеме-жемге келгенде оған дәрігерден басқа ешкімнің жүрегі де дауалап, батылы жетпейді. Әрине, мұндай ақиқатты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оны тіпті көп сөзбен де баяндап бере алмайсың...

Дегенмен де мақаламның әлқиссасын Жәкеңнің айналысып жүрген саласы - Шығыс медицинасынан бастайын.

Негізінде, Шығыс медицинасының бүгінде жалпы жұрт жүгініп жүрген батыс медицинасынан мынадай айырмашылықтары бар екен:

**Біріншіден-** аурудың себебін адамның тұла бойындағы қанды үздіксіз айналысқа түсіріп, оның іс-әрекетін реттеп отыратын қос-қостан 12 жұп жан арнасынан (*каналдан*) іздейді. Сол арналармен адам денесіндегі 700 жан нүктелері жалғасып тұратындықтан, ауруды жазу үшін сырқат ағзаға тікелей емес, сол нүктелерге ине қою арқылы әсер етеді. Ал инені қоюдың (*қалай бағыттаудан бастап*), ауыруға әсерін күшейтудің (*инені тоқпен, шөппен қыздыру т.б*) әдіс, тәсілі сан қырлы болып келеді;

**Екіншіден-** батыс медицинасында қолданылатын химиялық дәрі-дәрмектер ауырған ағзанды сауықтыруға тиімді әсер еткенімен, екінші бір сау ағзаға кері әсерін тигізеді. Ал Шығыс медицинасы дәрілік қасиеті бар шөптер мен табиғи өсімдіктерден жасалған дәрі-дәрмектерді ғана қолданатындықтан, кері әсері болмайды;

**Үшіншіден-** басым көпшілік ауыруға диогназды тамыр басу арқылы қояды. Адамның қалыпты тамыр соғысының 80 түрі бар. Сол неше 100-ген аурудың белгісінен көрініс беріп, адамның түйсігі мен санасына және қолының сезімталдығына да хабар береді.

Бүгінде Жәкеңнің Алматы мен Астанада ашқан қос бірдей медициналық орталығы халыққа алқаусыз қызмет көрсетуде.

Атадан балаға мирас болып келе жатқан емшілік, шипагерлік өнерінің кәусар бұлағынан қанып ішкен адалдығы артық ағаның, азаматығы алыстан көрініп тұратын Жасан Зекейұлының науқастардан бөлек айналасындағыларға үнемі шапағатын тигізіп, көмек қолын созып жүретін зор адамгершілігі үшін де, дүйім жұрт ол кісіні- «Жәке» деп үлкен құрметпен атайды. Мұны жай ғана дабыра сүйіспеншілік те, айқайшыл адалдық та емес, күллі қазақ қоғамының

ой-пікірі деп қабылдаңыз. Өйткені адам неге бейім болса, соған бейіл болады екен ғой. Жәкеңнің әдеті де сондай, кісіні көрген бойда жақсы шырай танытып, таза пейіл, сыйластық көңілмен: - Оу, бауырым, келіп қалыпсың ғой! – деп сәлем беріп шұрқырай амаңдасады. Үй-жай, бала-шағадан кейін, күн райын, жұрт жайын әңгіме етіседі. Адамгершілік деген- осы!

Біздің қадырлы ағамыз, қазақтың біртуар қасиетті, асыл ұлдарының бірі - Жасан есімді талмайтын, таусылмайтын, тайсалмайтын мәрт азаматпен бес жылдан бері бірімізді- біріміз ертеден білетін адамдардай жүріс- тұрысымыз, көңіл- қошымыз, дәм- тұзымыз араласып, біріміз - аға, екіншіміз - іні ретінде сыпайы сыйластық тауып келе жатырмыз. Жәкеңнің ақ жарқын жүзі, үлкен жүрегі, өмірді терең білетіндігі, айтқан сөзінде тұратындығы маған үлкен үлгі бола білді. Ол кісінің өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя білетін және босбелбеулік пен салғырттықты жаны сүймейтін, ондайға мейлінше жиіркене қарайтын сырбаз адам екеніне осы уақыт аралығында әбден көзім жетті.

Жәкеңнің алды мектеп сықылды. «Ақиқатты ағадан ізде, ақиқатты солар біледі» дегендей, ол кісі қате сөйлеп тұрғанның, не бір істе мүлт кеткен адамның қателігін бірден көрсетеді, оған кішіпейілділік немесе жалған ұялшақтық көрсетіп әуре болмайды да, барын айтады. Бірақ адамның сағын сындырмай, сондай бір бауырмалдықпен айтады. Мен Жәкеңнің бұл кісілігін былайша жеткізгім келеді: мына моңғол етігінің неге өкшесі жоқ, бас жағы неге қайқы болады? Оның себебі, адам аяғымен жер басып жүргенде етіктің қайқы басы шөпті жапырмайды, өкшесі жоқ болғандықтан, шөптің тамырын қиып кетпейді екен. Көшпелі елдің экологиялық мәдениеті деген осы. Міне, Жәкеңнің адамға деген қарым-қатынасы да осыған ұқсас.

Әрине, мынау бес күндік жалғанда кез-келген адамның ағат басуы мүмкін ғой, пенденің аты - пенде дегендей...

Бірде, осындай бір жағдайды басымнан өткерген едім. Сонда Жәкең көлденең кісідей аспай-саспай ақылға салып, өзінің жасының, жолының үлкен екенін сездіргендей сәл ойланып отырды да, дауысын жұмсартып: «Бауырым, әдеп бойынша үлкендердің алдына көп түсе берме. Олардың арасында сенің адал көңіліңді дұрыс ұғатындар да, ұқпайтындар да бар. Содан сақ бол!» - деді. Мен ағамның тура мінезін бұрыннан білетінмін, ал мына зілінен кейін тұрған жерімде

шегеленіп қалғандай болдым. Үлкеннің айтқаны кішіге заң ғой, сол әдетімше бірден тиыла қалдым. Біраз уақыттан кейін бәрін ұмытып кеттік. Жәкеңнің мінезі осы.

«Ешкімге ешқашанда өзің туралы көп әңгімелеме. Адам қызғанған кезде, соқыр адам көріп, мылқау адам сөйлеп, ал саңырау адам естіп кетеді» дегендей, кісі жақсылығын өзі емес, өзгенің айтқаны қандай жақсы. Адамның тағдыры дұрыс қалыптасуы үшін дер уақытында әрі дарынды болып тууы керек деп жатамыз ғой. Өз қатарластарына өнегелі ісімен үлгі болып жүргенелге қадірі бар қазақ зиялыларының бірі - Жасан Зекейұлы бүгінде әлемге танымал тұлғалардың санатына қосылды. Ол туралы Еуропада, Америкада, Жапонияда, Ресейде, Қытайда жазылып та, айтылып та жатыр. Әйткенмен біз бір нәрсені түсінуіміз керек. Жәкеңдей өз ортамыздан суырылып шыққан даңқты тұлғаларымызды өзіміз таныта алмасақ, керісінше, бір-бірімізбен айтысқа түсіп, керегі жоқ дүние сөзі үшін қотыр тілімізді безеп, қызылкенірдек болып жатсақ, оларды жұртқа қалай танытамыз? Заманымыздың ұлы ойшылы Күңфудзы: «Миллиондаған шашымның талшықтары ағарды. Соның мың талы өзімнің қайғы-қасіретімнен, ал қалғандары оңбағандардың маған көрсеткен азабынан ағарды» деген екен. Мен Жәкеңе жолдас болып, жанына ергелі оның басынан өткен небір тайғақ кешулі тағдыры туралы өзгенің өңі түгілі түсіне де кірмейтін сұмдық оқиғаларды көп естіп, жүрмін. Мәселен, ол кісінің табан ақы маңдай тері арқылы бел қайыстырар бейнетпен және тартыспен жеткен жетістігін күндеп, соңына шам алып түскендердің озбырлығына екінің бірі шыдас бере алмаушы еді. Сол жаңдайшаптар 3 жылдан аса Жәкеңнің жүйкесін жұқартып, жанын жегі құрттай жеген. Ұсақ-түйек қоқан-лоқыларды айтпағанда, бірнеше рет оның өміріне қастандық та жасалған. Тіпті, соңынан көлеңкедей ерген қорқаулар мен жансыздар Жәкеңді сонау Малайзияда жүргенінде тамағына у қосып беріп өлтіре де жаздаған. Жәкең сол уланғаннан кейін 4 күн бойы көз іле алмай қойған ғой. *(Егер адам баласы 7 күн ұйықтамаса, о дүниелік болып кететін көрінеді)*. Дәрігерлер де әбден сасқалақтайды. Болмағаннан соң, Қазақстандағы ет жақын туыстарын шақыртып, оларға қол хат жаздыртып алады. Өйткені ана салынатын уколдан адамның тірі қалуы 1% ғана екен, ал тірі қалған жағдайда мүгедекке айналуы мүмкін деседі. Бірақ, үміт те жоқ емес дейді. Егер тірі қалса, оның өмірі жақсы жағына қарай 100% өзгереді деген екен. «Аққа құдай

жақ!» деген емес пе, сол жолы құдай сақтап қалды, Жәкеңді. Енді, мінеки, қазақтың бағына жаратылған арда азаматымыз ортамызда жүр, Тәубә!

Оу ағайын, сендерден өтінемін! Жақсыларымызға «көзқамандық» (*көзқаман* – көзді алдап қамастыру немесе шағыстыру) жасамайықшы! Қанден итше арсылдап, олардың балағына жармаспайықшы, көңілдеріне кірбің түсіріп, жүректерін тырнап алатын қырт сөз айтып, жандарын ауыртпайықшы, оның керегі не? Ондайларды біздің қазақ: «Қортық ой, қызғаныштың қызыл иті» дейтін емес пе еді?! Иә, ренжітетін сөз - қараңғыда атылған жебе секілді: ол көрінбейді, бірақ ауыр жарақаттайды. Осы шалақ байталдың құйрығындай қысқа ғұмырда бір - бірімізді ренжітпей өтіп, асқынған істі де ақылмен шешкенге не жетсін, шіркін? Әйтпесе, қып-қызыл былшылмен елді дүрліктіріп, өзі жазған арыздың өртінен өз ары күйген адамдар аз дейсің бе, мына бес күндік жалғанда?!..

Ертеректе мынадай бір оқиға болған екен. Қараңғы түнде зағип кісі қолына шам ұстап су алуға құдыққа шығыпты. Оны көрген әлдекім: «Саған шамның не керегі бар. Онсыз да жолды көрмейсің ғой» дейді. Сонда ол: «Көрмесем де көзі көретіндер мені соғып кетпесін деп, ұстап келемін» депті. Иә, адамгершіліктен ада, мейрімнен мақұрым, әдептен әрі әлдекімдер қағып-соғып кетпес үшін де, әрдайым ақылдың шамын жағып жүріндер, адамдар! Ал іштеріңді өртеген қайғы болса, құмға жазыңдар, қуаныш болса, тасқа жазыңдар немесе «қуаныш бөліссе көбейеді» деген, оны елмен бөлісіндер!!

Десек те, әйтеуір, бір кем дүние бар: тау да алыстаған сайын сұлбасы зорая түседі, бірақ тым тез шөгеді...біз оны байқамаймыз, көрмейміз, ұмытамыз... олай болмайды ғой!

Биыл Жәкең ерді жасы 50-ге келеді. Былай қарап көрсеңіз, 50 жас та көп емес сияқты. Бірақ «елу деген жасыңыз, ол да бір көшкен ел екен» - деп Бұхар жырау жырлағандай, бұл жас- адамның рухани болмысының өсіп-жетілуіндегі «керемет кемел жас» болып табылатын көрінеді. Ал атам қазақтың дәстүрлі мәдениеті бойынша айтқанда: жасыңыз құтты болсын, жасыңызға жас қосылсын, құрметті Жасан Зекейұлы. Игі істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамыңыздың қарымды болуына, ел-қоғам алдында абыройыңыздың арта беруіне шын жүректен тілектестік білдіремін!!

Әлбетте, адам парқын танып - білудің өзі де бір қасиет деп жатамыз. Бірақ, әркімнің таным-түсінігі әр алуан ғой. Әйтсе де, Жәкең сияқты жыл басындай жаңашыл адам хақында жазу соншалықты жеңілжәне оңай емес. Өйткені ол кісі туралы жазу үшін сенің адамгершілігің, тазалығың, білімің де соған сәйкес келуі керек екен. Тіпті, жүз жасап ғұмыр кешкен адамдардың ішінде де ол кісі сияқты игілікті істерді жасай алмай кеткендері қаншама. Тек қана мұндай тұлғаға деген шынайы құрмет пен сүйіспеншіліктің өзін де әрқайысымыз әрқалай жеткізіп жүрміз ғой. Әрине, ол түсінікті де. Еңбегімен көпке танылған саңлақтың адами келбетін жасап шығу кім көрінгеннің қолынан келмесі анық. Әйтсе де, бұл шағын мақаламды оқырманға ой салу деп біліңіз. Егер, Алла денсаулық берсе, келешекте оны әрі қарай тереңдетіп жазармын!

Әкенің тәрбиесі ұлына жалғасады, немересіне беріледі, шөбересіне жетеді демекші, Жәкеңнің бесінші атасы болып келетін Бек әулиеден ауылдастары: «Қасиетті әулие, Сіздің киелі өнеріңіз ұрпақтарыңызға жалғаса ма?»- деп сұрапты. Сонда бабамыз: «Менің шөберелерімнен кейінгі ұрпақтарымнан көрінетін болады» деген екен. Міне, бүгінде сол ұлы бабасының айтқаны айнымай келді.

Үлкенді үлкен деп, кішіні кіші деп сыйлай білетін Жәкеңнің тойған қозыдай бағылан көрінісі кімді де болса өзіне тартқандай. Ол үнемі жол үстінде: қашан көрсең де Алматы мен Астанаға алма кезек қатынап жүргені. Не деген жілік майы қалың адам, десеңші? Ұзақ жол жүрсе де, түнде көп отырып ерте тұрса да, шаршадым деп айтпайды және не әңгімеде, не жұмысқа да ерінбейді ғой. Енді қайтпек керек? Екі қалада да ол кісінің жолына қарап, екі көздері төрт болып, қаншама дімкәс жандар тағатсыздана күтіп отырады. Ол екі өкпесін қолына алап соларға асығады. Өйтпесе болмайды. Тостырып қоюға шыдамы құрғыр жетпейді. Мінеки, содан бері қарай 12 жылда зулап өте шықты. Аз ба, көп пе 70 мыңдай сырқаттың еміне шипа тапты, оның 10 мыңдайына тегін ем-дом жасады, 5 мыңнан астам анаға бала сүю бақытын сыйлады. Өстіп, қаншама үйге сәулесін, көңіл нұрын шашты десеңші? Мұның сыртында толып жатқан қайырымдылық шараларымен қоса басқа да қоғамдық жұмыстары бар...оның бәрі БАҚ-та, ғаламторда, телевидение мен радиода самсап тұрғандықтан, ежіктеп, тізбектемей-ақ қояйын!

Біздің қазақ әңгіменің түп-тұқиянын жөн-жоралғы, жол-жосық, ата-текті қазымырлана сұраудан бастайды және түк қоймай

біліп алады. Содан: «Еее... қарға тамырлы қазақпыз ғой. Сұрастыра берсең, қойнындағы әйелің қарындасың болып кетеді деген...осымен тоқтайық!» дейді. Ой, Алла-ай, Қожанасырлығы мен Алдаркөселігі қоса жүретін қайран қазағым-ай!

Осы үрдіспен мен де Жәкеңнің ата-бабалары жөнінде аз-кем мәлімет бере кетейін. Ұлы бабасы - «Бек тәуіп», «Бек емші», «Бек әулие» атанған қасиетті адам қытайдың Тарбағатай аймағындағы Өшеті, Орқашар, Қоржын Түбек өңірлеріне есімі мәлім болған айтулы тұлға. Бек емші өзінің қосшы адамдары арқылы адыраспан, жалбыз, құрт шөп, алтын тамыр, адамшөп сияқты дәрілік шөптерді қоржын-қоржын етіп жинап, сол шөптерден жасалған түрлі дәрілерді түйеге теңдетіп, Алтай, Тарбағатай, тіпті Іле өңірін аралап жүріп, сырқаттарды емдегені күні бүгінге дейін ел аузында аңыз болып айтылып келеді. Бек әулиенің атағы кезінде қытай императорының назарына жеткені жөнінде қытайдың «қасиетті адамдар мен киелі орындар» жайлы көне зерттеу жазбаларында сақталған. Оның емшілік, көріпкелдік, әулиелік қасиеттерін туған-туыс, бала-шағаларына аманаттап жеткізген Жәкеңнің өз әкесі- Зекей Тұрсынбекұлы еді. Ол кісі мемлекеттік қайраткер болатын. Ал атасы-Тұрсынбек өз тұсында ел сөзін ұстаған атқамінертұғын. Ол Уәйіс зәңгі, Мауқара шешен, Мүштари палуан, Мамыраздық зергер, Бәзғалым күйші сияқты сол кездің тектілерімен тізе қағыстырып бірге жүрген зерделі жан еді. Осындай адамдардың ұрпағы- Жәкең қайдан осал болсын!

Мен енді, осы мақалама Жәкең жайында бар естіген, көрген-білгенімнен түйген ойларымды жинақтап, әсте де сыйғыза алмаспын. Бар болғаныбұл азаматтың кейбір қырларын тіліме тиек еткенім ғой...

Біздің қазаққа Алланың берген бір ғажайып сыйы бар, ол-қонақжайлылық. Жәкең де нағыз қонақжай қазақтың өзі. «Ер сарқытын ер жейді» дегендей, жұмыстан кейін мол дастарханын жайдыртып қойып, әңгіме шерткендегі оныңсән-салтанаты қандай десеңші, сөз саптасы тіпті ғажап?! Ол қонақтың, кісінің көп келгенін жақсы көреді. Әсіресе, өнерді шексіз сүйетін, оған өзіндей ден қойған адамдарды аса құрмет тұтады. Олар келсе, құда күткендей құрақ ұшады. Ондайда дастархан басы ән-жырсыз болушы ма еді? Жәкең қолына аккардеоны алып «ауылдың алты ауызын» айтады, алқонақтарға «қонақ кәде» жасатады. Сөйтіп бір жасап қалады. «Өнер, оның ішінде әнмен, күймен емдеу терапиясы бар. Баяғыда



менің бабам Бек емші де бұл әдісті қолданған деседі. Өйткені, адам ән айтқанда не күй тартқанда содан өзге ештеме ойламайды, бар-ынта жігері әннің сөзі мен әуенінде, күйдің құлағында болады. Содан адам жан ләззатын алады, жүйке, жүрек қан тамырларында мейірімді гармондар көбейеді» дейді Жәкең. Әйтеуір, ол кісі жүрген жердегі отырыстың да, сөздің де әдебі күшті. Орынсыз «әйт, шәйтқа» көнбейтін жылқы мінезді қазекеңнің өзі, ол тағы не айтар екен деп Жәкеңнің лебізін тосып отырғаны... Иә, солай! Әр адам жасына қарамай рухани шуаққа, жылы сөзге әрқашан да зәру емес пе? Ол отырған жердегі қызу әңгіменің тиегі ағытылғанда төңірегінде көңілділік пердесі пайда болады. Оған өзім талай мәрте куә болып та жүрмін. Ән мен жырына қоса, сөзге шешен, майда тілді, биязы сөйлейтін Жәкең көптің алғысына бөленіп, оларды тамсандырып, таңырқатып тастайды. Жұмсақ қоңыр дауысымен сөйлегенде сөздің майын ағызып отырып, тіршіліктің жайын да қаз қалпында жеткізетін құнды әңгімелерді тәттілеп айтудың да қас шебері болып алған. Мұны өзі «сөзбен емдеу терапиясы» деп атайды. Иә, адамды өлтіретін де, емдейтін де - сөз екені рас! Онымен әрбір кездескен отырыста Жәкең мың сан мағыналы ғибратты сөздерді айтып отырады. Құйып алар құлағың, түсініп алар түйсігің болса, болғаны. Ықыласпен тыңда. Оның тыңдаушыға беретін рухани әсері де зор, ешкімнен естімеген келелі ой, кестелі сөз де естисің. Қазір де сөйлесе елді қаратады. Қызметсіз-ақ өзімен санастырады, қызметте болса, тіптен әңгіме артық. Осы көркем мінезімен және адал ісімен Жәкең халық арасында сыйлы, үлкен мәртебеге де ие. Қазаққа, қазақты түсінер, елін елдей, жерін жердей сүйе алатын және «жоқ» деген жерге «бардың» шырағын алып баратын Жәкеңдей атпал азаматтар көптеп қажет-ақ!

Жәкеңнің ең бір ерекшелігі: ол әр ісін жеті ойлап бір түйетін аса іскер, жасампаз, жаңашыл жан екенін өзінің атамекеніне жеткенде де бірден танытты. Ол келген тұс-миллиондаған қазақтың ұлттық санасы, қазақи болмысы әлсіреген, турасын айтқанда, оны кеңес империясы біржола жұтуға айналған, ұлттық рухтың білте шамдай өлеусіреген тұсы еді. Иә, сол бір аласапыран шақтағы қазақтың хал-жағдайын айту дегеніңіз - кәдімгідей миға салмақ түсіріп, әрең қорытылатын әңгіметұғын. Негізінен, қазақы түсінікті бойларына лайықты сіңірген және қазақы дәстүрді сақтай білген де алыстан ат арытып келген сол ағайындарымыз болатын. Міне, солар ұлтқа

ұйытқы да бола білді. Жәкең де «Қазаққа не береміз? Қазақты қайтсек жетілдіреміз?» деп, салғаннан ел мүддесі, ұлт мұраты үшін үлкен бір қауырт жұмысқа ілікті де кетті. Көп жұмыс істеді. Оның адамдық болмысының өзі де осы ұлтжандылығы мен еңбекқорлығында жатыр.

Ал Жәкеңнің мәрттігі - жан-жағындағы жақсы-жайсаңдарды жарылқап жүретіндігінде және оларды жәбірленуге жібермейтіндігінде, ал жамандардың жүрегін жегідей жейтіндігінде, сонымен қатар, жөн-жоралғыны жөнімен жасайтын және ерінінен енші беретін «тусаң ту» дейтіндей биік тұлғалы азаматтығында дер едім.

Қазақта ең бір сүйсінген, адами қасиеттің бәрін бойына жинақтаған кісі туралы берілген бір мінездеме бар, ол: «Азамат!» - деп бір-ақ ауыз сөзбен түйінделетін баға екен. Міне, мен көрген Жасан Зекейұлы сондай - азамат!

Мақсаты биіктеген сайын адам да рухани толыса береді екен-ау. Сол үшін де баласы әкесінен, інісі ағасынан озу шарт. Мәселен, бізден гөрі бүгінгі буын ақылдырақ. Аталарымызға қарағанда біз алға шықтық. Бұл ұлтымыздың азғындамауы үшін де керек. Сонда ғана асыл тектілік тұқымымызда сақталады, тұқым қуалайды және текті тұқым дами түседі. Ол алға жылжу. Болашаққа көз тігу. «Мәңгілік Ел» болу үшін де үнемі алға жылжып отыру қажет. Өйтпесе, адамзат дамымайды.

Рухы үнемі от-жалын шашып тұратын Жәкеңнің «қазағым» дегенде, шығарда жаны бөлек. Әрі аузынан Алласы, қолынан алтын инесі түспейді. Ол кісінің қалта телефонына қоңырау шалып: «Жәке, қалыңыз қалай?» десеңіз, «Алла деп, жүріп жатырмыз!» дейді.

Жалпы сіз, жаратушыны есіңізге алып: «Уа, Алла тағала!», - деген сәтте бойыңызда қандай өзгерістер болатынын білесіз бе? Мәселен, Голландияның Амстердам университетінде жүргізілген зерттеулердің нәтижесі ғалымдарды таң қалдырған. Алла Тағаланы көп еске алу барысындағы: «Уа, Алла тағала!», - деген сөз уайымды басып, қан қысымын қалпына келтіреді екен. Ғалымдар мұндай қорытындыға жеті жыл бойы мұсылман және мұсылман емес ауруларға жүргізген зерттеулердің нәтижесінде көз жеткізген көрінеді. Әсіресе «Уа, Алла тағала!» деген сөз депрессия мен уайымға ұшырағандарға жақсы көмектескен. Негізі ғалымдар зерттеу барысында науқастарға «Тәңір» деген сөзді араб тілінде айту шартын

қоймаған. Науқастың барлығы бұл сөзді өз тілінде айтқан. Дегенмен, сол зерттеу кезінде ғалымдар өзге сөзге қарағанда «الله» (Алла) сөзінің ерекше әсерін анықтаған. Себебі, «الله» (Алла) сөзіндегі бастапқы «а» әрпін айту барысында кеуденің үстінгі жағы әрекетке түсіп өкпенің аузы ашылады. Ал бұл өз кезегінде өкпеге ауа кедергісіз баруына ықпал етеді. Ал «الله» (Алла) сөзіндегі «Л» әрпін айтқанда тіл таңдайға тиіп демді бір мезетке тоқтатып, нәтижеде демді ретке келтіреді. Ал «الله» (Алла) сөзіндегі «һ» әрпі айтылғанда екі өкпені жүрекпен байланыстыратын тамыр әрекетке түсуінен жүректің соғуы қалпына келеді екен. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген осы болар!

Өткен 2016 жылы "Жас-Ай" Шығыс-Тибет медицина орталығына Халықаралық Еуропалық медициналық қауымдастығының, ОКСФОРД (Англия), ЕМА- және басқа да ұйымдардың бірлесуімен "Халықаралық үздік клиника" деген атақ берілді. Оның № 022 сертификаты және екі медалі куәлігімен қоса Жасан Зекейұлына салтанатты түрде тапсырылды.

Биіктікті бетке алып, көкжиекке ұмтылған қыран сияқты Жәкеңнің де екі қанаты бар, біреуі- ғылымда, екіншісі- кәсіпте. Міне, ол осы екі тізгінді де бүгінгі күнге дейін тең ұстап келе жатыр.

Жан-дүниесі мұнтаздай таза һәм сәнді және жылы сөзі мен бата-тілегін аузынан үзбейтін Жәкеңдей жайсаң жанға БАР БОЛЫҢЫЗ ЖАҚСЫ АҒА дегім келеді!

*Ақжолтай газеті. №5 (30) наурыз. 2017 жс.*

## MEN KÖRGEN JÄKEŇ...

*Süy`er ulñ bolsa, sen süy`, süy`inerge jarar ol!  
Abay` Qunanbay`ul*

**Jer men aspannıñ tutasqan tusın- kökjïek desek, sol kökjïektiñ iesi de, kïesi de- qıran desedi. İä «rwx kökten, dene jerden» dep Abay` atamız ay`tqanday`, bul eki qanattı, bir quy`rıqtı kök tağısınñ teğın de, qadirin de qazaqtay` biletin kim bar eken, sirä?**

Qıran qıyada ğana qalıqtap, quzğa ğana uya salatın öte kirpıyaz qus. Biraq, onıñ iletini tömende. Ol şamamen 3000 metrdey` büiktikten tömendegi bir emes, ondağan qasqırdı, jüzden asa tülkini, mıñday` qoyandı körse de-onıñ birewin ğana aladı eken. Sanalı adamnıñ büiktigi de solay`, ondağan, jüzdegen, mıñdağan mamandıqtı körip tursa da, däl qazır qay`sısın tañdaw kerek ekenin biledi. Sonı tañday`dı. Yağñı, seniñ de qıran sıyaqtı öz älemiñnen büikte turwıñ kerek. Men körgen Jäkeñ sonday` jan: ömirge qajetti köp mamandıqtıñ işinen öz mamandığın däl tapqan. Sondıqtan da bolar, ol kisi eñbegine de bağıtına da adal.

Keşe, - 13-şiaqpanda Semey`den Astanağa jetw mağan oñay`ğa soqpadı. Mina orıstarda «13» bälendey` oñğan san emes dep jatadı ğoy`, äy`tenmen, biz qazaqpız ğoy` dep jolğa sıǵıp ketken edim. Boran. Jol jabıq. Jolawşılardıñ köpşiligi alğan bileterin qay`ta ötkizip, äbigerge tüsip-aq jatır. Sodan ne bolsa da «nar täwekel» dep poezbenjürma sağat jüripotırıp, El Ordağa äwpirimdep zorğa jettim-aw, äy`tewir. Kelsem, Astananıñ awa-ray`ı da... dolı qatınnıñ minezindey` awmalı-tökpeli bolıp tur eken. Odan qonaq üy`ge kelgenşe sağat tünge birden asıp ketipti. Jäkeñmen kezdeswdiñ bugün säti tüspedi...

Jäkeñ, ol- Jasan Zekey`ulımedicına ğılimdarınñ doktorı, professor, akademik, "Jas-Ay`" medicına ortalıǵınıñ bas direktorı, "Jas-Ay`" medicınalıq-aqparattıq jwrnalınıñ bas redaktorı, QR Densawlıq saqtaw isiniñ üzdigi, Vena Xalıqaralıq wñwersitetiniñ «Qurmetti professorı», Xalıqaralıq «Sokrat» atındağı ordenniñ, quramına 193 memleket kiretin Birikken Ulttar Uy`ımınıñ Xalıqaralıq «Qurmet belgisi» ordeniniñ iegeri jäne QR «Eren eñbegi üşin» medaliniñ iegeri, altın ine ustağan altın jigiti.

Düniedegi eñ qımbat qundılıq- adam jäne onıñ ömiri desek, däriger-osı ekewiniñ qorğawşısı. Bılay` qarasañ, adamdı qutqarw oñay` sıyaqtı. Biraq, jemejemge kelgende oğan eşkimniñ jüregi dawalap, batılı jetpey`di.

Ärine, dÄrigerden basqa...munday` aqıqattı sözben ay`tıp jetkizw mümkin emes. Onı tipti köp sözben de bayandap jetkize almay`sıñ...

Degenmen de, maqalamnıñ älqıssasın Jäkeñniñ ay`nalısıp jürgen negizgi salası-Şıǵıs-Tıbet medicınasına qaray` oy`ısay`ın. Şıǵıs-Tıbet medicınasınıñ büginde jalpı jurt jüginip jürgen batıs medicınasınan minaday` ay`ırmaşılıqtarı bar eken:

**Birinsiden-** awrwdıñ sebebin adamnıñ tula boy`ındaǵı qandı üzdiksiz ay`nalisqa tüsirip, onıñ is-äreketin rettep otıratın qos-qostan 12 jup jan arnasınan (*kanaldan*) izdey`di. Sol arnalarman adam denesindegi 700 jan nükteleri jalǵasıp turatındıqtan,awrwdı jazw üşin sırat aǵzaǵa tikeley` emes, sol nüktelerge ine qoyu arqılı äser etedi. Al ineni qoyudıñ (*qalay` baǵıtawdan bastap*), awırwǵa äserin küşey`twdıñ (*ineni toqpen, şöppen qızdırw t.b*) ädis, täsili san qırlı bolıp keledi;

**Ekinşiden-** batıs medicınasında qoldanılattın ximiyalıq däri-därmekter awırǵan aǵzañdı sawıqtırwǵa tüimdi äser etkenimen, ekinşi bir saw aǵzaña kerı äserin tıgizedi. Al Şıǵıs medicınası dÄrilik qasieti bar şöpter men tabiǵi ösimdiklerden jasalǵan däri-därmekterdi ğana qoldanatındıqtan, kerı äseri bolmay`dı;

**Üşinşiden-** basım köpşilik awırwǵa diognazdı tamır basw arqılı qoyadı. Adamnıñ qalıptı tamır soǵısın 80 türi bar. Sol neşe 100-gen awrwdıñ belgisinen körinis berip, adamnıñ tüy`sigi men sanasına jäne qolınıñ sezimtaldıǵına da xabar beredi.

Büginde Jäkeñniñ Almatı men Astanada aşqan qos birdey` Şıǵıs-Tıbet medicınalıq ortalıǵı xalıqqa alqawsız qızmet körsetwde.

Atadan balaǵa miras bolıp kele jatqan emşilik, şıpagerlik öneriniñ käwsar bulaǵınan qanıp işken adaldıǵı artıq aǵanıñ, azamattıǵı alıstan körinip turatın Jasan Zekey`ulnıñ nawqastardan bölek ay`nalasındaǵılargada ünemi şapaǵatın tıgizip, kömek qolın sozıp jüretin zor adamgerşiligi üşin de, dtüy`im jurt ol kisini- «Jäke» dep ülken qurmetpen atay`dı.Buljay` ğana dabıra süy`ispensilik te, ay`qay`şıl adaldıq ta emes, külli qazaq qoǵamnıñ oy`-pikiri der edim. Öy`tkeni, adam nege bey`im bolsa, soǵan bey`il boladı eken ğoy`.Jäkeñniñädeti de sonday`, kisini körgen boy`da jaqsı şıray` tanıtıp, taza pey`il, sıy`lastıq köñilmen: - Ow, bawırım, kelip qalıpsıñ ğoy`! – dep sälem berip şurqıray` amandasadı. Üy`-jay`, bala-şaǵadan key`in, kün ray`ın, jurt jay`ın äñgime etisedi. Adamgerşilik degen- osı!

Bizdiñ qadırlı aǵamız, qazaqtıñ birtwar qasietti, asıl uldarınıñ biri-Jasan esimdi talmay`tın, tawsılmay`tın, tay`salmay`tın märt azamatpen bes

jıldan beri birimizdi- birimiz erteden biletin adamdarday` jüris- turısımız, köñil- qoşımız, däm- tuzımız aralasıp, birimiz- ağa, ekinşimiz- ini retinde sıpay`ı sıy`lastıq tawıp kele jatırmız. Jäkeñniñ aq jarqın jüzi, ülken jüregi, ömirde tereñ biletindigi, ay`tqan sözinde turatındığı, är waqıtta bolğan şarwağa ädil bağa bere alatındığı mağan ülken ülgı boldı. Ol kisiniñ özine de, özgege de qatañ talap qoya biletin jäne bosbelbewlik pen salğırttıqtı janı süy`mey`tin, onday`ğa mey`linşe jürkene qaray`tın sırbaz adam ekenine osı waqıt aralığında äbden közim jetti.

Jäkeñniñ aldı mektep sıqlıdı. «Aqıqattı ağıdan izde, aqıqattı solar biledeı»degendey`, ol kisi qate söy`lep turğannıñ, ne bir iste mült ketken adamnıñ qatelinin birden körsetedi, oğan kişipey`ildilik nemese jalğan uyalşaqtıq körsetip äwre bolmay`dı da, barın ay`tadı. Biraq, adamnıñ sağın sındırmay`, sonday` bir bawırmaldıqpen ay`tadı. Men Jäkeñniñ bul kisiligin bilay`şa jetkizim keledi: mına moñğol etiginiñ nege ökşesi joq, bas jağı nege qay`qı boladı? Onıñ sebebi, adam ayağımen jer basıp jürgende etiktiñ qay`qı bası şöpti japırmay`dı, ökşesi joq bolğandıqtan, şöptiñ tamırın qıp ketpey`di eken. Köşpeli eldiñ ökologiyalıq mädenieti degen osı. Mine, Jäkeñniñ adamğa degen qarım-qatınası da osığan uqsas.

Ärine, mınaw bes kündik jalğanda kez-kelgen adamnıñ ağıt baswı mümkin göy`, pendeniñ atı- pende degendey`... Birde, osınday` bir jağday`dı basımnan ötkergen edim. Sonda Jäkeñ köldeneñ kisidey` aspay`-saspay` aqılğa salıp, öziñiñ jasınıñ, jolınıñ ülken ekenin sezdirgendey` säl oy`lanıp otırdı da, dawısın jumsartıp: «Bawırım, ädep boy`ınşa ülkenderdiñ aldına köp tüse berme. Olardıñ arasında seniñ adal köñiliñdi durıs uğıatındar da, uqpay`tındar da bar. Sodan saq bol!»- degendi. Men ağıamnıñ twra minezin burınnan biletinmin, al mına zilinen key`in turğan jerimde şegelenip qalğanday` boldım. Ağıanıñ ay`tqanı inige zañ göy`, sol ädetimşe birden tüla qaldım. Üdemey` ğana burıñğı jumısımdı tınış istey` berdim. Biraz waqıttan key`in bärin umıtpı kettik. Jäkeñniñ minezi osı.

«Eşkimge eşqaşanda öziñ twralı köp äñgimeleme. Adam qızğañğan kezde, soqır adam körip, mılqaw adam söy`lep, al sañıraw adam estip ketedi» degendey`, kisi jaqsılığın özi emes, özgeniñ ay`tqanı qanday` jaqsı. Adamnıñ tağdırı durıs qalıptaswı üşin der waqıtında äri darındı bolıp twrı kerek dep jatamız göy`. Öz qatarlastarına önegeli isimen ülgı bolıp jürgenelge qadiri bar qazaq ziyalılarınıñ biri - Jasan Zekey`ulı büginde älemge tanımal tulğalardıñ sanatına qosıldı. Ol twralı Ewropada, Amerikada, Japoniyada, Resey`de, Qıtay`da jazılıp ta, ay`tılıp ta jatır. Äy`tkenmen biz bir närseni tüsinwimiz kerek. Jäkeñdey` öz ortamızdan

swırılıp şıqqan dañqıtı tulğalarımızdı özimiz tanıta almasaq, kerisinşe, bir-birimizben ay`tısqa tüsip, keregi joq dünıe söziüşin qotır tilimizdi bezep, qızılkeñirdek bolıp jatsaq, olardı jurıtqa qalay` tanıtamız? Zamanımızdıñ ulı oy`şılı Kuñfwdzı: «Milliondağan şaşımñıñ talşıqtarı ağardı. Sonıñ mıñ talı özimniñ qay`ğı-qasiretimnen, al qalğandarı oñbağandardıñ mağan körsetken azabınan ağardı» degen eken. Men Jäkeñe joldas bolıp, janına ergelionıñ basınan ötken tay`ğaq keşwli tağdırı twralı özgeniñ öñi tügili túsine de kirmey`tin sumdıq oqıǵalardı köp estip-bildim. Mäselen, ol kisiniñ taban aqı mañday` teri arqılı bel qay`ıstırar bey`netpen jäne tartıspen jetken jetistigin kündep, soñına şam alıp tuskenderdiñ ozırlıǵına ekiniñ biri şıdas bere almawşısı edi. Ol janday`şaptar 3 jıldan asa Jäkeñniñ jüy`kesin juqartıp, janın jegi qurttay` jegen. Usaq-tüy`ek qoqan-loqılardı ay`tpağanda, birneşe ret onıñ ömirine qastandıq jasalğan. Tipti, artınan ergen qorqawlar men jansızdar Jäkeñdi sonaw Malay`ziyada jürgeninde tamaǵına w qosıp berip öltire de jazdağan. Sol wlanğannan key`in 4 kün boy`ı köz ile almay` qoy`ğan ğoy`. (*Eger adam balası 7 kün uy`ıqtamasa, o dünıelik bolıp ketetin körinedi*). Därigerler de äbden sasqalaqtay`dı. Bolmağannan soñ, Qazaqstandağı et jaqın twıstarın şaqırtıp, olarğa qol xat jazdırtıp aladı. Öy`tkeni, ana salınatın wkoldan adamniñ tiri qalwı 1% ğana eken, al tiri qalğan jağday`da mügedekke ay`nalwı mümkün desedi. Biraq, ümit te joq emes dey`di. Eger tiri qalsa, onıñ ömiri jaqsı jaǵına qaray` 100% özgeredi degen eken. «Aqqa quday` jaq!» degen emes pe, sol jolı quday` saqtap qaldı, Jäkeñdi. Endi, mineki, qazaqtıñ baǵına jaratılğan arda azamatımız ortamızda jür, Täwbä!

Ow aǵay`ın! Jaqsılarımızğa «közqamandıq» (*közqaman –közdi aldap qamastırw nemese şaǵıstırw*) jasamay`ıqsı! Qanden itşe arısdap, jaqsılardıñ balaǵına jarmaspay`ıqsı! Olardıñ köñiline kirbiñ túsirip, jüregin tırnap alatın qırt söz ay`tıp, jandarın awırtpay`ıqsı, onıñ keregi ne? Onday`lardı bizdiñ qazaq: «qortıq oy`, qızǵanıstıñ qızıl iti» dey`tin emes pe edi?! İä, renjitetin söz - qarañǵıda atılğan jebe sekildi: ol körinbey`di, biraq awır jaraqattay`dı... Osı şolaq bay`aldıñ quy`rıǵınday` qısqa ğumırda bir- birimizdi renjitpey` ötip, asqınğan isti de aqılmen şeşkenge ne jetsin, şirkin? Äy`tpese, qıp-qızıl bılşılmen eldi dürliktirip, özi jazğan arızdıñ örtinenöz arı küy`genadamdar az dey`siñ be?..

Erterekte mınaday` bir oqıǵa bolğan eken. Qarañǵı tünde zaǵıp kisi qolına şam ustap sw alwğa qudıqqa şıǵıptı. Onı körgen әldelim: «Sağan şamniñ ne keregi bar. Onsız da joldı körmey`siñ ğoy`» dey`di. Sonda ol:



«Körmesem de közi köretinder meni soğıp ketpesin dep, ustap kelemın» depti. İä, «adamgerşilikten ada, mey`rimnen maqurım, ädepten äri» äldkimder qağıp-soğıp ketpes üşin de, әrday`ım aqıldıñ şamın jağıp jürinđer, adamdar! Al işteriñdi örtegen qay`ğı bolsa, onı qumğa jazıñdar, qwanış bolsa, onı tasqa jazıñdar nemese «qwanış bölisse köbey`edi» degen, onı elmen bölisiñder!!

Desek te, äy`tewir, bir kem dünïe bar: taw da alıstağan say`ın sulbası zoraya tüsedı, biraq,tım tez şögedı...biz onı bay`qamay`mız, körmey`mız, umıtamız! Olay` bolmay`dı ğoy`...

Bül Jäkeñ erdi jası 50-ge keledi. Bılay` qarap körseñiz, 50 jas ta köp emes sıyaqtı. Biraq, «elw degen jasıñız, ol da bir köşken el eken»-depBuxar jıraw jırlağanday`, bul jas- adamnıñ rxanı bolmısınñ ösip-jetilwindegi «keremet kemel jas» bolıp tabilatın körinedi. Al atam qazaqtıñ дәstürlı mädenieti boy`ınşa ay`tqanda: jasıñız quttı bolsın, jasıñızğa jas qosılsın, qurmetti Jasan Zekey`ulı! İgi isteriñizdiñ qaşanda oñğa baswına, әr qadamıñızdıñ qarımdı bolwına, el-qoğam aldında abıroy`ıñızdıñ arta berwine sın jürektentilektestik bildiremin!

Älbette,adam parqın tanıp- bilwdiñ özi de bir qasiet dep jatamız. Biraq, әrkimniñ tanım-tüsinigi әr alwan ğoy`. Äy`tse de, Jäkeñ sıyaqtı jıl basınday` jañaşıl adam xaqında jazw sonşalıqtı jeñiljäne oñay` emes. Öy`tkeni, ol kisi twralı jazw üşin seniñ adamgerşiligini, tazalığın, bilimiñ de soğan säy`kes kelwi kerek eken. Tipti, jüz jasap ğumır keşken adamdardıñ işinde de ol kisi sıyaqtı igilikti isterdi jasay` almay` ketkenderi qanşama. Tek qana munday` tulğağa degen şınay`ı qurmet pen süy`ispenşiliktiñ özin de әrқay`ısımız әrқalay` jetkizip jürmiz ğoy`. Ärine, ol tüsinikti de. Eñbegimen köpke tanıлған саңлақtiñ adamı kelbetin jasap şıǵw kim köringenniñ qolınan kelmesi anıq. Bul jay` ğana oy` salw dep biliñiz. Eger Alla densawlıq berse, keleşekte onı äri qaray` tereñdetermin...

Äkeniñ tärbïesi ulına jalğasadı, nemeresine beriledi, şöberesine jetedi demekşi, Jäkeñniñ besinşi atası bolıp keletin Bek äwlieden awıldastarı: «Qasietti äwlie, Sizdiñ kieli öneriñiz urpaqtarıñızğa jalğasa ma?»- dep suraptı. Sonda babamız: «Meniñ şöberelerimnen key`ingi urpaqtarımmnan körinetin boladı» degen eken. Mine, bugün de sol ulı babasınıñ ay`tqanı ay`nımay` keldi.

Ülkendi ülken dep, kişini kişi dep sıy`lay` biletin Jäkeñniñ toy`ğan qozıday` bağılan körinisi kimdi de bolsa özine tartqanday`. Ol ünemi jol üstinde: qaşan körseñ de Almatı men Astanağa alma kezek qatınap jürgenı. Ne degen jilik may`ı qalıñ adam, deseñşi? Uzaq jol jürse de, tünde köp



otırıp erte tursa da, şarşadım dep, ne äñgimedede, ne jumısqa erinbey`di ğoy`. Endi qay`tppek kerek? Eki qalada da ol kisiniñ jolına qarap, eki közderi tört bolıp, qanşama dimkäs jandar tağatsızdana kütip otıradı. Ol eki ökpesin qolına alap solarğa asıǵadı. Öy`tpese bolmay`dı. Tostırıp qoyuǵa şıdamı qurǵır jetpey`di. Mineki, sodan beri qaray` 12 jıl da zwlap öte şıqtı. Az ba, köp pe 70 mıñday` sırqattıñ emine şıpa taptı, onıñ 10 mıñday`ına tegin em-dom jasadı, 5 mıñnan astam anaǵa bala süyu baqıtın sıy`ladı. Östip, qanşama üy`ge säwlesin, köñil nurın şaştı deseñşi? Muniñ sırtında tolıp jatqan qay`ırımdılıq şaralarımın qosa basqa da qoǵamdıq jumıstarı bar...onıñ bäri BAQ-ta, ğalamtorda, televıdenie men radioda samsap turǵandıqtan, ejiktep, tizbektemey`-aq qoyay`ın!

Bizdiñ qazaq äñgimeniñ tüp-tuqıyanın jön-joralǵı, jol-josıq, ata-tekti qazımırlana surawdan bastay`dı jáne tük qoy`may` bilip aladı. Sodan: «Eee... qarǵa tamırlı qazaqız ğoy`. Surastıra berseñ, qoy`nıñdaǵı äy`eliñ qarındasıñ bolıp ketedi degen....osımen toqtay`ıq!» dey`di. Oy`, Alla-ay`, Qojanasırlıǵı men Aldarköseligi qosa jüretin qay`ran qazaǵım-ay`!

Osı ürdispen men de Jákeñniñ ata-babaları jöninde az-kem mälimet bere ketey`in. Ulı babası -«Bek täwip», «Bek emşi», «Bek äwli» atañan qasıetti adam qıtay`dıñ Tarbaǵatay` ay`maǵındaǵı Öseti, Orqaşar, Qorjın Tübek öñirlerine esimi mälim bolǵan ay`twlı tulǵa. Bek emşi öziniñ qosşı adamdarı arqılı adıraspan, jalbız, qurt şöp, altın tamır, adamşöp sıyaqtı dārilik şöpterdi qorjın-qorjın etip jınap, sol şöpterden jasalǵan túrli dārilerdi tüy`ege teñdetip, Altay`, Tarbaǵatay`, tipti İle öñirin aralap jürip, sırqattardı emdegeni küni büginge dey`in el awzında añız bolıp ay`tılıp keledi. Bek äwlieniñ ataǵı kezinde qıtay` imperatorınıñ nazarına jetkeni jöninde qıtay`dıñ «qasıetti adamdar men kieli orındar» jay`lı köne zerttew jazbalarında saqtalǵan. Onıñ emşilik, köripkeldik, äwlielik qasıetterin twǵan-twıs, bala-şaǵalarına amanattap jetkizgen Jákeñniñ öz äkesi- Zekey` Tursınbekulı edi. Ol kisi memlekettik qay`ratker bolatın. Al atası-Tursınbek öz tusında el sözün ustaǵan atqaminertuǵın. Ol Wäy`is zañǵı, Mawqara şeşen, Müştari` palwan, Mamırazdıq zerger, Bözǵalım küy`şi sıyaqtı sol kezdiñ tektilerimen tize qaǵıstırıp birge jürgen zerdeli jan edi. Osınday` adamdardıñ urpaǵı- Jákeñ qay`dan osal bolsın!

Men endi, osı maqalama Jákeñ jay`ında bar estigen, körgen-bilgenimnen tüy`gen oy`larımıdı jınaqtap, äste de sıy`ǵıza almaspın. Bar bolǵanıbul azamattıñ key`bir qırların tilime tıek etkenim ğoy`...

Bizdiñ qazaqqa Allanıñ bergен bir ğajay`ıp sıy`ı bar, ol-qonaqjay`lılıq. Jákeñ de naǵız qonaqjay` qazaqtıñ özi. «Er sarqıtın er

jey`di» degendey`, jumıstan key`in mol dastarxanın jay`dırtıp qoy`ıp, äñgime Őertkendegi onıñsän-saltanatı qanday` deseñşi,söz saptası tipti ğajap?! Ol qonaqtıñ, kisiniñ köp kelgenin jaqsı köredi. Äsirese, önerdi Őeksiz süy`etin, oğan özindey` den qoy`ğan adamdardı asa qurmet tutadı. Olar kelse, quda kütkendey` quraq uşadı. Onday`da dastarxan bası än-jırsız bolwşy ma edi?Jäkeñ qolına akkardeonın alıp «awıldıñ altı awızın» ay`tadı, alqonaqtarğa «qonaq käde» jasatadı. Söy`tip bir jasadı qaladı. «Öner, onıñ işinde änmen, küy`men emdew terapıyası bar. Bayağıda meniñ babam Bek emşi de bul ädisti qoldanğan desedi. Öy`tkeni, adam än ay`tqanda ne küy` tartqanda sodan özge eşteme oy`lamay`dı, bar-ınta jigeri änniñ sözi men äweninde, küy`diñ qulağındaboladı. Sodan adam jan läzzätın aladı, jüy`ke, jürek qan tamırlarında mey`irimdi garmondar köbey`edi» dey`di Jäkeñ. Äy`tewir, ol kisi jürgen jerdegi otırtıñ da, sözdıñ de ädabi küşti ğoy`. Orınsız äy`t, şäy`tqa könbey`tin jılqı minezdi qazেকেñniñ özi, ol tağı ne ay`tar eken depJäkeñniñ lebizin tosıp otırğanı...İä, solay`! Är adam jasına qaramay` rwxanı şwaqqa, jılı sözge ärqaşan da zärw emes pe?Ol otırğan jerdegiqızw äñgimeniñ tüegi ağıtılganda töñireginde köñildilik perdesi pay`da boladı. Oğan özim talay` märte kwä bolıp ta jürmin. Än men jırına qosı, sözge şeşen, may`da tildi, biyazı söy`ley`tin Jäkeñ köptiñ alğısına bölenip, olardı tamsandıra tañırqatıp tastay`dı. Jumsaq qoñır dawısımen söy`legende sözdıñ may`ın ağızıp, tirşiliktiñ jay`ın qaz - qalpında jetkizetinqundı äñgimelerdi tättilep ay`twdıñ da qas şeberi bolıp alğan.Munı özi sözben emdew terapıyası dep atay`dı. İä, öltiretin de, emdey`tin de- söz ekeni ras!Onımen ärbir kezdesken otırısta Jäkeñ miñ san mağınalı ğıbrattı sözderdi ay`tıp otradı. Quy`ıp alar qulağıñ, tüsinip alar tüy`sigiñ bolsa, bolğanı. Iqılaspen tıñda. Onıñ tıñdawşyğa beretin rwxanı äseri de zor,eşkimnen estimegen keleli oy`, kesteli söz de estisiñ. Qazir de söy`lese eldi qaratadı. Qızmetsiz-aq özimen sanastıradı, qızmette bolsa, tipten äñgime artıq.Osı körkem minezimen jäne adal isimen Jäkeñ xalıq arasında sıy`ılı, ülken märtebege de ie. Qazaqqa,qazaqtı tüsiner, elin eldey`, jerin jerdey` süy`e alatın jäne«joq» degen jerge, «bardıñ» şırağın alıp baratın Jäkeñdey` atpal azamattar köptep qajet –aq!

Jäkeñniñ eñ bir erekşeligi:ol är isin miñ oy`lap bir tüy`etin asa isker, jasampaz, jañaşıl jan ekenin öziñiñ atamekenine jetkende de birden tanıttı. Ol kelgen tus-milliondağan qazaqtıñ ulttıq sanası, qazaqı bolmısı älsiregen, twrasın ay`tqanda, onı keñes imperıyası birjola jutwğa ay`nalğan, ulttıq rwxtıñ bilte şamday` ölewsiregen tusı edi. İä, sol bir alasapıran şaqtağı qazaqtıñ xal-jağday`ın ay`tw degeniñiz- kädimgidey` miğa salmaq tüsirip,

äreñ qorıtılattın äñgimetuğın. Negizinen, qazaqı tüsinikti boy`larına lay`ıqtı sıñırgen jäne qazaqı дәstürdi saqtay` bilgen de alıstan at arıtıp kelgen sol ağay`ındarımız bolattın. Mine, solar ultqa uy`ıtqı da bola bildi. Jäkeñ de «Qazaqqa ne beremiz? Qazaqtı qay`tsek jetildiremez?» dep, salğannan el müddesi, ult muratı üşin ülken bir qawrıt jumısqa ilikti de ketti. Köp jumıs istedi. Onıñ adamdıq bolmısmıñ özi de- osı ultjandılığı men eñbekqorlıғында jatır.

Al Jäkeñniñ märttiği- jan-jağındağı jaqsı-jay`sañdardı jarılqap jüretindiginde jäne olardı jäbirlenwge jibermey`tindiginde, al jamandardıñ jüregin jegidey` jey`tindiginde, sonımen qatar, jön-joralğımın jönimen jasay`tın jäne erininen eñşi beretin «twsañ tw» dey`tindey` biiik tulğalı azamattıғында der edim.

Qazaqta eñ bir süy`singen, adamı qasıettiñ bärin boy`ına jınaqtağan kisi twralı berilgen bir minezdeme bar, ol: «Azamat!» -dep bir- aq awız sözben tüy`indeletin bağa eken. Mine, men körgen Jasan Zekey`ulı sonday` - azamat!

Maqsatı biiiktegen say`ın adam da rwxanı tolısa beredi eken-aw. Sol üşin de balası äkesinen, inisi aғasınan ozw şart. Mäselen, bizden göri bügingi bwın aqıldıraq. Atalarımızğa qaraғanda biz alğa sıqtıq. Bul ultımızdıñ azğındamawı üşin de kerek. Sonda ğana asıl tektilik tuqımımızda saqtaladı, tuqım qwalay`dı jäne tekti tuqım damı tüsedı...Ol alğa jiljw. Bolaşaqq köz tigw. «Mäñgilik El» bolw üşin de ünemi alğa jiljip otırw qajet. Öy`tpese, adamzat damımay`dı.

Rwxı ünemi ot-jalın şasıp turatın Jäkeñniñ «qazağım» degende, şığarda janı bölek. Äri awzınan Allası, qolınan altın inesi tüspey`di. Ol kisiniñ qalta telefonına qoñıraw şalıp: «Jäke, qalıñız qalay`?» deseñiz, «Alla dep , jürip jatırımız!» dey`di.

Jalpy siz, jaratwşımın esiñizge alıp: « Wa, Alla tağala!», - degen sätte boy`ıñızda qanday` özgerister bolattının bilesiz be? Mäselen, Gollandıyanıñ Amsterdam wñiversitetinde jürgizilgen zerttewlerdiñ nätijesi ğalımdardı tañ qaldırған. Alla Tağalanı köp eske alw barısındağı: «Wa, Alla tağala!», - degen söz way`ımdı basıp, qan qısımın qalpına keltiredi eken. Ğalımdar munday` qorıtındıға jeti jıl boy`ı musılman jäne musılman emes awrwlarğa jürgizgen zerttewlerdiñ nätijesinde köz jetkizgen körinedi. Äsirese «Wa, Alla tağala!» degen söz depressiya men way`ımğa uşırağandarğa jaqsı kömektesken. Negizi ğalımdar zerttew barısında nawqastarğa «Täñir» degen sözdi arab tilinde ay`tw şartın qoy`mağan. Nawqastıñ barlığı bul sözdi öz tilinde ay`tqan. Degenmen, sol zerttew

kezinde ğalımdar özge sözge qarağanda «ال» (Alla) söziniñ erekşe äserin anıqtağan. Sebebi, «ال» (Alla) sözindegi bastapqı «a» ärpın ay`tw barısında kewdeniñ üstingi jağı äreketke tüsip ökpeniñ awzı aşıladı. Al bul öz kezeginde ökpege awa kedergisiz barwına ıqpal etedi. Al «الله» (Alla) sözindegi «L» ärpın ay`tqanda til tañday`ğa tüip demdi bir mezetke toqtatıp, nätijede demdi retke keltiredi. Al «الله» (Alla) sözindegi «h» ärpı ay`tılganda eki ökpeni jürekpen bay`lanıstratın tamır äreketke tüswinen jürektiñ soğwı qalpına keledi eken. «Allanıñ özi de ras, sözi de ras» degen osı bolar!

Ötken 2016 jılı "Jas-Ay" Şıǵıs-Tibet medicına ortalıǵına Xalıqaralıq Ewropalıq medicinalıq qawımdastıǵınıñ, OKSFORD (*Angliya*), EMA-jäne basqa da uy`ımdardıñ birleswimen "Xalıqaralıq üzdik klinika" degen ataq berildi. Onıñ №022 sertifikatı jāne eki medali kwäligimen qosa Jasan Zekey`ulına saltanattı türde tapsırıldı.

Büiktikti betke alıp, kökjıekke umtılgan qıran sıyaqtı Jäkeñniñ de eki qanatı bar, birewi- ğılımda, ekinşisi- käsıpte. Mine, ol osı eki tizgindi de bügingi künge dey`in teñ ustap kele jatır.

Jan-düniesi muntazday` taza häm sändi jāne jılı sözi men bata-tilegin awzınan üzbey`tin Jäkeñdey` jay`sañ janğa BAR BOLÑIZ JAQSI AĞA degim keledi!

## ЖАКЕ МОИМИ ГЛАЗАМИ

*Люби если сын достоин, видно, стоит от ее.  
Абай Кунанбаев*

Если видимая граница между небом и землей называется горизонтом, то покровителем и хозяином этих просторов называют орла. Как говорил великий Абай, «дух от небес, тело из земли». Кто, как не казах знает особенности и ценность этой двукрылой дикой птицы?

Орел птица придирчивая - летает на больших высотах, гнездо вьет на крутом утесе. Но добыча ее находится внизу. С высоты около трех тысяч метров видит орел десятки волков, более ста лисиц, тысячу зайцев, но берет только одного. Таков уровень и сознательного человека, что видит он десятки, сотни, тысячи профессий, но знает, которая нужна ему сейчас. Ее и выбирает. Человек как орел должен стоять на вершине своего мира. Таков мой Жәке: из всех нужных специальностей выбрал свою. Наверно поэтому он верен и труду, и выбранному направлению.

13 января мне было трудно добраться от Семей в Астану. Для многих «13» неудачная цифра, но, не придавая значения примете, я вышел в путь. Буран. Дорога закрыта. Многие пассажиры в спешке сдавали свои билеты. «Будь что будет»,- сказал я и на поезде за двадцать часов с трудом, но добрался до столицы. Астана тоже как разгневанная женщина, встретила изменчивой погодой. К гостинице добрался только к часу ночи. В этот день встретиться с Жәке я уже не смог.

Жәке – это Жасан Зекейұлы, доктор медицинских наук, профессор, академик, генеральный директор медицинского центра «Жас-Ай», главный редактор медицинского информационного журнала «Жас-Ай», отличник здравоохранения РК, заслуженный профессор Международного Венского университета, обладатель международного ордена имени Сократа, ордена Организации объединенных наций, в состав которого входит 193 государства, и медали «За трудовое отличие» РК.

Самая главная ценность нашего мира – это человек и его жизнь, а врачи их защитники и хранители. Легко ли спасти человека? Не каждый в нужный момент может проявить отвагу и мужество, чтобы спасти человека, кроме врача... такую истину не донести словами...

Но тем не менее, подведу свое предисловие к основному делу, которым занимается Жәке – это Восточная медицина. Есть несколько пунктов, в которых можно описать разницу между западной и восточной тибетской медициной.

**Первое** – причину болезни ищут с 12 пар каналов, соответствующий основным органам. По этим каналам расположены 700 биологически активных точек, и при лечении болезней необходимо воздействовать не напрямую на орган, а иглоукальванием в эти самые точки. Способы и методы иглотерапии, от того в каком направлении ставить и до усиления иглы на заболевание (*накалывание электричеством, нагревание травами и др.*), могут быть разные.

**Второе** – препараты, используемые западной медициной, лечат одно заболевание, но приносят вред другому органу. А восточная медицина предпочитает препараты, разработанные на основе лечебных трав, поэтому практически не имеют побочных эффектов.

**Третье** – многие, кто занимается этим делом, ставят диагноз, в прямом смысле «держат руку на пульсе». Обычно у человека 80 типов частоты пульса. Он может показать симптомы сотни болезней, особенности мышления, чувствительности рук.

Сегодня два центра Восточной медицины, открытые Жәкеном в Алматы и Астане принимают пациентов. Принимая дар, передающийся из поколения в поколение, занимаясь лечением, Жасан Зекейұлы является не только хорошим врачом, но и гражданином с четкой позицией, товарищем, готовым протянуть руку помощи, именно поэтому все с уважением называют его «Жәке». Я бы сказал, что это не показушная любовь, не крикливая искренность, а общественное мнение казахстанцев. Потому что человек к чему привык, к тому и почитателен. А у Жәке есть такая привычка, при виде знакомого встречать его с доброжелательством и учтивостью, тепло приветствуя: «О, хорошо что ты здесь, брат мой!». Расспрашивает о жите-бытье, детях и семье, погоде и родных краях. Это и есть человечность!

Мы с уважаемым мною Жэке, который является уникальной личностью, все пять лет знакомства уважительны друг к другу как старший и младший брат, и общаемся словно давние знакомые, съевшие вместе пут соли. Для меня он стал большим примером как человек с большим сердцем, который держит слово, дает справедливую оценку в любой ситуации. За это время я убедился, что он степенный человек, который ставит жесткие условия как себе, так и другим, не терпит разгильдяйства и халатного отношения.

Перед Жэке находишься как у доски в школе. Как говорится, «истину спроси у старших, они знают». Он всегда может заметить ошибку человека, не скромничая и не показывая ложную стеснительность, прямо говорит об этом. Однако любое замечание делает не обижая, с особой сердечностью. Такую человечность Жэке я хочу донести так: почему монгольские сапоги остроносы и не имеют каблука? Потому что, когда человек наступает на землю, то не подминает носком траву, не срезает каблуком ее корень. Это и есть экологическая культура кочевого народа. Такое же отношение к человеку у Жэке.

Конечно, в этом бренном мире каждый может ошибиться, поддаться человеческой слабости... Однажды и со мной такое случилось. Тогда Жэке по старшинству отвечая после небольшого раздумья как можно мягче сказал: «Мой младший брат, следуй правилам хорошего тона, не выступай так перед старшими. Среди них есть те, кто поймет твое искреннее отношение, есть те, кто может не понять. Будь осторожен!». Я давно знаю о прямолинейности моего старшего товарища, но после такого упрека стоял как пригвожденный. Слово старшего – закон для младшего, по привычке я замолк. Молча продолжил свою работу. Совсем скоро все забыли об этом разговоре. Такой у Жэке характер.

Как говорится, «никогда никому не рассказывай много о себе. Когда человек завидует, становится слепым, который прозрел, немым, который заговорил, глухим, который слышит». Хорошо когда о благородстве человека говорят другие, а не он сам. Для того, чтобы судьба сложилась успешной говорят человеку нужно родиться и талантливым. Ставший примером среди своего поколения, уважаемый представитель казахской интеллигенции Жасан Зекейұлы сегодня в числе мировых знаменитостей. О нем пишут и в Европе, и в Америке, и в Японии, и в России и Китае. Но мы должны понять одно

– как мы сможем сделать популярными своих современников как Жэке, если не будем их поддерживать, а наоборот будем спорить, проявляя неуместное красноречие, разводя демагогию? Великий философ своего времени Конфуций говорил: «Из миллиона седых волосков, тысячи побелели из-за собственных душевных невзгод, остальные из-за хлопот, доставленных подлецами». С того времени, как стал другом Жэке я не раз становился свидетелем, слышал о трудных испытаниях, им пережитых. К слову, не все бы вынесли, когда заслуженные потом и трудом достижения стали причиной зависти и соперничества. Более трех лет такие приспешники точили, словно черви душу и нервы Жэке. Не считая мелких угроз, несколько раз на него были совершены покушения. Бездушные и хищные, они пытались отравить Жэке даже во время его поездки в Малайзию. После такого отравления четыре дня не мог он и глаз сомкнуть (*Говорят, что если не спать семь суток, то можно и умереть*). Растеряны были и доктора. Из Казахстана вызывают его родственников и под расписку отпускают домой. От такого, полученного им укола, выживает только 1% людей, а выжившие, во многих случаях становятся инвалидами. Но сказали, что и надежда на выздоровление есть. Если он выживет, то 100% уверенности в том, что все будет хорошо. «Честному и бог сторонник» - в тот год сохранил он жизнь Жэке. Вот и находится среди нас гражданин, рожденный на счастье народа!

Эй, народ! Не будем занимать подстрекательством хороших людей! Не будем виснуть на чужой штанине как декоративные собачки. Не будем гнездить в их душах сомнения, ранить сердца пустыми словами. К чему это нам? Разве таких не описывают у нас в народе словами «недалекого ума» или «льет красную зависть»? Обидное слово как стрела выпущенная в темноту: ее не видно, но может больно задеть... В этой короткой как хвост кургузой кобылицы жизни что может быть лучше чем жить не обижая друг друга, решать проблемы подходя с умом? Разве немало людей, возводивших напраслину, а потом страдавших от стыда из-за собственных заявлений?...

Давным-давно случилась такая история. Вышел в ночную темень со свечой набрать воды с колодца один слепой. Его спрашивают: «Зачем тебе свеча? Ты же все равно ничего не видишь!» А он в ответ: «Даже если я не вижу, другие увидят свет и не собьют



меня». Да, не гасите светильник ума, люди, чтобы не сбили вас лишённые милосердия и воспитания, не знающие гуманности! Если гложут вас тяжелые думы, напишите их на песке, распирает счастье – напишите о нем на камне. Поделитесь своей радостью, и ее станет больше!

К слову, есть и недостаток во всем этом: чем дальше гора, тем грознее ее очертание. Быстро она оседает... не замечаем мы этого, не видим, забываем! Так нельзя...

В этом году Жэке исполняется 50 лет. Вроде не так много – 50. Но как пел Бухар жырау, «пятьдесят - откочевывающий караван», это возраст, когда духовная сущность человека находится в самом зрелом возрасте. Говоря по сложившейся культурной традиции, поздравляю вас, желаю долгих лет жизни, Жасан Зекейұлы! Чтобы успешными были добрые дела, каждый шаг приносил пользу, пусть ваш авторитет в обществе только увеличивается!

Конечно, уметь понимать сущность человека тоже своего рода талант. Но ведь у каждого есть свои особенности, взгляды, понятия. Не так легко писать о таком новаторе как Жэке. Чтобы писать о таком человеке ты сам должен соответствовать в вопросах человечности, чистоты, знаний. Немало тех, кто, прожив сто лет, не совершил столько благородных дел как он. Но и настоящее уважение и любовь к такой личности мы проявляем по-разному. Это и понятно. Не каждый сможет создать именно человеческий образ личности, известной своими трудами. Читайте это размышлениями на тему. Даст Аллах здоровья, продолжу в будущем...

Как говорится, воспитанный на примере отца передаст эти знания внуку, правнуку. У предка Жэке в пятом поколении Бек аулие (*что значит «святой»*) односельчане спросили: «Святой аулие, передастся ли ваш особенный дар вашим потомкам?». Достойный старец ответил: «Будет такой дар у детей моих правнуков». Слова великого предка оказались правдивы.

Уважающий старших, опекающий младших Жэке даже своим обликом притягивает людей, вызывая доверие. Он всегда в пути: когда бы ни застал его, он собирается в дорогу - то в Астану, то в Алматы. Какая нужна для этого выносливость! Он никогда не жалуется, даже после дальней дороги или бессонной ночи. Всегда готов побеседовать, всегда готов к труду. А что поделывать? В двух городах его с нетерпением ждут страждущие, которые ожидают его с

дороги. Он сломя голову спешит на помощь. По-другому нельзя. Нет терпения заставлять кого-то ждать. Вот так пролетело 12 лет. Много ли, мало вылечил более семидесяти тысяч заболевших, бесплатно провел лечение более 10 тысячам человек, более пяти тысячам женщин подарил возможность стать матерью. Скольким еще людям он подарил свой свет? Вместе с тем есть и множество организованных благотворительных мероприятий, наравне с которыми уделяется время и общественной работе... Не буду расписывать подробно, так как обо всем уже рассказали в средствах массовой информации, сети Интернет, телевидению, радио.

У казахского народа принято в беседе делать расспросы – узнавать от происхождения, начала родословной до сложившихся традиций. Подводя итоги беседе, обычно говорят: «Ее... оказалось мы родственники. Если и дальше будем расспрашивать, то окажется, что и жена мне сестрой приходится, так что не будем углубляться!» Аллах, таков казах, что уживаются в нас наивность и хитрость!

В этом ключе и я хочу дать разъяснение о корнях и предках Жәке. Великий предок его был известной личностью в местах Ошеты, Оркашар, Коржын Тубек Тарбагатайского района Китая. Звали его «знахарь Бек», «целитель Бек», «святой Бек». Бытуют еще легенды о целителе Беке, который с помощниками собирал адраспан, мяту, золотой корень и другие лечебные растения, делал из них лекарства и навьючив верблюда корджунами путешествовал по Ошеты, Оркашар, Корджун Тубек, что в Тарбагатайском крае и лечил людей. В древних исследовательских рукописях Китая «о священных местах и святых людях» остались записи, где говорится о том, что молва об известном целителе Беке дошла до самого императора. О его целительском даре, ясновидении и даре провидца потомкам, родным и близким рассказал отец Жәке – Зекей Тұрсынбекұлы, который хранил доверенные ему знания. Он был государственным деятелем. В свою очередь его отец - Турсынбек имел вес среди народа. Он был одним из тех почтенных людей, кто наравне с представителем управленческой системы Ваисом, оратором Мамыраздыком, күйши Базгалымом участвовал в жизни общества. Поэтому закономерно, что будучи потомком благородных, больших высот добился и Жәке.

В своем материале я не могу полностью отразить то, что я видел, слышал и знаю о Жәке. Это лишь частичка моих

умозаключений, в которых я хотел показать его разносторонние особенности.

Аллах подарил нашему народу уникальную черту, которую можно считать подарком судьбы, это – гостеприимство. Жәке тоже из тех, кто с удовольствием и заботой встречает гостей. Разве могут быть более красивыми слова, торжественнее встреча, чем перед щедрым дастарханом, накрытом для гостей после рабочего дня?! Он любит, когда в его доме собираются шумные компании, состоящие из талантливых людей, которые как и он сам ценят и бесконечно любят творчество. Он проявляет особо уважение к каждому, встречая как собственных сватов. Разве бывает такой дастархан без песен и жыров? Жәке берет в руки аккордеон, открывая вечер шестистишьем, а после, соблюдая церемонию гостеприимства, уступает право выступить гостям. Вот так получает принимающий гостей истинное удовольствие от встречи. «Есть терапия лечения искусством, в том числе музыкой, кюями. В давние времена говорят и мой предок Бек использовал этот метод лечения. Потому что, когда человек слушает мелодию, играет на инструменте кюй, не думает ни о чем другом, все внимание его сконцентрировано на словах к песне, мелодии, кюйе. Человек получает от этого удовольствие, в нервах, в кровеносной системе увеличиваются гормоны, отвечающие за положительные эмоции», - говорит Жәке. Словом, где бы он ни находился, Жәке крепко соблюдает правила поведения, как и правила беседы. Любой собеседник, даже самый неуживчивый человек, с интересом ждет беседы с Баке... Да, так и есть! Каждый человек, несмотря на возраст, тянется к духовному просвещению и теплому слову, разве нет? Когда он рядом, беседа начинает быть откровенной, открывается завеса и приходит состояние радости. Я не раз был свидетелем такого феномена. Не только музыкой, но и глаголом жжет сердца людей Жәке, когда владеющий ораторским искусством, он вежливо ведет разговоры. Его баритон, который казахи называют «қоңыр дауыс», буквально – «гусиный голос» звучит проникновенно, когда он выдает без изменений ценные истории из жизни. И в этом проявляется его мастерство. Сам он называет такие беседы терапией слова. Да, ведь не секрет, что слово может и убить и возродить человека! При каждой беседе, которая случается на наших встречах Жәке делится содержательными и поучительными истинами. Достаточно иметь ухо, которое слушает, разум, способный их

воспринять. Слушай с желанием, слушай с вниманием. Он оказывает большое влияние на слушателя в духовном плане, можно услышать от Жәке важную мысль, оригинальное, словно вышитое полотно, слово. Даже сейчас своим весомым словом он может заставить слушать массы. И в повседневности он заставляет считаться с собой, а на службе, так и говорить не о чем. Красив нравом, ответственен в работе, Жәке уважаем среди народа, имеет большой авторитет. Нужны нам такие граждане, которые поймут казахский нрав, будут также любить свою землю и народ, смогут там, где стоит твердое «нет», зажечь огонь вечного «да»!

Самой особенной чертой Жәке можно назвать то, что он семь раз отмерит, прежде чем один раз отрежет. Такую предприимчивость, созидательность, новаторство он показал, когда находился в родных местах. Время его возвращения совпало с периодом, когда у миллионов казахов пропадало национальное мышление, национальное естество, говоря по правде, советская империя поглотила этот национальный дух, который словно фитиль светильника горел на последнем дыхании. Да, говорить сейчас о тех смутных временах для народа очень трудно, трудно делать выводы. Между тем, этот национальный дух сохранили те собратья, которые будучи репатриантами, привезли его на историческую родину, благодаря сохраненным традициям. Они смогли стать опорой для всей нации. Жәке тоже включился в эту спешную работу, направленную на общие цели и интересы народа, задавая себе вопросы: «Что мы дадим казахскому народу? Как будем развиваться дальше?» Прделана колоссальная работа. Его человеческая сущность и заключается в этих двух понятиях – патриотизм и трудолюбие.

А щедрость Жәке заключается в том, что он благодетельствует в отношении хороших людей своего окружения, не позволяя их обижать, а тех, кто имеет злой умысел, заставляет пожалеть, кроме того, исполняет все обычаи и традиции по уму, являясь личностью с высокой гражданской ответственностью.

У казахов есть одно слово, которое вбирает в себя все положительные качества, найденные в человеке, это – «Азамат!», то есть «Гражданин». Такая обобщающая оценка. Жасан Зекейұлы, которого я вижу, которого я знаю - такой, он – гражданин во всех смыслах этого слова!

Чем выше цель, тем сильнее духом становится человек. Поэтому ставится условие сыну быть лучше отца, младшему в семье превзойти старших братьев. Например, нынешнее поколение умнее нас. В свою очередь мы опередили своих предшественников. Это способствует тому, что нация не вырождается. Так остается в поколениях благородие, приобретаются наследственные признаки, развивается интеллигенция. Это прогресс. Нацеленность на будущее. Для того, чтобы стало вечным государство - «Мәңгілік ел», необходимо это движение вперед. Иначе не будет развиваться человечество.

Известный своим огненным духом Жәке, душу отдаст при слове «казахский народ». На устах его имя Аллаха, в руках дело спорится. Если позвонить на его сотовый телефон и спросить: «Жәке, как у вас дела?», то он ответит: «Да с именем Аллаха все идет хорошо!».

Знаете ли вы, какие изменения происходят в вас, когда вы вспоминаете про бога и произносите «О, Аллах Всевышний!»? Ученые голландского университета Амстердама были удивлены, когда увидели результаты одного своего исследования. При многократном поминании Всевышнего со словами «О, Аллах Всевышний!» исчезает беспокойство, нормализуется артериальное давление. Такой вывод сделали ученые после семилетнего исследования, которое проводилось на больных пациентах, часть которых являлась верующими мусульманами, а другая представителями других конфессий. Особенно слова «О, Аллах Всевышний!» хорошо помогали людям, страдающим от депрессии и беспокойства. В целом ученые не ставили перед участниками эксперимента условия произносить слово «Всевышний» на арабском языке. Больные пациенты выражали это слово на родном языке. Но при этом особый результат они увидели именно у тех, кто произносил слово Аллах. Потому что это слово начинается на букву «А», при произношении которой верхняя часть грудной клетки расправляется, позволяя легким открыться, что дает воздуху безприпятственно достигать нужного направления. При произношении следующей буквы «Л» в слове «Аллах», язык касается нёба, задерживая дыхание, позволяя его урегулировать. При произношении буквы «Х» в отношении вступают сосуды, связывающие легкие и сердце, что восстанавливает ритм сердца. Наверно это и есть подтверждение словам: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» - истина в Аллахе, как и в его слове!

В прошлом году медицинскому центру «Жас -Ай» было присуждено звание «Лучшая международная клиника», которое присуждается коллективом организаций, в числе которых Международное Европейское медицинское сообщество, Оксфорд (Англия), ЕМА. Сертификат соответствия под номером 022, а также две медали со свидетельствами были торжественно вручены Жасану Зекейұлы.

Стремящийся на вершину, как орел летящий к горизонту Жәке имеет два крыла, одно из которых – наука, второе – профессия. Все это время он не опускает удила.

Ему, имеющему чистоту помыслов, красивое и теплое слово, не забывающему о наказе и пожеланиях предков, я желаю - будь всегда, хороший друг!

## ЖЕТІНШІ ТҮЙСІК

*Алланың пенделері емделіңдер, өйткені Алла Тағала  
кәріліктен басқа кеселдің бәріне шипа берген.  
Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.)*

Міне, күн мен түн, жарық пен көлеңке, мұң мен қуаныш теңелер мезгілге де бар болғаны бір-ақ күн қалды.

Мен 20 наурыз күні таң құланиектене Семейден шыққан едім, ымырт үйіріле Астанаға жеттім. Мұнда көктемнің төбесі көрінгенмен ақ қар, көк мұздың көбесі сөгілмепті. Ерімей сіресіп жатқан Есіл жарықтыққа қараған беткейден қарт шаһардың күндізгі келбеті де ерекше зорайып көрінеді екен...

Иә, жеңіл әрі байтақ тілмен айтқанда: қыстағы үскірік аязы бетінді тырнайтын, жаздағы қара балшығы балағыңды былғайтын кешегі Қараөткел бүгінде Астана атанып, әлемге әйгілі қалаға айналды. Оның бойына сонау сақ пен ғұннан қалған ұлы мұра-көсемдік қасиет пен ұлттық рух кеп орнады. Ендігі ең маңыздысы да осы - ұлттық рухтың әрі қарай жалғасуы!

Қазіргі таңда «Отанының дәм-тұзы тартып, елге оралған қазақтар егемендігімізді сақтап қалуға мол үлес қосуда» деген замани қағида баршамыздың көкейімізге мықтап ұялай бастады. Ресми мәліметтер бойынша атажұрттағы қазақтың санын 20%-ға өсірген де осы бауырларымыз. Тәубә! Әйтсе де бұл ағайындарымыздың сіз бен бізден басты артықшылығы да бар көрінеді. Олар ұлтжандылығы мен патриоттығы жағынан, сонау отаршылдықтың масқара қамытын киіп, рухани кеселдің зардабын әбден тартқан, сөйтіп барып кеңестік лагерден зорға шыққан біздерден көш ілгері тұр. Өйткені, біздің ойымызда әлі де үрей мен қорқыныш бар. Әйтеуір, біреуден жасқану бар. Ал олар еркін ойлы және батыл. Елін, жерін сүю махаббаты да орасан күшті. Оның құр сөзбен емес, нақты іс-әрекетпен айғақталатынын да осы туысқандарымыз көрсетуде. Мен бұл азаматтардың бойынан адалдық пен ұлтқа деген жанашырлықты бар жан-дүниеммен сеземін. Оларды қандай да бір шаруаға араластырсаң да, қыздың жиған жасауындай етіп тап-тұйнақтай тындырады: мысалы, сөйлетсең, сөздің жағын айырып, қанын тамызады, ән салдыртсаң, көзіңе жас үйіртеді, ал жолдас болсаң, қоң етін кесіп

беруге әзір! Керек десеңіз, ата-бабаларымыздың қайсар да өршіл рухы солардың жүрегінде жүр. Өздері шеттерінен мейірбан, бір-бірімен құдды бір үйдің баласындай көзбен сөйлесіп, көңілмен ұғысады. Қазақтың дәстүрі мен салтын да сіз бен бізге қарағанда әлдеқайда жақсы біледі және оны қызғыштай қориды. Сондықтан да ол бауырларымыз «ұлтым», «қазағым» деп келіп, жарғақ құлақтары жастыққа тимей, игілікті істерге де көп еңбек сіңіріп жатыр. Хакім Абайдың: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» деп айтқанындай, олардың әрқайысысы өз кетігіне кірпіш болып қаланып, ұлтының ертеңіне риясыз қызмет етуде. Мәселен, ҚР Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібекұлы, академик Жасан Зекейұлы, күміс көмей әнші Майра Мұхамедқызы, атақты боксшы Қанат Ислам, мығым кәсіпкер Ғалымжан Пернебаев және т.б даңқты қандастарымыздың келуі- біздерге зор мәртебе де, зор мақтаныш та сыйлады. Мерейлеріңіз әрдайым үстем болсын, қадірлі туысқандар!

Атам қазақ: «Жақсының жақсылығын айт - нұры тасысын, жаманның жаманшылығын айт - құты қашсын!» дегенде, сол кісінің елге жасаған қамқорлығын, тигізген пайдасын айт және оның жақсы қасиеттерінің көрініс беруін де атап айт, себебі, жақсының жақсылығын айту- әрі сенің азаматтық парызың дегенді де меңзеген сыңайлы. Әрине, ол солай. Күллі ғажайыптың да тамашасы - жақсы адам. Ондайды біздің қазақ: «Бас терісі келіскен дұрыс адам» дейді!

Жалпы, жақсы адамдардың іс-әрекеті басқаларға ой салып қана қоймайды, оларды алдағы күндерге жетелейді де. Сондықтан да біз жақсыларды мақтаймыз және олармен мақтанамыз!

Десек те, еңбегі жанған, ел таныған, өзінің тұғырлы тұлғасын қалыптастырып үлгерген Жасан Зекейұлы біздің мақтауымызға еш мұқтаж емес. Ол кісі қызығы мен шыжығы мол толғауы тоқсан тіршіліктің толып жатқан толғақты проблемаларынан да жоғары және ұдайы басты орында тұратын «денсаулық» атты бірінші байлықтың тұтқасын ұстаған абзал жан.

Менің де ет - жүрегім елжірей отырып жазатын тақырыбым да осы - денсаулық және дәрігер!

Әр нәрсенің басын шалып, шатып-бұтқан «білгіш-оттаубайларыңның» да, қарнымен көк тіреген Қарабайларыңның да тізе бүгіп, бас иетін және науқас тәніне араша сұрайтын жері де осы-дәрігердің алды екен.

Жәкеңе сүйретіліп келіп, одан құр аттай ойнақтап шыққан небір



марқасқаларды көріп жүрмін. Солардың көпшілігімен араласамын да. Енді бұл пенделердің арасында кімдер жоқ дейсіз... аузымен құс тістейтіндер де, сол құстың сүтін ғана ішкім келеді дейтіндер де... жаман сөз түгілі ондай ойға қимайтын небір аяулылары да бар?!

Мен мына ғұмыр-тіршілігімде қызметтік баспалдақтардың бірталайын басып көрдім. Кейде «бақсам, бақ екен» дегендей ысқырығы жер жарып, бақырып-шақырып, әкірендеп жүрген басшылардың жолының сұйық екенін де іштей сезетінмін. Мұндайларды атам казак: «Таяз өзендер шулы келеді» демейтін бе еді?!

Менің түсінігім бойынша, «басшы» деген Жәкеңдей болса, шіркін?! Әйтеуір, мына бір бес күндік жалғанда болып-толып отырған қолы ұзындарға барсаң болды, оның біреуі шіренетін, біреуі ернін шүйіретін, біреуі кейінге шегеретін, сөйтіп, бір күннің ішінде-ақ ине жұтқан иттей болып рухани жағынан арып, азып шыға келетінмін. Сондай бір жабырқау кезде түркімен халқының ұлы перзенті Мақтымқұлының өлең жолдары ойыма орала беруші еді:

*«Биік таулар бойшаңмын деп шіренбе,  
Күнің жетсе, сен де типыл боларсың.  
Терең теңіз тәкәппарсып түнерген,  
Суың кепсе, сен де бір шөл боларсың»-* деген...

Алайда, басшы болып жүрген сол кереметтердің бәрі де дәрігердің алдында қауқарсыз, бейшара-сорлы кейіпке еніп кетеді екен. Ол дімкәс жан адамнан жасырған жерлері мен сырларын бірінші - «Алла Тағаладан», екінші - «дәрігерден» жасыра алмайтын көрінеді. Иә, сен кім болсаң ол бол, мейлі, ал «дәрігер» деген сенің уақытша қажет ететін адамың емес, «дәрігер» деген сенің әрқашан да және күнделікті қажет ететін адамың болып қала береді. Сондықтан сен дәрігердің де бас амандығы үшін өмір сүр. Өйткені сенің он екі мүшеңнің саулығы бірінші - «Алла Тағаланың», екінші- «дәрігердің» ғана қолында. Бұдан басқа өлшем жоқ!

Ал жазылып шыққаннан кейінгі әлгілердің ыстық ықыласын-ай, десеңші. Қайнаған самауырдай екі иықтарынан әзер дем алып, етектеріне сүріне-қабына, ағыл-тегіл ақжарма тілектерін ақтарып жатқаны-ай, келіп... Сонда ойлаймын ғой: «Япыр-ай, мұндайларды жуасытатын да жынын қағатын да тек дәрігер екен-ау» деп...

«Жуан бәйтерек жіңішке шыбықтан бастау алады» дейді дана халқымыз. Менің Жәкеңмен сыйласа, сырласа жүріп аңғарғаным:

оның бойында бастағалы отырған ісінің аяғын білетін болжағыштық қасиеттің бар екендігі. Енді бұған туа бітті тектілік, табиғи талант, тағылымды тәрбиені қосыңыз. Содан бітімі бүтін, кіршіксіз кісілік қонған Жасан ағадай нағыз азамат қалыптасқан. Ал азаматтығы жоғары адамды жұрттың бәрі де жақсы көреді.

Біздің қазақта: «Адамның адамгершілігі- оның ниетінде. Әр нәрсе - ниеттен деген. Не берсе де ниетіне береді» дейтін тамаша сөз бар. Бұл Жәкеңдей адамдарға айтылған-ау, сірә?.. Иә, ниеті ардай таза, шықтай мөлдір ғой алтын ине ұстаған алтын жігіттің...

Медицина (*Медет Сина, яғни Синаның емі- деген сөз*) терминінің атасы Әбу Насыр Ибн Сина: «Ауруды емдеудің үш құралы бар, ол- жылы сөз, шөп және дәрігер қандауыры» десе, қытай ғұламасы Күнфудзы: «Адамның денсаулығы- адамның көңіл-күйінде» деген екен. Расында да «адамды екі нәрсе қартайтпайды, бірі- жақсы мінез, екіншісі- жақсы сөз» дегендей, Жәкең алғаш рет көрген адамына да шапағатын тигізіп үлгереді. Онымен екі-үш-ақ ауыз сөзбен алмасқанның өзінде де ойыңа ой қосып, санаңа сәуле түсіріп, көкірегіңе жылу ұялатып жібереді. «Қабағында қалжыңы бар адамның қартаюуы баяу»- деп, өз жөнімен жеңіл әзілді де желдіртіп өтеді. Сіз ол кісінің айтқан әзілін естісеңіз болды, кемпір болсаңыз- қыздай боласыз. Ал алтын инесін алсаңыз, ақсақ болсаңыз - тыңдай боласыз!». Содан ғой Жәкеңнің: «Сөз өз орнында - құнды, мергеннің атқан оғындай. Егер оқ көздеп атылса, нысанаға дәл тиеді, ал диагноз адам өміріндегі соңғы үкім емес, дауа дертке дөп тисе, ауру жазылады. Науқас, ең әуелі аурудың ырқына берілмеуі керек. Өйткені, адамды тұтас етіп тұрған оның тәні мен жаны ғана емес және ой-санасы да. Міне, біз осы үш тармақты бір жүйеге салып емдейміз. Адам жүрек пен сананы таза ұстаса, тән өзі-ақ дертінен айығады. Яғни, ауру санадан алыстаса ғана, тән қандай дертті болсын жеңіп шығады» дейтіні... Сенбесеңіз, барып көріңіз. Одан сіздің аса көп уақытты ұрлата қоймайтыныңызға мен кепілмін. Жәкең сізге құшағын жайып мейірімді жүзбен жымия қарсы алғанда, бейне бір он жыл көрмеген құдаңызды көргендей қуанышқа кенелесіз. Мына жарық дүниенің барлық мұңы шаттыққа бөленіп сала береді. Сіздің жүрегіңізді кернеген құрмет-ілтипат пен адами ғибраттың да өзекті бір белгесін содан табасыз. Бұл енді сізге оқулықтан үйрене алмайтын нәрсе, оның аты - жетінші түйсік деп аталады: ол адамға жоғарыдан «Алла Тағаладан» ғана берілетін ерекше қасиет. Бұл

қасиет көбінесе көріпкелдерде, бақсыларда, тәуіптерде, сәуегейлерде, әулиелерде, пайғамбарларда болады. Ғылыми тілде мұндай адамдарды «**Синестеттер**» деп атайды. Мәселен, Ырғызбай әулие, Бек әулие, Ванга, Вольф Мессинг және т.б. Бұлар түсті сезіп, әуенді көретін адамдар. Яғни, «**сезетінді көріп, көретінді сезеді**» деген сөз. Басқаша айтқанда: рухани кемел адам. Міне, дәл сол рухани кемел адам өзінің бар болмыс-бітімі мен рух тазалығын сақтап, жүрегінің көзін ашқанда ғана оның жетінші түйсігі іске қосылады. Бұл қасиеттің алтын дінгегі де - осында!

Мен мына бір нәрсені санама сыйдыра алар емеспін. Мәселен, бірінші байлық- денсаулық дейміз де, ал әлемнің 7 кереметі: «Мысыр пирамидалары, Семирамиданың аспалы бағы, Эфестегі Артемида ғибадатханасы, Олимпиадағы Зевстің мүсіні, Галикарнастағы Мавсол патшаның табытханасы, Родостағы Гелиостың мүсіні, Александрия шамшырағы» деп айтамыз. Ал шындығына келгенде бұлар бар болғаны адам баласының қолымен салынған құрылыстар ғана емес пе?

Біздіңше, әлемнің 7 кереметі деген, ол - 7 түйсік: көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, ойлану, сөйлеу, түйсіну!

Мақаланың тақырыбын «жетінші түйсік» деп қоюыма менің жанжарым Сымбаттың бір-ақ ауыз сөзі түрткі болған еді. Сымбат Әбдікәрімова - жоғары санатты балалар - невропатологі, инфекционист, реабилитолог және Семей медицина университетінің ассистенті әрі магистранты.

Өткен жылдың желтоқсанында Сымбекенді Жәкең Астанадағы медициналық орталығына директорлық қызметке шақырған болатын. Содан біз артынып-тартынып елордаға жеттік. Осының сәл алдында ғана орталықтың ашылу салтанатына да құрметті қонақ ретінде қатысып қайтқанбыз. Жәкең тұрмыстарыңа қолайлы болсын деп екі бөлме де берді. Сымбекенді өзінің емдеу методикасына үйрету үшін жанына ертіп алды. Жәкеңнің жұмыс істеу технологиясын көрген Сымбекең бес күннен кейін: «Дәрігер болып жүргенімнің 16 жылында «жетінші түйсігі бар адамды» бірінші мәрте кездестіруім» дегені. Ол түйсіктің қандай екенін білетіндіктен, екеуіміз де ойланып қалдық.

Иә, «жетінші түйсік», екінің бірінің пешенесіне жазылмаған ғаламат тағдыр! Алла Тағала Жәкеңді дұшпанның сұғынан сақтасын!

Кейіннен Сымбекең магистратурадағы іштей оқуын тастауға

болмайтыны себепті Семейге қайтып оралды. Қазірде Жәкеңнің сырттай тілеуін тілеп отырады!

Жасан Зекейұлы Қытайда 7 атасынан бері ине салу әдісін қолданып жүрген әрі осы ілімді ғылыми тұрғыдан зерттеп- зерделеп, том-том етіп кітап жазған Құн Сұн есімді ғұламадан бата алған. Бұл кісі инемен емдеу тәсілі қолданыла бастағалы бері алтын иненің күдіретін әлемге танытқан ғалым-дәрігер. Ұлы ұстаздың Қытайда мыңдаған шәкірттері бар. Ал оның тәлімін алған, қазақтан шыққан жалғыз шәкірті әзірше- Жәкең ғана.

«Аллаға шүкір!» деп айтайын, қазіргі таңда Жасан Зекейұлы талай-талай белестен асты, сол ғұлама-ұстазының батасы жолын да ашты. Бір емес екі бірдей мегаполистен (*Алматы мен Астанадан*) «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медициналық орталығын іске қосты. 140 адамға жұмыс орнын тауып берді. «Зиялы» деген бір адамның басына жетерлік тәп-тәуір атақтары да бар. Мәселен: медицина ғылымдарының докторы профессор, академик, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Вена халықаралық университетінің «Құрметті профессоры», халықаралық «Сократ» атындағы орденнің, құрамына 193 мемлекет кіретін БҰҰ - ның халықаралық «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Халықаралық шығармашылық және Шығыстық емдеу академиясының академигі, ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері. Сонымен қатар, медициналық орталықтағы «Нұр Отан» ХДП бастауыш партия ұйымының төрағасы, ҚР Ардагерлер Орталық Кеңесінің мүшесі, «Жас-Ай» медициналық - Ақпараттық журналының Бас редакторы, «Жас-Ай» медициналық орталығының Бас директоры және Бас дәрігері деген қызметтерін де қоса атқарып жүр.

Бірақ оны осынша атақ пен қызмет еш өзгерте алған жоқ. Себебі, ол кісінің жетінші түйсігі бар!

Дегенменде, Жасан Зекейұлының халыққа жасаған осы өлшеусіз еңбектері туралы көптеген кітаптар жазылып (*«Тәуелсіздік- тағдыр сыйы», «Шығыс-Тибет шипагері Жасан Зекейұлы», «Тектілік тегеуріні», «Жарқырай бермек, Жасан әлемі», «Тәуелсіздік киесі», «Ізгіліктің ізі бар...»*) жарыққа да шықты. Әлі жазылып жатқандары қаншама.

Күнделікті өмірде де Жәкеңдей жүрегінде иманы бар білімді әрі іскер азаматтың медициналық және ғалымдық бағытта атқарып жүрген күллі жұмыстары мен ізденістері де ізгілікке арналып келеді.

Ол ғалым ретінде де алыс-жақын шет елдерде өтетін ғылыми отырыстар мен конференцияларға жиі шақырылады. Былтыр ғана Түркияның Анкара қаласында 83 мемлекеттен жиналған 214, ал Түркияның өзінен 109 ғалым қатысқан әлемдік деңгейдегі *«Жаңа Түркияның білім және технологиялық даму стратегиясы»* атты ғылыми конференция болып өтті. Конференция жұмысына Түркия Президенті Реджеп Тайып Ердоган өзі қатысып сөз сөйледі. Ғылым мен технологияның өткені мен бүгіні және болашағы, энергия өндіру мен басқару, НАНО технология, санды технология саясаты сияқты бүгінгі күннің ең өзекті мәселелері сөз болды. Ал Қазақстан Республикасы атынан академик Жасан Зекейұлы баяндама жасап, өзінің тың идеялары мен ғылыми жаңалықтарымен таныстырды.

Бүгінде Жәкең еліміздің қай қиырына барса да, көптің қошеметіне бөленеді. Өйткені, оның мақсаты- айқын. Ол халқына емдомын жасауға апаратын өзінің салған сүрлеу жолымен түп түзу жүріп келеді. Шайқалақтамайды. Патша көңілді, озық ойлы оқырман да ең алдымен Жәкеннің осы бір адамгершілігін құрмет тұтады деп ойлаймын.

Басталуы жақсы істің аяғы көпке ортақ болады дегендей, әуелден іргесі берік қаланған «Жас-Ай» медициналық орталығының басы-қасында - Б.Нұртазаева, Б.Калиева, Д.Нұрмаханов, С.Есимова, Ж.Татымхан, Г.Нұрәлі, А.Аденова, И.Омарова, Ғ.Мынбаева және т.б. білікті дәрігерлер бар. Сондықтан «Жас-Айдың» қанаты ерте қатайды. Одан бері де 12 жылдан аса уақыт өтті. Бүгінде аталмыш орталық өзіндік дәстүр тауып, бірден өз арнасына түсіп кете барды.

Жалпы кеңес өкіметі кезінде көлеңкеде қалып келген Шығыс медицинасы Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Қазақстанда кең қанатын жая бастады. Бұл медицинаны бүкіл әлем мойындап отыр. Ал қазіргі дамыған «академиялық медицина» дейтін батыстық медицинадан үміт үзгендер де, осы Шығыс медициналық орталықтарына келіп емделіп жатыр.

Шығыс медицинасы ең бірінші адамның реңіне қарайды, содан кейін тамырды ұстап кеселді анықтайды және оны емдеп шығу жолдарын белгілейді. Адам бойындағы 7-8 литр қан жүректің қуатты күшімен денеде айналып тұрады екен. Ал иненің құдіреттілігі сонда-денедегі сол қан айналымын жақсартады. Қан айналған сайын адамның уыты денеде тұрмайды. Уытты үлкен, кіші дәрет және әйелдердің етеккірі арқылы дененің сыртына шығарып тастайды.

Теріден тер шығады. Денедегі уытты бір тазалап өткеннен кейін шөп-дәрілер беріледі. Әрбір инені салған кезде, ол әрбір мүшеге әсер етеді. Мысалы, инені қолға салған кезде ол асқазанға әсер етіп жатуы мүмкін. Тіпті, қызмет атқарудан қалып «ұйықтап» кеткен клетканың өзін де ине салып «оятуға», яғни жансыз жерге жан бітіруге болады. Рухани сырқат адамдардың да аз уақытта сауығып жататыны сондықтан. Әйтеуір, инеден кейін адамның иммунитеті бірден жоғарылайды, терісінің түсі, қанының реңі өзгереді, денесі жеңілдейді. Қазір зерттеушілердің арқасында адам ағзасындағы 14 сызық, 706 нүкте анықталған. Иненің түрлеріне: от ине, күш-қуатты жоғарылататын алтын ине және күміс ине жатады. Әрине, алтын иненің әсері күміс инеге қарағанда сәл жылдамырақ келеді. Бұл алтын иненің құрамы тұтас алтыннан құйылмайды, оның 80% күміс, ал қалған 20% алтын мен тазаланған мыстан жасалады. Адамға ота жасатуды азайтудың да бірден-бір жолы осы- ине салу деседі. Сонымен қатар, бұл медицинада: табиғи тастармен қыздыру, булау, түрлі майлармен сылау, массаж жасау, қан алу және дәрілік қасиеті бар шөптер мен табиғи өсімдіктерден жасалған дәрілер қолданылады.

Бұл ғылымның осыншама құпия сырын меңгерген және оның жетістіктерін Қазақстанға әкелген екі адам болса, соның біріншісі-Жасан Зекейұлы дер едім.

Ал енді Жәкеңдей адамның болмысы қандай дегенге жауап беру үшін, оның жазған еңбектері мен жасаған істеріне ғана қарап бір жақты баға беру- жеткіліксіз сияқты. «Ақылды адаммен бір рет әңгімелесу, бір кітапты бір ай зерттегенмен бірдей» демекші, ол үшін, сол кісінің өзімен жүзбе-жүз таныс болуың да керек және етене жақын араласуың, әңгімелесуің қажет. Сонда ғана оған әр тұрғыдан баға беруге болады: басшы, қызметші, аға, іні, әріптес ретінде.

Менің бұл пікірімді Жәкең берген інілік бағам деп қабылдасаңыздар деймін. Ал ойымды көздің қарашығын суырғандай, тілдің ұшын кескендей етіп шебер жеткізе алмасам, айыпқа бұйырмассыздар. «Ақымақ ішкен-жегенін айтады, ақылды көрген-білгенін айтады» дегендей, мен ақылымды сөйлегейін.

Үстіміздегі жылы Жәкең елге - ырыс, халыққа - береке аманаттайтын жігіт ағасы жасына шығады. Ер азамат үшін 50 жас-дегеніңіз елеулі күш беретін жас. Бұл адамның нағыз еңбек ететін, өзін-өзі көрсететін жасы. Сонымен қатар, есеп беретін де, қоғамнан

бағасын еститін де белгілі бір кезеңдік жасы. Бұл белеске әркім әрқалай келеді. Осы жасына дейін Жасан Зекейұлының атқарған енбегі- екінің бірінің қолынан келмейтін іс дер едім. Өйткені, жетінші түйсік- деген кім көрінгеннің уысына түспейтін қасиет қой!

Баяғыда өте ұзақ жасаған бір адамнан сұрапты: «Сіздің ұзақ жасауыңыздың сыры неде?» деп. Сонда әлгі кісі: «Өмірімде екі адамның басын қосып бастық болып көрмеппін» деген екен. Осы бір мысалды Жәкең маған ара-тұра айтып жүреді. Шынында да, бастық болған адамдардың көпшілігі жүрек талмасына (*инфаркт*) жиі ұшырап жатады. Аз өмір сүреді. Жарық дүниеден де тым ерте кетеді. Мұның себебі: біріншіден- үлкен жауапкершілік, оның бәрі жүректен өтеді. Бір емес, бірнеше адамға ие болу, оларды шып-шырғасын шығармай басқару - жүрекке шамадан тыс салмақ түсіреді. Екіншіден- жүйке жүйесінің үнемі ширығып тұруы, дем алмауы адамды қажытады. Ал, жүрек пен жүйке дем алмағаннан соң, жалпы ағзада да демалыс болмайды екен. Оның үстіне Жәкең тек халықты басқарып қана жүрмейді ғой, алдына келген науқастарды да тікелей өзі емдейді. Әрбір адам айналасына заряд, қуат беріп жүретін аккумулятор сияқты. Кімде - оң заряд, кімде – теріс дегендей, көп жағдайда адам бойындағы мейірімді гармондар әлсіреп, керісінше ызалы гармондар күшейіп кеткендіктен, оның ағзасы ауруға шалдығады да, теріс зарядтары көбейеді. Ал, науқасты емдеу барысында дәл осы теріс зарядтарды Жәкең өз бойына тартып алып, оған өзінің оң зарядтарын жібереді де, дененің мейірімді гармондарын сәйкесінше көтеріп, ызалы гармондарын керісінше азайтып тастайды. Содан адам сауығып кетеді. Міне, осының бәрінен Жәкең шаршамайды емес, шаршайды. Бірақ, оны сездірмейді, 1-2 сағат мызғып алады да қайта сол жұмысына кіріседі.

Менің Жасан Зекейұлын бірінші көріп-ұққаным: ол Қазақстанға 23 жыл бұрын келіп орныққан және осы өңірге әбден сіңіскен, жақсы-жайсаңдармен де тығыз байланыс орнатқан беделді азамат.

**Екіншіден:** Қазақстанда «Жас-Ай» медициналық орталықтарын ашты. Қаншама адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

**Үшіншіден:** оның ғалымдығы. Бірнеше монография, кітап, ғылыми мақалалар жариялады. Қазақстанда және алыс-жақын шет елдерде өтетін ғылыми конференцияларға қатысып жүр.

**Төртінші:** Жәкеңнің кәсіпкерлігі. Алланың берген өнері мен қабілетін халықтың денсаулығын жақсартуға арналған пайдалы кәсіп



көзіне айналдырды.

**Бесіншісі:** ол- меценат. 10 мыңнан астам науқасты тегін емдеп шықты. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына және спорттық, мәдени іс-шараларға тұрақты демеушілік көрсетіп келеді.

**Алтыншы:** Жасан Зекейұлы- қоғам қайраткері. Өткен Президент сайлауында, Президенттікке үміткер Н.Ә.Назарбаевтың Алматы қаласы Өуезов ауданы бойынша сенімді өкілі болды.

«Кейде біздер денсаулығымыз мықты болса болды, өмір - деген бақытты, көңілді дейміз де, алайда шым-шытырығы да көп деп айтамыз. Біразымыз сол өмірден өз орнымыз бен жолымызды табамыз, ал біразымыз беталды лағып кетіп, адасып жатамыз. Ақыры іздегенін таба алмай кететіндер де қаншама. Адам деген қызық қой. Кей кездері өзімізді-өзіміз жұбатып, кім осы өз орнында жүр дейсің деп кіжініп аламыз?! Міне, осыдан келіп бәрі құриды, тіпті, шіриді. Содан барып «өзі бола алмайды, болғанды көре алмайдының» керін келтіріп, өмірде өз орны мен жолын тапқан адамдарды күндей бастаймыз. Ырыс бакпай, дау бағамыз. Сыртынан ғайбат сөздер айтамыз. Күл шашқан бұқадай айналамызды қоқысқа толтырып, жұтатын ауаңа да шаң-тозаң араластырамыз. Бәле іздейміз, жек көреміз. Иә, шынтуайтында да, өсек - аяңды сізді жек көретіндер ойлап табады, оны надандар жаяды, ақымақтар оған сенеді. Атам қазақ табанының бүрі жоқ ондай мінезсіздермен әр қырдан бір төбе көрсетіп жүретін орнықсыздарды «пәтуасыз» дейді. Олар суға төгілген май сияқты кілкілдеп тұрады... *(Бірақ тау мен төбе, ер мен ез бәрібір де теңеспейді)*. Ал кім боласың, қандай өмір сүресің, енді ол өзіңнің үлесің... Сондықтан да, мені жек көретіндерді көруге уақытым жоқ, өйткені мені қадірлейтіндерден қолым босамайды»- дейді Жәкең!

2010 жылы заманымыздың заңғар перзенттерінің бірі, атақты Сырым Датұлының ұрпағы, қазақтың ақиық ақыны Қадыр Мырза Әлі ағама барып, ұлыма бата сұрадым. Әрине, батагөй шал өз ауылымда да бар. Бірақ мен атам қазақтың сол бір көне дәстүрін жаңғыртқым келді. Осынау ұланғайыр даламыздың бір шетінен екінші бір шетіне сапар шегіп, «қыдыр дарып, бақ қонған» аузы дуалы адамды арнайы іздеп бару, одан бата тілеу- бізде ежелден қалыптасқан дәстүр болатынды. Оның негізінде - алысты жақындату, ел мен елді араластыру тәрізді ұлттық мүдде де жатыр. Соны білетін Қадыр ағам: «Батаны тұрып сұрайды, отырып береді» - деп, бізді босағаға



тұрғызып қойды да, өзі төрде отырып ұзақ-сонар батасын берген еді, жарықтық. Шығар кезде арқамнан қағып: «Айдын, Энгельстей (*ipi kәсіпкер адам болған*) досың болса, Маркстей болу қиын емес. Осыны жадыңа сақта. Түбі сен шығармашылыққа бет бұрасың. Ол азапты жұмыс. Мықты бір адаммен жолдас бол!» дегенді. Бәлкім, сол адам осы- Жасан Зекейұлы шығар!

Ақыл айтар - ағаның, жөн сілтер - қарияның әр ауылдан табылғаны қандай жақсы. Бүгінде ел ағасы атанып, ердің жасы елуге қарай қадам басқан аға-досым Жәкеңнің әрбір ісі, таным-түсінігі, мінез-құлқы, өмір салты маған өнеге, ол туралы айтылар ой да көп. Жо, жоқ бұл ешқандай да көңілжықпастықпен айтыла салған құрғақ сөздер емес. Бұл үлкен таланттардың бойында ғана болатын - бекзадалық қасиетті мойындау. Осыған орай бір мысал да келтіре кетейін: Протогордың ақылды, ойшыл болмысын ежелгі грек философы Демокрит (*б.з.д 460-370 ж.ж.*) байқап, оны философия ғылымына бейімдеген. Протогор Демокритке жолыққанша отын тасушы болыпты. «Адам- барлық нәрсенің өлшемі!»- деген ғибратты сөздің авторы осы- Демокрит екен. Кім біледі Мұхтар Шаханов ағамыз айтқандай: «...бір адамға байланысты бір адамның болашағы» деген... ?!

Бұл жазу деген күдіретке үйрену, оған ықылас таныту- менің сонау студенттік кезімнен басталған жақсы әдетімтұғын. Әрі мұндай жолсапарда өз жаныңа өзің үңілуге де мүмкіндігің болады екен.

Жалпы, біздер: «Өмірде бақытты болу үшін, мамандық таңдау мен жар таңдауда қателеспеу керек!» деп жиі айтамыз. Енді бұл тәмсілге қосымша: дәрігерлікте диагноз қоюдан, жазушылықта тақырып таңдауда қателеспеу керек дер едім. Өйткені екеуінде де адам тағдыры жатыр. Мәселен, дәрігер адамның диагнозын дұрыс қойып, оны иненің ұшымен емдеп жазса, жазушы өз тақырыбын дұрыс тауып, халықтың көзі мен санасын қаламның ұшымен ашады.

Сондықтан да, мен өз шығармашылығымда тақырып атаулыны - «ұранды тақырып» және «құранды тақырып» деп екіге бөліп қарастырамын. Ұранды тақырыпқа: науқаншыл, үгітшіл, насихатшыл, айғайшыл, сырты жылтыр дүниелер кірсе, құранды тақырыпқа: ел тарихындағы ұлт тұлғаларының рухани бейнесі- «зиялылық, адамгершілік, қайырымдылық, даналық» жайындағы туындылар жатады. Сол себептен де ұранды тақырыпқа қарағанда, құранды тақырыптың **аясы барынша кең, мән-мағынасы да айрықша** болып келеді.

«Жазушы қаламыңа ие бол, дикан кетпеніңе ие бол, шопан таяғыңа ие бол» (*Ыбырай Жақайұлы*) дегендей, әзірше, көптен бері көкейімде жүрген әрі санамда пісіп-жетілген «зиялылық» туралы сөз қозғамақпын.

Басқалардың бұған қалай дейтінін білмеймін, әйтеуір, мен өзімді «зиялылық» хақында ой қорытуға ынталы қауымның бір өкілі санаймын. Содан бізге дейін айтылған аға буынның (Т.Жұртбай, Д.Қамзабекұлы, С.Елубай, Д.Көшім, Ә.Сығай, Д.Кішібеков, С.Өзбекұлы, Қ.Атабаев, Қ.Сәрсенбай және т.б.) пікірлерін жан-жақты екшеп және олардың бәрі-бәрімен бірлікте «зиялылық» жайында салиқалы тұжырым қалыптастыруды мақсат тұттым.

Бүгінгі саналы һәм сергек ойлы қазақ «зиялылық» десе елең етіп, тебірене қалады. Ол түсінікті де. Бірақ зиялылық дегеніміз не, оның өзіне тән алғы шарттарымен өзіне үлгілері қандай дегенде, өкінішке қарай, бәрі де бір мезетте күмілжи бастайды?!

Ал энциклопедиялардың барлығында дерлік зиялылық (*ағылшынша intellectualism, французша intellectualisme, немісше intellectualismus*) – дегеніміз адамның жоғары мәдениеттілігінің, ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығын білдіретін ұғым деп жалпылама айтылады.

Ал біздің қазақи түсінікте, «зиялылық» - дегеніміз табиғатпен астасып, тылсыммен келетін рухани байлық әрі асыл қасиет. Ол ұлылық пен ұлағаттың, тәрбие мен тектіліктің, зерделілік пен ағартушылықтың алтын тұғырлы ұстыны да. Зиялылық - сезімдік қабылдаумен анықтама бере салуға көнбейтін серке сөз. Ол жалпыұлттық сипатқа ие тарихи танымның нысаны да. Зиялылық - адамды сүйе білу, өз өмірін көпшілік мүддесімен ұқтастыру арқылы елмен бірге тыныстау, әрі халықтың болашағын ойлап, өзі жүрген жерінде парасаттылықтың, тазалықтың, адамгершіліктің үлгісін көрсету. Зиялылық- тұлғаның адами келбеті мен саяси портреті де!

Әсілі біздің ұлттық санамыздағы зиялылықтың шыңы – Хакім Абай! Ол өзінің әйгілі «Қарасөзі» арқылы қазақты ХХ ғасырға даярлаған ұлы ойшыл әрі ағартушы.

Абай атамызға қатысты Президент Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақ халқының киесі, ары мен намысы, ақыллы мен жүрегі ұлы Абайдың әруағына басымды идім» деуі – «рух кемеңгеріне» деген асқан сүйіспеншіліктің шынайы да, жарқын белгісі емес пе!

Зиялылықтың синонимі - парасаттылық. Ал парасаттылық- деген білімділіктен де, біліктіліктен де жоғары. Оның ішіне мәдениет те, ақылдылық та, адамгершілік те, имандылық та кіретіндіктен, парасатты адамдар араласқан қоғам - әділетті, иманды қоғам деп аталады.

Сонда «зиялылық» атауының бастауында тұрған «зиялы» деген не сөз?

Өкінішке қарай, бұл сөз - аса тез әрі жеңіл айтыла салатын қазіргі заманауи сөздің бірі болып алды. Шынтуайтында, біздегі қоғамдық сананың қалыптасуынан хабар беретін әрі рухани дамуымызға ықпал ететін «зиялы» сөзі - латын және орыс тілі қолданысындағы **«интеллигент»** (*латынша- intelligent*) терминінен тәржімаланып алынған аударма сөз. Бұл терминді 1860 жылы орыс жазушысы П.Д.Бобрыкин Ресейде алғаш рет қолданысқа енгізді және өзін оның атасы санады. **«Интеллигент»** сөзінің түбірі- **«интеллект»** (*латынша- intellekt*) – «ақыл» деген мағына береді (*ал, ақыл- Алланың сыйлығы!*) және «интеллект» сөзі - адамға тән рухани, зерделі қабілет дегенді де білдіреді.

Сонымен қатар, «зиялы» ұғымының түбірі араб тіліндегі «зия» сөзінен келіп шыққан, яғни, «зия» сөзі – нұр, жарық, ағару мағыналарын білдіреді деген анықтама да бар. Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (*Алматы, 2008, 346 б.*) «зиялы» терминіне «ізетті, әдепті» немесе «оқыған, сауатты азамат» деп те анықтама берілген.

Алайда сол «зиялы» сөзінің түп төркініне айналған «интеллигент» деген кім, «интеллигенция» деген не??

**«Интеллигент»** – деген ой еңбегімен шұғылданатын, әлеумет мүддесіне қызмет ететін, эмоцияға, сезімге беріліп кетпейтін кәсіби маман. Бізше, зиялы адам! Алайда, сол зиялының өзі- **«интеллектуалды, мәдени, саяси, элиталық»** болып бірнеше түрге бөлінетін көрінеді.

**«Интеллигенция»** - бұл сөзбен халықтың рухани басшыларын атайды. Ол қазақ тілінде **«зиялы қауым өкілдері»** немесе **«зиялылар»** деген мағынаны білдіреді дейді.

Қалай десек те, әйтеуір, сол зиялының қолында шенеуніктің тетігі мен билігі болмағанымен, аузында дуалы сөзі болады. Яғни, ол сөз арқылы қоғамдық пікір қалыптастыра алады. Ал қаһарлы сөз- өте қуатты, жасампаздық пен жігерге толы және ол қарудан да күшті!

Ал бұл сөздің мағынасы біздіңше қалай? Біздіңше, **қазақ ұлт зиялыларының қалыптасу** кезеңі - **«интеллигент»** сөзінің шығу кезеңінен де әріде жатыр. Енді осы айтқанымызды дәлелдеп берейік.

Бұрынырақта қазақ халқы ұлтқа қызмет еткен тұлғаларды **«ер», «азамат», «сабаз», «батыр», «бек», «би», «хан», «қайғы»,**



«жырау», «игі-жақсы», «құт», «сүлей», «мәрт» және т.б. атаулармен атаған болса, қазіргі күні халықтың жоғын жоқтап, барын ұқсатып кәдеге асыра білген кемел ойдың иесін – «зиялы» деп атайды. Яғни, өз қара басынан гөрі, халықтың жағдайын кім артығырақ ойласа және күллі өмірін соған арнаса әрі соған сай іс-әрекет жасаса, соны ғана «зиялы адам» деу керек қорытынды жасауға да болады.

Демек, біздегі зиялылық деген – тым ертеден бастау алып келе жатқан ұлы ұғым. Ол замандардағы зиялылардың болмыс-бітімі, мінез-құлқы халықтық ар-ұждан тұрғысынан дәйектелетін болған. Содан кейін ғана жоғарыда айтылған мәртебелі атақты иеленген. Бұдан зиялылық ұғымының әлгі ағылшын, француз, неміс, латын, орыс, араб сөздерінің басын қосқан кездегі мағынасынан әлдеқайда ауқымды екені аңғарылады.

Сондықтан да, бізге «зиялы» сөзінің түп-тұқианына қатысты өз зиялыларымыздың қандай анықтама бергені маңыздырақ болып тұр.

Осы «зиялы» ұғымы алғаш рет Алаш қайраткерлерінің шығармаларында көрініс берген. Ол туралы кеңірек әрі мейлінше дұрыс ғылыми талдау жасаған Алаш арысы Мұстафа Шоқай: «Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз? Бір қарағанда, жеңіл көрінгенімен, шын мәнінде бұл сауалға дұрыс жауап қайыру оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін «зиялы» деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысы» қатарына қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттар төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болуы себепті өте ауыр. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бар болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі» – десе, менің ұстазым, Алаштанушы-ғалым, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ф.ғ.д., профессор Дихан Қамзабекұлы: «Әр заманның, әр ғасырдың, кезеңнің өз зиялысы бар. Біздің ұлт ұғымындағы осы зиялының жинақты әрі бейнелі аты- көсем. Ұлт

зиялысындағы көсемдік қасиет пен өршіл рух халықты қиындықтан алып өтетіні күмәнсіз» - деп, өткен ХХ ғасырдағы ұлт интеллигенциясының үш сапалық кезеңі бар: «**біріншісі**- 10-20 жылдардағы Алаш зиялылығы кезеңі, **екіншісі**- 50-60 жылдардағы ғылыми шығармашылық интеллигенцияның өрістеу кезеңі, **үшіншісі**- 80-90 жылдардағы қоғамның ояну кезеңі» деп атап көрсетеді.

Десек те, бүгінгі таңдағы зиялылықтың міндеті не, оның қазақ қоғамындағы орны қандай??

Зиялылықтың бастапқы міндеті: **біріншіден**, өзін өсірген ортағалелі мен жеріне қызмет етуі қажет. **Екіншіден**, ұлттық зиялы қауым мен бұқара халықтың арасында бір ортақ сана болуы тиіс. Яғни, жері, суы, тілі мен діні бір халықтың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік санаға жеткізу сынды ұлы тарихи міндет те зиялылардың мойынында. **Үшіншіден**, зиялы қауым елмен диалог жүргізу керек және халық бұқарасынан қолдау табуы керек.

Зиялылардың ұлттық рухани сананың ояну жолына әсері өте зор және қоғам жүгін иығымен көтеріп тұрған белсенді атқарушы күш те солар. Мұстафа Шоқай айтқандай, зиялылар халықты «**ұлт деңгейіне**» көтеріп әрі тәуелсіз жеке тұлғаға айналдыра алады. Дүние жүзінде зиялыларсыз ұлтқа айналған саяси әлеуметтік халық бұқарасы бірлігі ешқашан болған емес. Оларсыз ешқандай ұлт алға қарай дамымайды да. Халық болған жерде зиялылары да болады. Қазірде қазақ қоғамында түрлі ой, сана, ұғым, көзқарас алуандығы жүріп жатыр. Демек зиялы бар. Олардың даму деңгейі мен ұлттық мүдде жолындағы таным таразысы, көзқарас қиығы мен ұстанымдары, ойлары мен түсініктері де үнемі қабыса, қапталдаса бермейді. Бірақ, соның арқасында «**қазақ зиялылығы**» ілгерілеп, дамып барады.

Әйтсе де, зиялыларға қатысты кейбір түйткілді мәселелердің ара-жігін ашып алған да жөн шығар.

Бұл тіркестің жалпы халықтық қолданысқа еніп кеткені соншалық, көбінесе үлкен оқымысты, ғұлама ғалым, ақын не жазушы болса немесе жоғары лауазымды қызмет атқарса, біз соларды «зиялылар» деп қараймыз. Ал енді шындығына келсек, бұл дәл ұғым емес, жасанды әрі қате пікір және мемлекеттік, азаматтық, пендешілік ойлармен белгілі бір саяси мақсаттардың араласуынан туған төмен түсінік. Біздер сондықтан да қазақ қоғамындағы «зиялылық»-тың абырой-беделіп түсіріп алдық. *(Ең қиыны- бұл түсініктен әзірше бой*

*тартар түріміз байқалмайды*). Бәлкім, ол ғалым болар, атағы бар шығар, бірақ, ол қалай зиялы болады? Біздің шатасып және адасып «зиялы» деп жүрген ағамыз (*бәрі емес, көпшілігі*) кеңестер кезінде өзі мүше болған партияны мақтап, кандидаттығын қорғаса, тәуелсіздік алған соң, сол партиясын жамандап, докторлық қорғаған адам! Мұндай кісіні мың жерден төбеге көтеріп мақтасаң да, зиялылыққа бір табан жақындата алмайсың. Өйткені ол ұлт мүддесіне ешқашан басын ауыртпаған. Ол баяғы қызыл өкімет кезінде үстіне қызыл шапан киіп ұрандаған еді, енді қазір көк шапан киіп алып, бірдемені былдырлап жүр. Өзіңіз қараңыз, бізде қазір шамамен 10 шақты академик, 2400 ғылым докторы, 10 мыңнан астам ғылым кандидаты, 700- ден астам жазушымыз бар. Осылардың бәрін зиялылар деп айта аламыз ба? Әрине жоқ, тек олардың арасынан ұлтының мүддесін ойлаған адамды ғана зиялы деуге хақымыз бар.

Қалай дегенменде, зиялылық ұғымына байланысты нақты анықтама осы кезге дейін берілмей келеді. Кейде, саясаткерлерді де зиялылар деп айтатын жаңсақ пікірлер естіліп қалады. Алайда, зиялылық пен саясаткерліктің екеуі- екі түрлі ұғым. Саясаткерлердің негізгі мақсаты – билікті алу және билікке қатысты түрлі амал-тәсілдер ойлап тауып, біресе билікке жақындап, біресе алыстау. Және олар биліктің ортасына тастай батып, судай сіңу үшін жағынудың ең жиіркенішті тәсіліне дейін жүгіне береді Сол себепті, саясаткерлерді зиялыларға жатқыза алмаймыз. Ал, зиялылардың мақсаты- биліктің көзіне түсу емес, халықтың сөзіне пісу. Олар ел-жұртының өкілеттілігін иеленетін болғандықтан да, абыройлы. Тіпті, бағзы замандардың өзінде-ақ, билеуші топ ел ішінде беделі зор зиялылармен санасуға мәжбүр болып отырған.

Тағы бір әттеген-айымыз: ол біздің қоғамдағы қызметкерлер мен қайраткерлерді де зиялылар деп атай беру әдеті. Иә, қызметкерлердің бірен-сараны қайраткерлер санатына көтеріле алады. Олай болса, бұл екеуінің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Қызметкер (*өзіне жүктелген міндетті мүлтіксіз атқаруды мойнына алған жалданушы*) - деген тақта отырғанда ғана, қызметкер. Тақтан түскен күні ол ешкім емес. Ал қайраткер- деген тақтан түссе де, қайраткер. Бірақ, қайраткерлердің бәрі зиялы бола алмайды.

Жалаладин Румидің:«Қаншама адам көрдім, үстінде лыпасы жоқ, қаншама киім көрдім ішінде адамы жоқ» деп айтқанындай, парасат-пайымы от басы, ошақ қасынан артылмайтын адамнан

халқына пайдалы іс- әрекет күтудің қажеті жоқ!

Таяуда ғана жарыққа шыққан «Қазақ зиялылары» деген кітапта тек Батыстан білім алғандарды жазып, біздің зиялыларымыздың тарихын шолтитып тұрып, бар-жоғы XVIII-XIX ғасырдан ғана бастаған екен. Бұл енді, сыңаржақ берілген ұшқары пікір екені даусыз.

Бұған айтар уәжіміз бен ойымыз және жазар сөзіміз де тиянақтырақ болуы үшін, халқымыздың өткен өміріндегі мың, сан мың зиялыларының толықтай болмаса да (*бір мақалада бәрінің атын қамту мүмкін емес*) біразының есімдеріне көз жүгіртіп өтсек, содан-ақ өздеріңіз байқарсыздар біздегі зиялылық тамырының тым тереңнен тартатынын. Олар кімдер еді: Арыс бабамыз (*Анахарсис*), Иданфирс, Томирис, Мүде шәнүй, Майқы би, Аттила, Бумын қаған, Күлтегін, Тонькөк, Қорқыт, Иоллығ тегін, Әбу Насыр Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи, Асан қайғы, Керей хан, Жәнібек хан, Қасым хан, Мұхаммед Хайдар Дулати, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, Салқам Жәңгір, Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек би. Төле би, Әйтеке би, Абылай хан, Сырым Датұлы, Кенесары хан, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы және т.б Алаш арыстары, сонымен қатар Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Жұмабек Тәшенов, Шона Смаханұлы, Қайым Мұхамедханұлы деп осылай жалғасып кете беретін ұзақ- сонар тізіміміз бар. Оны әрі қарай соза беруге де болады. Міне, біздер сол зиялыларымыздың айтқан даналықтары мен жасаған іс-әрекеттерін, ерліктерін мақтан етеміз, есімдерін әлі кезге дейін аңыз қыламыз, сөздерін мысалға келтіріп сөйлейміз, жазамыз. Өйткені, олар өз ұрпағы алдындағы қасиетті парыздарын өтеп барып, бұ дүниеден өткен асыл жандар. Иә, қазақ халқының рухани әлемі небір қиын-қыстау замандарда да осы зиялылардың арқасында төтеннен қандай ауыр соққы келмесін, соның бәріне төтеп беріп, үзіліп қалмай, жалғасын тауып келеді.

Бұл жөнінде ҚР Президенті Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «...ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн.

Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды. Бұл – тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады. Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Сондықтан, оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек. Қазіргі медиамәдениетті суырыла сөйлейтін «шешендер» емес, өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалар қалыптастырады. Мұндай оқиғаларды көрсету бұқаралық ақпарат құралдарының басты нысанасына айналуға тиіс. Бұл жоба үш мәселені шешуге бағытталғаны жөн. 1. Ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту. 2. Оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру. 3. «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау. Ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс» дейді.

Бұл **«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының** орындалуында бүкіл зиялы қауым алдыңғы қатардан табылуы керек дегенді білдіреді.

Иә, Президент байыптаған ХХІ ғасырдағы ұлттық сананы қалыптастыру үшін осыдан бірнеше ғасыр бұрын өмір сүріп кеткен зиялыларымызды үлгі ету міндет те. Олардың данышпандық тұжырымдарын білмеу – түп тамырыңды танымау деген сөз. Бұрынғы өткен ата-бабаларынан қол үзіп кеткен ұрпақтардың да генетикалық кодының бұзылатыны сондықтан. «Сен өткенге тас

лақтырсаң, келешек сені зеңбірекпен атады» деген қанатты сөзді есімізден ұстайық, ағайын!

Сондай-ақ, бүгінгі жастарымыз бағыт алып, бой түзеуге тиіс **өз заманымыздың жаңа зиялыларын** да көрсетуіміз керек.

Расында да, Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырлық тарихында ақырын жүріп, анық басып елінің гүлденуіне айрықша іңкәрлікпен атсалысқан шынайы патриот жандар аз емес. Олардың да аттарын ардақтайтын кез келді. Сонда біздің заманымыздың жаңа зиялылары деген кім?

Міне, Нұрсұлтан Әбішұлы ұсынған бұл «рухани жаңғыруымыз» - сол олқылықтың орнын толтыра алады.

Әрине, қай кезде де қазақ қоғамы зиялыға кенде болған емес.

Мүмкін содан болар, «сен күнкөріспен жүрсің бе, әлде халыққа жасаған еңбегін бар ма, не істеп жүрсің, өзі?» деген сауал әрқайысымыздың алдымыздан ұдайы шығып тұрады. Ол орынды сұрақ!

Бірақ, біздер ерсіз ел болмайтынын және жоқтан бар жасауға болмайтынын білсек те, барды бағалауға әсте жоқпыз. Неге, және бардан бар жақсылық бастау алатынын да ұмытқан сыңайлымыз?!

Кейде бір пендешілікпен өз сағымызды өзіміз сындырып: «Зиялы деген біздің өмірімізден баз кешіп, ғайып болған ба?» деп аузымызды ку шөппен сүртетініміз де тағы рас!

Алайда бүгінгі Дулат Исабеков, Бексұлтан Нұржекеев, Смағұл Елубай, Жасан Зекейұлы және т.б. марқасқа ағаларымыздың маңдайлары жарқырап ортамызда жүргенін көргенде зиялыларымыз жоқ деуге аузың бармайды екен. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жазушылармен өзге де зиялы қауым өкілдерін кейде топтап, кейде жеке қабылдауды дәстүрге айналдырған болатын. Кейінгі жылдары мұндай кездесулер сирегендей көрінген. Алайда жақында ғана (*Астана, 20 сәуір 2017 жыл*) жоғарыда аттары аталған үш жазушы Президенттің қабылдауында болып қайтты. (*қабылдау екі жарым сағатқа созылған деседі*).

«Өз басым Президенттің құлағына жағатын ғана сөз айтатын адам емеспін» деген Дулат Исабеков сол кездесуде «ең әуелі не себепті үш жазушыны таңдап алғанын сұрағанын» айтады. «Біріншіден, замандастарым болған соң шақырдым, екіншіден Бексұлтан Нұржекеев тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында мемлекеттік сыйлық алды, ал Смағұл Елубай екеуің шетелде

шығармаларыңды шығарып жүрсіңдер. Біз қазақ жазушыларының шығармаларын шетелге таныту үшін бағдарлама жасап жатырмыз, сол үшін шақырдым деп түсіндірді президент» дейді ол.

Қанша дегенмен, Нұрсұлтан Назарбаев ХХІ ғасырдағы қазақ зиялылығының көшбасында тұрған азамат қой. Ал, өткен ХХ ғасырдағы қазақ зиялылығының басында Әлихан Бөкейхан тұрған болатын.

Мен Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында атап көрсетілген «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасына бірден-бір лайық адам ретінде Жас-Ай» медициналық орталығының Бас директоры, Халықаралық шығармашылық және шығыстық емдеу академиясының академигі, Вена халықаралық университетінің «Құрметті профессоры», халықаралық «Сократ» атындағы орденнің иегері, БҰҰ - ның «Құрмет белгісі» орденінің иегері, "Алтын жүрек" сыйлығының лауреаты, ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик «Жасан Зекейұлының кандидатурасын ұсынамын!

Бұдан бұрында талай жазып жүргенімдей, адамгершілікті бәрінен де биік қоятын, ал талантты тану мен бағалауда бар бейілік-ықыласымен бауырына тартып баптайтын азамат жайлы алғашқыда сыртынан естідім де- қайран қалдым, ауру-сырқауды былай қойғанда *(енді науқастарды емдеу кәсібі зой)* талай ақын мен жазушыға, өнер мен спорт майталмандарына қамқорлық, кеңдік жасаған жақсы атағы елге жайылды- содан бұл азаматқа деген құрметім артты.

Ұлы мәртебелі оқырман! Мен сіздерге Жасан Зекейұлының ойы мен бойынан өзім көріп-таныған зиялылықтың бірнеше белгісі туралы айтқым келеді. Әрине, шын зиялыны біріншіден халық мойындайды. 1991 жылы 91 жасында Президентке бата берген Алаштың арқалы ақыны Шәкір Әбенұлы: «Батаның екі түрі болады: бірі - лебізді бата, екіншісі - негізгі бата. Лебізді батаны саған мен беремін, ал негізгі батаны саған халқын береді. Ол енді өзіңе байланысты!» деген екен. Шәкір атамыз айтқан осы лебізді бата мен негізгі батаны алғандар, біздің арамызда саусақпен санарлықтай ғана, міне, солардың бірі- біздің құрметті адамымыз Жасан Зекейұлы!

Бүгінгі күнде бұл мәрт азаматтың қазақ қоғамының нар тұлғасына, жанашыр тумасына айналғанына былайғы жұрттың көзі әлдеқашан жеткен. Жасан Зекейұлының тек медицинада ғана емес,



алаш арысы Мұстафа Шоқай айтқандай, ұлтымыздың саяси-экономикалық, әлеуметтік саласында да тұлғалық қасиеті әбден айқындалған.

Жалпы Жәкеңдей жұрт қадірлейтін адам жайлы жағымды сөз айтып, жылы пікір жазған қандай жақсы! **Өзінің жасампаздық ғұмырында шашасына шаң жұқтырмай, арына дақ түсірмей келе жатқан бекзат бітімді** Жасан ағамыз: «Ұлтты алдағы жарқын күндерге қарай бастап баратын зиялыдан басқа кім бар және бұл оның тарихи миссиясы ғой?!» деп, қашан көрсең де қабырғасы қайысып, жұрттың ойындағы сөзді айтып, мұңын мұндап, жоғын жоқтап отырғаны. Жәкеңмен кез-келген мәселені талқылауға болады. Мәселен, ол кісі мемлекеттің идеологиясын, ұлттың имандылығын, адамгершілігін, қоғамның әділетті болуын ойлап, оның жолын көрсетіп, насихаттай да біледі. Бұған Жәкең жөнінде жазылған ондаған кітаптар мен мыңдаған мақалалар, ұшан теңіз алғыстар мен таудай пікірлер дәлел бола алады.

-Қытайдағы ұстазым дана кісі еді. Сол айтып отыратын, өз ұлтын сүймеген адамда Отанға, еліне деген сүйіспеншілік жоқ деп. Қытайда жүргенде алдына келген мың адамның біреуі ғана қазақ, қалғанының бәрі қытай. Енді қытайлар көп қой. Содан ем жасасам, қалың қазақтың арасына барып жасайын деген оймен, өз еңбегімді онан әрі зерттейін деген себеппен осында келдім. Ал мұнда өзім ойлағандай алдыма келген жанның бәрі де қазақтар. Бір қазақтың өмірін ұзартуға көмектессем, бір қазаққа жақсылық жасасам, бір қазаққа емім дәру болса, бір қазақтың санын көбейтуге ықпал етсем деген ой жоғары. Қазақтың саны көбейсе, оның қоғамдағы рөлі де күшейеді дейді Жәкең.

Енді осы бір ауыз сөздің өзінде үлкен зиялылық жатыр емес пе?. Мұндай сөзді екінің бірі «нар тәуекел» деп көтеріп айта алмайды. Оны тіліне тірлігі сай адам ғана айтады.

1994-95 жылдары қытайдан соқа басы ғана келіп, онда алған білімі мен білігі, атақ-дәрежесі, атқарған лауазымы мұнда бәлендей еленбей, Жәкең бәрін басынан бастауға мәжбүр болды. Яғни, бір рет жүріп өткен ізімен екінші мәрте жүру қажеттілігі туындады. Сол оқуын қайталап оқуға тура келді. Оқыды. Әуелі, медицина ғылымдарының кандидаты, ғылым докторы, профессор, академик атанды. Қазақстандағы Шығыс медицинасының негізін қалады. Екі ірі мегаполис Алматы мен Астанадан медициналық орталықтарын



ашты. 140 адамды жұмыспен қамтыды. 70 мыңнан астам науқасты емдеп жазды, оның 10 мыңына тегін ем-дом жасады (*үш жүз сексен мың долларға*), 5 мыңдай отбасына бала сүю бақытын сыйлады.

Мұның сыртында «оң қолыңмен жасаған қайырымдылықты сол қолың көрмесін» деген иманды қағиданы қатаң ұстаған ұлт жанды жомарт азамат Жасан ағамыз қайырымдылық қорлар мен мешіт-медреселерге және көмекке мұқтаж жандарға тұрақты түрде қаржылай қолдау көрсетіп келеді. Бұл да- ұлт алдындағы борыш пен парызды өтеудің бір түрі. Иә, «кісіге жапқан шапаның өз бойынды жылытар» деген Жәке!

Сонымен қатар, Жәкең өзінің негізгі кәсіби саласынан бөлек қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Қазірде «Өмірді қорғау» ҚҚ Құрылтайшысы, ҚР Ардагерлер Орталық Кеңесінің мүшесі, халықаралық «Алтын инемен емдеу, ғылыми зерттеу және сауықтыру» қоғамының мүшесі, «Жас-Ай» медициналық орталығы бастауыш партия ұйымының төрағасы.

Өткен Президент сайлауында Президенттікке үміткер Н.Ә.Назарбаевтың Алматы қаласы Әуезов ауданы бойынша сенімді өкілі болды. Бүгінде «менмін» деген бір қазақтың басына жетерлік абырой-атағы да бар. Бірақ заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің: «Тартыспен түскен, бейнетпен келген еңбек қана, шын мәніндегі қымбат табыс» деп айтқанындай, осының бәрі де Жәкең оңайшылықпен келген жоқ. Бәлкім, содан болар, мемлекет тарапынан еңбегі де бағаланды. Былтыр 2016 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қолынан мемлекеттік награда «Ерен Еңбегі үшін» медалін алды.

Осы мерейлі мерекенің тұсында өзім куә болған мына бір жайды айта кетпесем жарамас.

Жәкең мемлекеттік наградамен марапатталғандырдың сапында «Тәуелсіздіктің 25 жылдығы монументі»-нің ашылу салтанатына арнайы шақырылды. Бұл игі шара тура ҚР Тәуелсіздік күні 16 желтоқсанда өтті. Монумент «ЭКСПО- 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі аумағында орналасқан екен. Дәл осы күні таңертең құдай айдап Семейден мен де жеткен болатынмын. Жолдан келген адамның жағдайы белгілі ғой, жуынып-шайынып алғаннан кейін Жәкеңмен амандасуға бардым. Ондағы ойым: өзі де әңгімешіл адам ғой, ағаммен таңғы шайымды жайланып іше отырып, арқамды кеңге салып дегендей, баппен әңгімелесу болатын. Алайда Жәкең ол

ойымның құлпаршасын шығарды. Ол өзі жылдам шешім қабылдайтын тез адам, қал сұрасқаннан соң бірден-ақ: «Айдын бауырым! Бүгін «Тәуелсіздіктің 25 жылдығы монументі» ашылмақшы. Президент қатысады екен. Соған менің атыма Президент әкімшілігінен шақыру жіберіпті және бір сағат бұрын ертерек келуімді өтініпті. Онда екінші бір адамды өз қалауыңызбен қасыңызға қосып жазуыңызға болады деп көрсетілген екен. Бұл бір тарихи сәт қой. Мына жерге аты-жөніңді жазшы. Шай ішсек, айналып қаламыз. Киін, бара берейік!» деді. Содан апыл-ғұпыл жиналдықы ташығып кеттік. Келсек, төңіректің бәрінде заң орындарының қызметкерлері өріп жүр екен. Шақыру қағазымыз бен құжатымызды қайта-қайта салыстырып, өте мұқият қарады. Осылайша үш реткі тексеруден өтіп барып алаңға бірақ жеттік. Халықтың қарасы да тым қалың екен, ара-тұра таныс адамдар да ұшыраса бастады. Біз арнайы шақырылғандар жиналатын шағын алаңқайға аялдадық. Мен трибунаның қас бетіне қарама-қарсы тұрайық деп едім, Жәкең одан сәл қағаберістеу тұсына Президент келетін жолдың қапталын ала тұруды ұсынды. Күн суық. Сары Арқаның сары шұнақ аязы әбден ашуына мініп, қалшыып алған екен, ызғарлы, үскірік желі шыдатар емес, тондырып әкетіп барады. Біраз уақыттан кейін, Президент кортеджи көрінді. Мемлекет басшысының келуі құрметіне қол соғып, қошемет көрсетіп жатырмыз. Бір әдедікте Жәкеңе қарап едім, қолғабын шешіп тастап шапалақ ұрып тұр екен, мен де биалайымды қалтама салып алдым. Алқақотан қаумалаған жұрттың қолдап-қолпаштауымен келе жатқан Президент кенет біз тұрған тұсқа жақындай бере кілт тоқтады да, екеуімізге тура бұрылып қарады. Мүмкін, осының алдында ғана өзі марапаттаған Жасан Зекейұлын таныған да болар. «Міне, қараңдаршы» деп, бізді қолымен нұсқап көрсетті де: «Осыдан 25 жыл бұрын қазақтар аз еді. Енді міне, ылғи қазақтар тұрсындар, қуанбайсындар ма?» деді жылы жымыиып. Сөйтсек, маңайымызда тұрғандардың барлығы да қазақтар екен. Нұрағаң сұңғыла кісі ғой, соны меңзепті. Жөн сөз. Мұндай сөзді естігеннен кейін қатты толқып кеткен Жәкең: «Енді қайтсын, ағамыз Астананы қазаққа толтырдым деп көңілі марқайып тұр ғой. Иә, Нұреке «қуана білгенге құт қонады» деген, қуанамыз!..» деді көзі жасаурап...

Монументтің салтанатты ашылуында сөз алған Нұрсұлтан Әбішұлы: «Биікке ұмсынған бұл ауқымды ескерткіш еліміздің ширек

ғасырдағы бұрын-соңды болмаған шарықтау кезеңін және әлемнің ең озық отыз елінің қатарына ұмтылысын айқындайды. Оның 25 қыры-Тәуелсіз Қазақстанның заманауи тарихының әрбір жылының символдық бейнесі»,- деді.

Ал мерекелік шаралардың аяқталар уақытында Президенттің: «Ал, енді әркім өз тірлігімізге барайық!» деген сөзімен бәріміз тарадық!

Бұл менің Нұрсұлтан Назарбаевты қол созым жерден алғаш көруім болатын. Тіпті, арақашықтық жарты метрге де жетпейді-ау... Жетпістен асып, сексенге таяған жасы болса да, жүзінен қарттықтың нышаны байқалмайтын, атан өгіздің тобығындай тастүйін тұлғасы бар сұлбалы адам екен, мені қанаттандырып, шабыттандырып жіберді. Сол мезеттегі көңіл-күйімнің әсерін әлі айтып тауыса алмай жүрмін.

Тағы бір қызық жайт: Тәуелсіздік монументінің ашылуын барлық телеарналардан берген ғой, оны үйдегілердің бәрі қарап отырған. Сонда менің 42 жыл ұстаздық еткен анам Президенттің алдында қасқиып тұрған Жәкең екеуімізді көріп қалып: «Әй, мыналарды қараңдар. Айдынды бастығы екеуін көрсетіп жатыр. Олар Президенттің алдында тұр ғой» деп қуаныштан басы айналып кете жаздапты. Ертесінде көршілерге шай беріп кеткен ғой...біздің жақта сондай бір жақсы әдет бар... жылт еткен қуанышты сәттің өзін жақсылыққа балап арқа-жарқа болып жататын...

Бұл күнгі қуанышқа бірінші Алла, екінші Жәкең себепкер болғанын ешқашан ұмытпаймын.

Бәлкім, ел қамқоры атанып, өз халқына еңбегін сіңіріп жүрген Жәкеңдей адамды, адамзатқа еңбегін сіңіріп жүр деп те түсіну керек шығар. Онсыз да оның абзал есімі елге таныс зиялылар сапында ғой!

- Қазақстандағы өзге ұлтыңызды білмеймін, өз қандастарымыз сонау ата-бабамыздың қанын бұзып алған. Қан бұзылу дегеннен ауыр нәрсе жоқ. Біздің қазақ ұлты генетикалық тұрғыдан келгенде өте ұлы жаратылыс иесі. Сол табиғат ананың зор жетістігіне ие бола тұра, соны дұрыс пайдалана алмай отырмыз. Дәл қазір қазақ өз мүмкіндігінің *(миының қызметінің- Ж.З. )* 10%-ын да игеріп отырған жоқ. Мен осы ретте қазақтың түбіне жетіп келе жатқан төрт қасірет бар екенін айтқым келеді, олар: рушылдық, күншілдік, жалқаулық, намыссыздық. Бұл қасіреттерден бүгін не ертең арыла қоюымыз екіталай, өйткені оның еттен өтіп, сүйекке жеткені қинайды деп,

Жәкең ұлт болашағына қатты күйзеліспен алаңдаушылық білдіріп жүр.

Иә, ең сорақысы да қазақ халқының санасында сіресіп тұрған сол рушылдық еліміздің болашағына тосқауыл болып тұрған рухани дерт те. Бұл құбылыстың қазақ қоғамына аса қауіптілігі ескеріліп, Конституциямызда рулық араздықтарды қоздыруға бағытталған әрекеттерге тыйым да салынған.

-Егер 8 миллион қазақтың тым болмағанда 8 мыңында ұлты үшін құрбан болған кешегі Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлының, бүгінгі Шерхан Мұртаза мен Мұхтар Шахановтың бойындағы намыстың тарыдай дәні болса жеткілікті болар еді. Соған жете алмай келеміз. Бір намысты қазақ ұлтының жоғын айтып алға ұмтылса, мың қазақ етегінен тартып, соның аузын жабуға тырысамыз, мұның аты- тексіздік қой. Біздің қазақта «уызына жарымаған...» деген жаман сөз бар. 1917 жылғы қазан төңкерісін жасағандардың бәрі де - уызына жарымағандар (*ғылыми тілде «Ватниктер» деп аталады*) болатын. «Қайыршыдан қасиетті адам шықпайды» дегендей, солардың қасіретін қазақ қоғамы әлі тартып жатырмыз дегенде ағамыз намыстан өртеніп кете жаздайды.

-Егер бір қазақ мұнда мүгедек болып отырғанда, менің шетелде, басқа бір жерде байып жүргенім неге керек? Ертеңгі күні әруақтарға, ата- бабамызға не деп айтасың? Аллаға не деп айтасың? Ешқашан байлыққа құл болғым келмейді, менің байлығым- осы халыққа жасаған еңбегім. Өмірлік ұстанымым - қолымнан келгенше өз туған халқыма жақсылық жасауым керек. Ұлтымның бір ұланына болса да, бақыт сыйлаған сәтімде кеудемді қуаныш кернейді дейді ағамыз.

Меніңше, зиялы деген адам Жәкең сияқты ұлттық намысты оятып, қазақ қоғамының қозғаушы күшіне айналуы қажет-ақ. Десек те, әрбір адам халыққа өзінің қабілет-қарымымен ғана қызмет ете алады ғой...

-Қазақ еліне алғаш келгенімде, енді қазақша сөйлеп жетісетін болдым ғой деп қуанып едім, алайда қайда барсам да алдымнан сумаңдап орыс тілі шыға берді. Оны да үйрендім. Бірақ, ана тілім-қазақ тілін ешқашан жетімсіреткен емеспін. Керісінше, емделемін деп келген орыстілділер амалсыздан менің қазақшамды түсінуге мәжбүр болады. Қажеттілік солай. «Жан керек» деп келген талайын қазақша сөйлетіп шығардым ғой. Тіпті, кейбіреулеріне «қазақ тілін ұмытқан нүктелеріңізге ине қоямын» деп қалжың аралас шындығымды айтып

та тастаймын. Сондықтан орысша сауаттанып, ағылшынша сөйлесем, мені әлем тыңдайды деген пасық, тамырсыз түсініктен арылу керек. Ол түк емес, бәрінен де ауыры қазақтың қазақша сөйлемейі, шетелден бапкер, әртіс шақыртуы дер едім, бұл енді намыссыздық пен рухсыздық мәселесі. Қойшысының өзі таяғының ұшымен адам емдеген қазақ, қазір қит етсе, шет елге жүгіреді. Туған жерінің суы мен топырағынан басқа қандай шипа керек адамға?

Негізінде, зиялылықтың асыл өзегі де осы- «рух», ал рухы биік адамның ар-ұжданы да жоғары дейді ағамыз. Иә, зиялы болам деген адам қай кезде де ұлтының жанашыры бола біліп, өзінің сөзімен де, ісімен де басқаларға үлгі-өнеге көрсетіп жүреді.

-Ол жақта шетелдік азаматтарды жауапты оталарға қатыстырмайды. Мүмкін, сіз үлкен бір мемлекеттік қызметтегі лауазымды адамға ота жасағалы жатқан шығарсыз. Сол себепті сізге «қастық жасауы ықтимал» деп сенбейді. Ондай жердің бәріне өз ұлтының өкілдерін жібереді. Бұл бір жағынан дұрыс та. Мұның астарында ел тәуелсіздігі мен тұрақтылығы деген мемлекеттік мүддеге негізделген ұлттық идея жатыр. Ал бізде лауазымды адамдарды емдеуге шетелден көкбай-соқпайларды алғызады, олардан еш қауіп қылмайды да. Бұл біздің қазақ қоғамындағы рухани кеселдің бірі, одан тез арада арылмасақ болмайды. Өздеріңізге мәлім, атақты Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев және т.б ұлттық тұлғаларымыздың операция үстелінен тұрмай қалғаны. Бұдан сабақ алып, оны ұмытпауға тиіспіз. Яғни, сіз бен біздің қорғаныс пердеміз болуы керек. Ол Президент дәйектеген ұлттық идеяда, дейді Жәкең.

Бірде Жәкеңе кірсем, үлкен ой үстінде отыр екен: «Айдын бауырым! Енді міне, ХХІ ғасырдың басында бүкіл қазақ еліне Президентіміз ұсынған ұлттық идеяға қызмет ету бақыты бұйырып отыр. Біздер ел басқарып жүрген, зауыт, фабрика, кәсіпорын басқарып жүрген азаматтардан бастап, Президентіміз қалыпқа салып жазып берген мына ұлттық идеяның (*Мәңгілік Ел идеясы, Нұрлы жол-болашаққа жол, 2020-2030-2050 бағдарламалары, 100 нақты қадам ұлт жоспары, Болашаққа бағдар- рухани жаңғыру*) тұжырымдарын дер кезінде өмірге енгізуіміз қажет. Өйткені, Президент ұсынған ұлттық идея – Тәуелсіздік идеясы. Ол мемлекетіміздің одан әрі нығаюын көздеп жасалған. Мұнда ұлттық міндет пен ұлт аманаты тұр. Сондақтан әрбір азамат Ұлттық Жаңғырудың лебін сезінуі қажет. Ол біздің бойымызға асыл

қасиеттер мен құндылықтарды сіңіруге жол ашады. Рухани Жаңғыру екіжүзділіктен арылып, ақты ақ, қараны қара, ұлыны ұлы, ұрыны ұры деп айтудан басталады. Ол қадам жасалмай, ешқандай Рухани Жаңғыру болуы мүмкін емес. Біздің ұлттық болмысымыздың тамырына нәр беретін әрі ел-жұртымызды ХХІ ғасырға даярлаудың жолын нұсқайтын бұл идея турасында Нұрсұлтан Назарбаев: «**Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек!**» дейді. Бұл дегеніміз- Ұлттық Рухани Жаңғырудың басты қағидасы, нақты формуласы емес пе! Ал оны орындау үшін, зиялыларымыз өздерінің жеке саяси көзқарастарына қарап бөлінбесе екен, өзара ұсақ- түйек кикілжіндерді қойып, сол ұлттық идеяның төңірегіне топтасса екен деймін. Көрші қытай ұлтының ұлы ойшылы Күнфудцының: «Ақ мысық болса да, қара мысық болса да бәрібір, тышқан ұстаса болды» деп айтқанындай, мейлі, ол оппозиция болсын, бейтарап адам болсын, мемлекет адамы болсын – барлығы да біртұтас Ұлттық идеяның жұмысына белсене араласып, оны әрі қарай жалғастыруға міндетті. Қазіргі біздің ойлаған мақсаттарымыз бен бағыттарымыз да бір жерден шығу керек. Осыған қоғам болып атсалысуға толық мүмкіндігіміз бар. Бұл ұлтымызды саяси-мәдени, экономикалық жағынан жан-жақты дамытатын болады.

Ал енді оның іске асыру тетігіне келетін болсақ, ХХІ ғасырдағы зиялылар өз миссиясын қалай орындау керек деген сұраққа жауап беруіміз керек?!

**Ең алдымен-** Президент ұсынған ұлттық идеологияға қызмет етіп, оны жүзеге асыратын нәтижелі іс-әрекет жасау қажет.

**Екіншіден-** еркін ойлы зиялы қауым – ұрпақ алдындағы парызын терең сезінуі және соны өтеуі керек.

**Үшіншіден-** әркім өзінің орнында отырып, атқарып жатқан іс-әрекеттерімен ұлтына көмектесе, зиялылық- деген міне, осы болар еді» деп маған қарады.

Жәкеңнің бұл көзқарасынан «осынау жауапкершіліктің зілдей салмағы біздің ұрпақтың пешенесіне жазылыпты» деген ойды оқығандай болдым.

Міне, бұл елін сүйген алтын ине ұстаған алтын жігіттің,

қазақтың Жасан атты зиялысының жүрек жарды сөзі, ағайын! Бұдан асырып енді қалай деп айтуға болады?

Ең бастысы, Алаш арысы Әлихан Бөкейханның: «Кейінгілер ғибрат аларлық үлгі тастап кетіп алғыс алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп қарғыс-лағынет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс» деп айтқан ескертпе сөзін жадымызға сақтасақ болды да!

Биыл Жәкеңнің мерейтойы. «Елу деген ердің жасы еңселі, елу деген парасаттың өлшемі» дегендей, ағымдағы жылдың маусым айында академик Жасан Зекейұлы елу жасқа толады. Әрине, әркім өзінің жарық дүние есігін ашқан мезгілі мен айын жақсы көреді және оның туған күні- мың күндік мерекеге татиды. Бірақ, өмір ұзақтығымен емес, мазмұнымен өлшенеді. «Туған ай тураған етпен тең» деген, туған күніңіз құтты, денсаулығыңыз мықты болсын, қадірлі Жәке!

Әйтсе де менің жазып жүргенім елу жасқа толған азаматтың ел үшін жасаған еңбегінің үштен бірінің бір қыры ғана.

Бұл ретте француз ұлтының ұлы перзенті Виктор Гюгоның: «Ұлы адамдар өз ескерткіштерінің тұғырын өзі орнатады, ал мүсінін болашақ соғады» деп айтқанындай, бүкіл саналы ғұмырын халқының мүддесін қорғауға арнап, «ажалға арашашы, жаралыға жебеуші» болып келе жатқан Жасан Зекейұлы жайлы жарыққа шығарғалы жүрген еңбектеріме Алла тағала қайыр- берекесін бере көрсін!

Ал, Сіз ып- ыстық шай ішіп, жаураған көңіл мен мұздаған жаныңызды «Жас- Айға» келіп емдеп қайтыңыз!

*«Ақжолтай» газеті №10 (35) мамыр 2017 ж.*

## ZÏYALILIQ

*Oy`lay`tn eldiñ qamun erdi jiber,  
Jerinen swırıp alıp körde jatqan  
Mäşhür Jüsip*

Mine, ömirdiñ enşisin alar tağı bir kün, tağı bir jumıs aptası bastaldı. 21-şi «Qızıl Orda- Semey» jürdek poezimen Almatığa qaray` jüy`tkip kelemiz. Jol uzaq. Bay`qay`mın, qasımında otrğan ekewi menimen äñgimege üy`irsektey`di, key`de özara şüy`irkelese ketedi. Däl sol küni qısır äñgimege zawqım soqpay`, qolıma kündeligimdi aldım. Bul kündelik meniñ alıs joldağı -jantorsıgım, sodan onı-munı oqıp swsınday`mın, läzzät-raxat alamın, soğan ananı-mınanı jazamın.

Bul jazw degen qudiretke üy`renw, oğan ıqlas tanıtw- meniñ sonaw stwdenttik kezimnen bastalğan jaqsı ädetimtuğın. Äri munday` jolsaparda öz janiña öziñ üñilwge de mümkindiğiniñ boladı eken.

Jalrı, bizder: «Ömirde baqıttı bolw üşin, mamandıq tañdaw men jar tañdawda qatelespew kerek!» dep jii ay`tamız. Endi bul tämsilge qosımşa: därerlikte diagnoz qoyudan, jazwşılıqta taqırıp tañdawda qatelespew kerek der edim. Öy`tkeni, ekewinde de- adam tağdırı jatır. Mäselen, däreriger adamnıñ diagnozın durıs qoy`ıp, onı ineniñ uşimen emdep jazsa, jazwşı öz taqırıbın durıs tawıp, xalıqtıñ közin, sanasın qalamnıñ uşimen aşadı.

Men öz şığarmaşılığında taqırıp atawlını -«urandı taqırıp» jäne «qurandı taqırıp» dep ekige bölip qarastıramın. Urandı taqırıpqa: nawqanşıl, ügitsil, nasıxatşıl, ay`ğay`şıl, sırtı jıltır dünüeler kirse, qurandı taqırıpqa: el tarixındağı ult tulğalarınıñ rwxanı bey`nesi- «zıyalılıq, adamgersilik, qay`ırımdılıq, danalıq» jay`ındağı twındılar jatadı. Sondıqtan da, urandı taqırıpqa qarağanda, qurandı taqırıpıñ **ayası barınşa keñ, mänmağınası da ay`rıqşa boladı.**

«Jazwşı qalamıña ie bol, diqan ketpeniñe ie bol, şopan tayağıña ie bol» (*Ibiray` Jaqay`ultı*) degendey`, äzirşe, köpten beri kökey`imde jürgen äri sanamda pisip-jetilgen "zıyalılıq" twralı söz qozğamaqpin.

Basqalardıñ buğan qalay` dey`tinin bilmey`min, äy`tewir men özimdi zıyalılıq xaqında oy` qorıtıwğa intalı qawımnıñ bir ökili sanay`mın. Sodan bizge dey`in ay`tılğan ağa bwınnıñ (*T.Jurtbay`, S.Elwbay`, D.Köşim, Ä.Sığay`, D.Kişibekov, S.Özbekulı, Q.Atabaev, Q.Särsenbay` jäne t.b.*)



pikirlerin jan-jaqtı ekşep jäne olardıñ bäre-bärimen birlikte «zıyalılıq» jay`ında salıqalı tujırım qalıptastırwdı maqsat tuttim.

Bügingi sanalı häm sergek oy`lı qazaq «zıyalılıq» dese tebirenip qaladı. Ol tüsinikti de. Biraq, zıyalılıq degenimiz ne? Onıñ alǵı şarttari men özine tän ülgileri qanday` degende, bäre kümilji bastay`dı?!

Énciklopediyalardıñ barlıǵında derlik zıyalılıq (*aǵılışınşa intellectualism, francwzşa intellectualisme, nemisşe intellectualismus*) – degenimiz adamnıñ joǵarı mädeniättiliginiñ, aqıl-parasatı men adamgerşilik qasıetteriniñ jıntıǵın bildiretin uǵım dep ay`tıladı.

Al bizdiñ qazaqı tüsinikte, zıyalılıq- degenimiz tabıǵatpen astasıp, tılsımnen keletin rwxanı bay`lıq äri asıl qasıet. Ol ulılıq pen ulaǵattıñ, tärбие men tektiliktiñ, zerdelik pen aǵartwşılıqtıñ altın tuǵırlı ustını da. Zıyalılıq- sezimdik qabıldawmen anıqtama bere salwǵa könbey`tin serke söz. Ol jalpıultıq sıpatqa ie tarixi tanımnıñ nısanı da. Zıyalılıq- adamdı süy`e bilw, öz ömirin köpşilik müddesimen uşstastırw arqılı elmen birge tınıstaw, äri xalıqtıñ bolaşaqın oy`lap, özi jürgen jerinde parasattılıqtıñ, tazalıqtıñ, adamgerşiliktiñ ülgisin körsetw. Zıyalılıq- tulǵanıñ adamı kelbeti men sayası portreti de...

Bizde zıyalılıqtıñ şıñı – Xakim Abay`! Ol öziniñ äy`gili «Qarasözi» arqılı qazaqtı XX ǵasıǵa dayarlaǵan ulı oy`şıl äri aǵartwşı.

Abay` atamızǵa qatıstı Prezident N.Ä. Nazarbaevtıñ: «Qazaq xalqınıñ kïesi, arı men namısı, aqlı men jüregi ulı Abay`dıñ arwaǵına basımdı idim» dewi rwx kemeñgerine degen asqan süy`ispenşiliktiñ şınay`ı da, jarqın belgisi emes pe!

Oı zıyalılıqtıñ sïnonïmi- parasattılıq. Al parasattılıq- degen bilimdilikten de, biliktilikten de joǵarı. Onıñ işine mädeniät te, aqıldılıq ta, adamgerşilik te, imandılıq ta kiretikten, parasattı adamdar aralasıqan qoǵam- ädilette, imandı qoǵam dep ataladı.

Sonda «zıyalılıq» atawınıñ bastawında turǵan «zıyalı» degen ne söz?

Ökinişke qaray`, bul söz- asa tez äri jeñil ay`tıla salatın qazirgi zamanawı sözdıñ biri bolıp aldı. Şıntway`tında, bizdegi qoǵamdıq sananıñ qalıptaswınan xabar beretin äri rwxanı damwımızǵa ıqpal etetin «zıyalı» sözi- latın jäne orıs tili qoldanısındaǵı «**intelligent**» (*latınşa- intelligent*) termininen tärjimalanıp alınǵan awdarma söz. Bul termindi 1860 jılı orıs jazwşısı P.D.Bobrikin Resey`de alǵaş ret qoldanısqı engizdi jäne özin onıñ atası sanadı. «**Intelligent**» söziniñ tübiri- «**intellekt**» (*latınşa- intellekt*) – «aqıl» degen maǵına beredi. Al, aqıl- Allanıñ sıy`lıǵı!

Sonimen qatar, «zıyalı» uǵımınıñ tübiri arab tilindegi «zıya» sözinen

kelip şıqqan, yaǵnı, «ziya» sözi – nur, jariq, aǵarw maǵınaların bildiredi degen anıqtama da bar. Al «Qazaq tiliniñ tüsindirme sözdiginde» (*Almatı, 2008, 346 b.*) «ziyalı» terminine «izetti, ädepti» nemese «oqıǵan, sawattı azamat» dep te anıqtama berilgen.

Sol «ziyalı» söziniñ tüp törkinine ay`nalǵan intelligent degen kim, intelligenciya degen ne?

«**Intelligent**» – degen oy` eñbegimen şuǵıldanatın, älewmet müddesine qızmet etetin, émociyaǵa, sezimge berilip ketpey`tin kásibi maman. Bizşe, zıyalı adam! Alay`da, sol zıyalınıñ özi- «**intellektwaldı, mädeni, sayası, élıtalıq**» bolıp birneşe türge bölinetin körinedi.

Al «**intelligenciya**»- degen adamǵa tñn rxanı, zerdeli qabilet. Bul sözben xalıqtıñ rxanı bastawşılardı atay`dı. Ol qazaq tilinde «**ziyalı qawım ökilderi**» nemese «**ziyalılar**» degen maǵınanı bildiredi dey`di.

Negizinde, sol zıyalınıñ qolında şenewniktiñ tetigi, biligi bolmaǵanımen, awzında dwalı sözi bar. Ol sözi arqılı qoǵamdıq pikir qalıptastıra aladı. Al qaharlı söz- öte qwattı, jasampazdıq pen jigerge tolı, ol qarwdan da küşti!

Endi **qazaq ult zıyalılarınıñ qalıptaswı** kezeñiniñ «**intelligent**» söziniñ şıǵw kezeñinen de äride jatqanına közimizdi jetkizip körey`ik.

Burınıraqta qazaq xalqı ultqa qızmet etken tulǵalardı «**er**», «**azamat**», «**sabaz**», «**batır**», «**bek**», «**bı**», «**xan**», «**qay`ǵı**», «**jıraw**», «**ıgi-jaqsı**», «**qut**», «**süley`**», «**märt**» jáne t.b. atawlarman ataǵan bolsa, qazirgi küni xalıqtıñ joǵın joqtap, barın uqsatıp kádege asıra bilgen kemel oy`dıñ iesin – «**ziyalı**» dep atay`dı. Yaǵnı, öz qara basınan görü, xalıqtıñ jaǵday`ın kim artıǵıraq oy`lasa jáne külli ömirin soǵan arnasa äri soǵan say` is-äreket jasasa, sonı ǵana «**ziyalı adam**» dew kerek qorıtındı jasay`mız.

Demek, bizdegi zıyalılıq uǵımı – tım erteden bastaw alıp kele jatqan ulı uǵım degen söz. Ol zamandardaǵı zıyalılardıñ bolmıc-bitimi, minez-qulqı xalıqtıq ar-ujdan turǵısanınan dáy`ekteletin bolǵan. Sodan key`in ǵana joǵarıda ay`ılǵan mártebeli ataqtı ielengen. Budan zıyalılıq uǵımınıñ älgi aǵılışın, francwz, nemis, latin, orıs, arab sözderiniñ basın qosqan kezdegi maǵnasınan äldeqay`da awqımdı ekeni añǵarıladı.

